



**Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті**

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

6B01508 – «Математика-Физика мұғалімін даярлау»
білім беру бағдарламасы студенттері үшін
BZT 2214 «Бағалаудың заманауи технологиялары» пәнінен

ДӘРІСТЕР ЖИНАҒЫ

Шымкент, 2025

1-Лекция. Кіріспе. Білім беру сапасы және тиімділікті бағалау

Жоспар:

1. Кіріспе.
2. Білім сапасы туралы түсінік.
3. Білім беру сапасының көрсеткіштері
4. Білім сапасын бақылауды ұйымдастырудың әдіснамасы.

1. Кіріспе

«Бағалаудың заманауи технологиялары» пәнінің мақсаты: Болашақ мұғалімдерді білім беру процесіндегі бағалаудың орны мен қызметі және бағалаудың заманауи технологиялары жайлы теориялық түсінік беру, математикадан оқыту нәтижелерін бағалауда заманауи бағалау құралдарын пайдаланудың практикалық дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:**

- білім алушыларға бағалаудың ұстанымдары, білім беру процесіндегі орны мен қызметі, түрлері, кезеңдері және заманауи құралдары жайлы мағлұмат беру;
- білім алушылардың математикадан оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастырудың дәстүрлі стратегиясынан критериалды бағалау жүйесіне өтудің қажеттілігін негіздеу және бағалау процедурасын ұйымдастыруға қойылатын нақты талаптарды жүйелеу
- білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, бақылау-бағалау құралдарын қолдану біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Білім беру сапсын бағалау оқыту процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Дәстүрлі бағалау әдістері оқушылардың білімін тексеруде маңызды рөл атқарғанымен, олар әрдайым тиімді әрі объективті бола бермейтіні анық. Сол себепті, жаңа технологиялардың дамуы және оларды қолдану бағалау әдістерін жетілдіруге мүмкіндік берді. Заманауи бағалау технологиялары білім алушылардың білімін дәлірек анықтап қана қоймай, оларды дамытуға да ықпал етеді.

Бүгінгі таңда бағалаудың бірнеше **заманауи әдістері** кеңінен қолданылады. Олардың бірі – **онлайн бағалау жүйелері**. Мұндай платформалар (Kahoot, Quizizz, Google Forms және LMS жүйелері) тестілеу мен кері байланысты автоматтандыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс уақытты үнемдеп, бағалау процесін ашық әрі әділ етеді.

Сонымен қатар, **формативті бағалау** әдісі білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, кері байланыс және рефлексия секілді тәсілдер оқушылардың жауапкершілігін арттырып, олардың сыни ойлау дағдыларын дамытады.

Жасанды интеллект пен Big Data технологиялары да бағалаудың жаңа деңгейін көрсетеді. Ақылды алгоритмдер оқушылардың тест нәтижелерін талдап, олардың әлсіз және күшті жақтарын анықтауға көмектеседі. Бұл әдіс әрбір білім алушыға жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді.

Геймификация мен квиздер – бағалаудың тағы бір заманауи құралы. Ойын элементтері енгізілген тапсырмалар оқушылардың мотивациясын арттырып, оқу процесін қызықты етеді. Ал симуляциялар нақты өмірлік жағдайларды модельдеу арқылы білімді тәжірибеде қолдануға үйретеді.

Бағалаудың заманауи технологиялары білім беру сапасын жақсартуға, білім алушылардың қызығушылығын арттыруға және олардың жеке қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Автоматтандырылған жүйелер, жасанды интеллект, геймификация сияқты инновациялар бағалау процесін тиімдірек әрі әділ етуге көмектеседі. Сондықтан, білім беру сапасын бағалауда жаңа технологияларды енгізу – уақыт талабы.

2. Білім сапасы туралы түсінік. Білім – қоғам дамуының басты қозғаушы күші. Ол тек ақпарат беру ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның қалыптасуы мен қоғамның

өркендеуіне ықпал ететін маңызды фактор. Білім сапасы – осы үдерістің нәтижелілігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Ол оқушылардың алған білімі мен дағдыларының заманауи талаптарға сай болуын қамтамасыз етеді. Білім беру сапасын бағалау белгілі бір объектілерді талдауға және олардың көрсеткіштерін өлшеуге негізделеді. Бұл объектілер білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде қарастырылады және оқу процесінің тиімділігін анықтауға көмектеседі.

Білім беру сапасын бағалау объектілері:

1. **Білім алушылардың білім деңгейі** (Академиялық білім деңгейі (пәндік білім, дағдылар; Құзыреттілік деңгейі (критериалды бағалау, тестілеу); Шығармашылық және зерттеушілік қабілеттер; Өзін-өзі дамыту және рефлексия жасау дағдылары). Бұл білім алушылардың оқу жетістіктерін анықтауға бағытталған.

2. **Педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігі** (оқыту әдістері мен технологияларын меңгеруі; педагогикалық шеберлік деңгейі; ғылыми-әдістемелік жұмысқа қатысуы; кері байланыс беру және бағалау жүйесін қолдану; дағдылары). Бұл білім беру сапасын арттыру үшін маңызды.

3. **Білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары** (білім беру мазмұнының өзектілігі мен жаңашылдығы; білім беру стандарттарына сәйкестігі; практикаға бағытталуы және еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі).

4. **Оқу үдерісінің ұйымдастырылуы** (оқыту әдістері мен стратегиялары; оқу материалдарының қолжетімділігі; оқытудың интерактивтілігі мен инновациялық әдістерді қолдану; кері байланыс беру жүйесі). Білім беру процесінің тиімді ұйымдастырылуы оқушылардың білім сапасына тікелей әсер етеді.

5. **Материалдық-техникалық база және білім беру ортасы** (заманауи зертханалар мен жабдықтардың болуы; сандық технологиялар мен онлайн ресурстардың қолжетімділігі; оқу ғимараттарының жағдайы). Білім беру сапасы үшін инфрақұрылымның жеткіліктілігі маңызды рөл атқарады.

6. **Білім беру мекемесінің басқару жүйесі** (басқару стратегиялары мен жоспарлау жүйесі; академиялық еркіндік және автономия деңгейі; ішкі және сыртқы аудит жүргізу; педагогикалық ұжым мен студенттердің қанағаттанушылық деңгейі). Мектептер мен университеттердің басқару сапасы да білім беру нәтижелеріне әсер етеді.

7. **Білім алушылардың әлеуметтік және тұлғалық дамуы** (коммуникативтік дағдылар; әлеуметтік жауапкершілік; кәсіби бағдар және еңбек нарығына бейімделу; психологиялық жайлылық пен мотивация деңгейі). Тұлғалық даму – сапалы білім берудің маңызды аспектілерінің бірі.

Білім беру сапасын бағалау объектілері кешенді түрде қарастырылуы тиіс. Бұл білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде сапаны жақсартуға мүмкіндік береді және оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Білім сапасын бағалау процедуралары: статистикалық, әлеуметтік (білім алушыларға, жұмыс берушілерге, қызметкерлерге сауалнама жүргізу, оқытушылармен сұхбаттасу және т.б.); педагогикалық (сабақтарға қатысу, педагогикалық құжаттарды, білім алушылардың жазбаша және шығармашылық жұмыстарын тексеру және т.б.) әдістер арқылы қамтамасыз етіледі.

3. Білім сапасының негізгі көрсеткіштері

Білім сапасын анықтау үшін бірнеше маңызды критерийлер қарастырылады:

1. Білім мазмұнының өзектілігі – оқыту бағдарламасының қоғамның қажеттіліктеріне және заманауи талаптарға сай болуы.

2. Оқыту әдістерінің тиімділігі – мұғалімдердің инновациялық тәсілдерді қолдануы және студенттердің белсенді қатысуы.

3. Бағалау жүйесінің әділдігі – білім алушылардың жетістіктерін объективті өлшеу және бағалау.

4. Практикалық дағдылардың қалыптасуы – теориялық білімнің өмірде қолданылу мүмкіндігі.

5. Білім беру ортасының қолайлығы – инфрақұрылымның сапасы, оқу құралдарының жеткіліктілігі және инклюзивті білім берудің дамуы.

4. Білім сапасын бақылауды ұйымдастырудың әдіснамасы. Білім сапасын бақылау – білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол – оқу процесінің тиімділігін бағалау және білім алушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында қолданылатын әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Бұл жүйе оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыруға және білім сапасын жетілдіруге ықпал етеді және ол ғылыми негізделген әдістер мен тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Оқыту сапасын бақылаудың **басты мақсаты** – білім беру үдерісінің сапасын бағалау, білім алушылардың жетістігін анықтау, оқу бағдарламаларының тиімділігін сараптау және білім беру сапасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Оның негізгі міндеттері:

- Оқушылардың білім деңгейін жүйелі түрде өлшеу;
- Білім беру стандарттарына сәйкестікті анықтау;
- Мұғалімдер мен білім беру мекемелерінің жұмысын бағалау;
- Білім беру процесін жетілдіру жолдарын ұсыну.

Оқыту сапасын бақылаудың негізгі **әдіснамалық ұстанымдары**:

- ✓ **Объективтілік** – бағалау нәтижелері шынайы және әділ болуы керек;
- ✓ **Жүйелілік** – бақылау мен бағалау тұрақты түрде жүргізілуі қажет;
- ✓ **Кешенділік** – білім беру процесінің барлық аспектілері қамтылуы тиіс;
- ✓ **Бейімділік** (гибкость) – бағалау жүйесі өзгерістерге бейімделе алуы қажет;
- ✓ **Диагностикалық сипат** – бағалау тек нәтижені ғана емес, білім алушының даму

үрдісін де ескеруі тиіс.

Оқыту сапасын бақылау әртүрлі әдістер мен құралдар арқылы жүзеге асырылады.

Олардың негізгілері:

- ✓ **Тестілеу** – білім деңгейін объективті бағалаудың тиімді тәсілі;
- ✓ **Сауалнама** – оқытудың тиімділігін анықтау үшін қолданылады;
- ✓ **Қорытынды емтихандар** – білім нәтижесін кешенді бағалау;
- ✓ **Портфолио әдісі** – білім алушының жеке жетістіктерін көрсету;
- ✓ **Формативті бағалау** – оқыту барысында білім алушының даму деңгейін

бақылау;

- ✓ **Суммативті бағалау** – белгілі бір кезең соңында алынған білім сапасын бағалау.

Білім сапасын бақылауды ұйымдастыру – кешенді және жүйелі процесс. Ол білім беру стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушылар мен оқытушылардың жетістіктерін арттыруға ықпал етеді. Бақылаудың әдіснамасын дұрыс ұйымдастыру арқылы білім беру сапасын жақсартуға және білім сапасын бағалаудың объективтілігі мен тиімділігін арттыруға болады.

Білім сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қажет. Алдымен, оқу бағдарламалары заман талабына сай жаңартылып, білім алушыларды сыни ойлауға және шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету керек. Сонымен қатар, мұғалімдердің біліктілігін арттыру маңызды, себебі білім беру сапасы көбіне педагогтардың кәсіби деңгейіне байланысты.

Ақпараттық технологиялардың дамуы білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді. Онлайн курстар, қашықтан оқыту платформалары, интерактивті оқыту құралдары оқушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сондай-ақ, бағалау жүйесін жетілдіру арқылы білім алушылардың нақты жетістіктерін әділ өлшеуге болады.

Демек, білім сапасын арттыруды бақылау үшін келесі шараларды енгізу қажет:

- Цифрлық технологияларды пайдалану – онлайн тестілеу, электронды журналдар, LMS платформалары арқылы оқыту сапасын бақылауды автоматтандыру.

- Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру – мұғалімдерге арналған тренингтер мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру.

- Құзыреттілікке негізделген бағалау – оқушылардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларын бағалау.

- Білім сапасын сыртқы бағалау жүйесін дамыту – тәуелсіз сарапшылар мен халықаралық стандарттарға сәйкес бақылау жүргізу.

Сонымен, білім сапасы – кез келген елдің болашағының кепілі. Ол жеке тұлғаның интеллектуалды және мәдени дамуын ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік прогресін де анықтайды. Сондықтан, сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру – әрбір қоғамның басты мақсаты болуы тиіс. Осы ретте, мектепшілік бақылауды ұйымдастырудың маңызы зор.

Мектепшілік бақылау – білім беру ұйымының оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруын қамтамасыз ететін басқару жүйесінің маңызды бөлігі. Бұл бақылау мектептің жұмыс сапасын бағалау, оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жетілдіру және оқу нәтижелерін жақсарту мақсатында жүргізіледі. Мектепшілік бақылаудың негізгі компоненттерін қарастырайық.

1. Оқу-тәрбие процесін бақылау. Бұл мектепшілік бақылаудың басты бағыты, өйткені ол оқушылардың білім сапасын және мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін бағалауға көмектеседі. Бақылау элементтері:

- Оқу бағдарламаларының орындалуын қадағалау,
- Сабақтардың сапасын талдау,
- Мұғалімдердің сабақ беру әдістерін бақылау,
- Оқушылардың білім, білік, дағдыларын бағалау.

2. Мұғалімдердің кәсіби қызметін бақылау. Мұғалімдердің жұмыс сапасы мектептің білім беру нәтижелеріне тікелей әсер етеді. Бақылау элементтері:

- Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру деңгейін бағалау,
- Сабақтарға қатысу және талдау жасау,
- Педагогикалық құжаттамаларды тексеру (күнделіктер, журналдар, жоспарлар),
- Мұғалімдердің әдістемелік жұмыстары мен инновациялық әдістерді қолдануы.

3. Оқушылардың үлгерімі мен тәртібін бақылау. Оқушылардың оқу жетістіктері мен тәртібі мектептің сапалы білім беру қызметін көрсетуінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Бақылау элементтері:

- Оқушылардың үлгерімін жүйелі түрде бағалау,
- Бақылау және емтихан жұмыстарын талдау,
- Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру,
- Тәрбиелік іс-шаралардың тиімділігін бағалау.

4. Құжаттамалық бақылау. Мектептің ішкі құжаттарының дұрыс жүргізілуі білім беру сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Бақылау элементтері:

- Оқу жоспарлары мен бағдарламалардың орындалуын тексеру,
- Мұғалімдердің журналдары мен оқушы күнделіктерін бақылау,
- Білім сапасына қатысты есептер мен талдамалық мәліметтерді қарастыру.

5. Материалдық-техникалық базаны бақылау. Оқу процесінің сапалы жүруі үшін мектептің материалдық-техникалық жағдайы маңызды. Бақылау элементтері:

- Кабинеттердің, зертханалардың, кітапхананың жабдықталуын тексеру,
- Компьютерлік техника мен оқу құралдарының жағдайын бағалау,
- Санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын қадағалау.

6. Тәрбие жұмысының сапасын бақылау. Мектеп оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етуі тиіс. Бақылау элементтері:

- Сыныптан тыс және тәрбие іс-шараларын бақылау,

- Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты талдау,
- Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысын бағалау.

7. Ішкі бақылау және өзін-өзі бағалау жүйесі. Мектепшілік басқарудың тиімділігі үшін өзін-өзі бағалау және өзін-өзі реттеу механизмдерін дамыту қажет. Бақылау элементтері:

- Мұғалімдердің өз қызметіне талдау жасауы,
- Оқушылардың кері байланысын алу (сауалнамалар, пікіртерімдер),
- Білім сапасы бойынша мониторинг жүргізу.

Жоғарыда көрсетілген бақылау түрлерінен мектепшілік бақылаудың білім сапасын арттыруға бағытталған кешенді процесс екені көрінеді. Оның негізгі құраушылары оқу-тәрбие жұмысының барлық аспектілерін қамтып, білім беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Дұрыс ұйымдастырылған бақылау мектептің дамуына және оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасайды.

2-Лекция. Білім беру сапасын мониторинг жасау. Бақылаудың түрлері, әдістері мен формалары

Жоспар:

5. Білім беру сапасын мониторинг жасау және диагностика.
6. Бақылау түрлері (кіріс, ағымдық және қорытынды)
7. Бақылау әдістері.
8. Бақылауды ұйымдастыру формалары.

1. Білім беру сапасын мониторинг жасау - бұл білім беру жүйесінің жағдайын, даму үрдістерін және оның тиімділігін жүйелі түрде қадағалау, бағалау және болжау процесі. Бұл мониторинг білім беру сапасын жақсартуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді. **Білім беру сапасы мониторингінің мақсаты:** білім беру жүйесінің сапасын объективті түрде бағалау, оқу процесінің тиімділігін талдау және білім беру сапасын арттыруға бағытталған шешімдер қабылдау. **Міндеттері:**

- Оқу үдерісін бақылау және бағалау,
- Білім алушылардың жетістіктерін жүйелі түрде өлшеу,
- Педагогикалық қызмет сапасын бағалау,
- Білім беру ресурстары мен инфрақұрылымын талдау,
- Білім сапасының динамикасын анықтау.

Білім беру сапасына мониторинг жасау – оқу үдерісінің тиімділігін бақылаудың маңызды механизмі. Ол білім беру жүйесінің әлсіз және күшті тұстарын анықтауға, оқыту сапасын арттыруға және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Жүйелі мониторинг білім сапасын арттыру бойынша стратегиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Мониторингтің негізгі белгілері: үздіксіз жүргізіледі; оқу процесінің даму үрдісін бақылайды; нәтижелерді жүйелі түрде жинақтайды және талдайды; жаңа шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Диагностика – білім беру процесіндегі нақты проблемаларды анықтау және оларды шешу жолдарын қарастыру үшін жүргізілетін зерттеу.

Диагностиканың негізгі белгілері: белгілі бір кезеңде немесе нақты жағдайларда өткізіледі; проблеманы анықтауға және түзетуге бағытталған; жеке оқушылардың немесе сыныптың білім деңгейін терең талдайды; оқу процесін жетілдіру үшін ұсыныстар береді.

Диагностиканың түрлері:

1. **Педагогикалық диагностика** – мұғалімнің әдістемелік шеберлігін бағалау
2. **Оқушылардың білімін диагностикалау** – олардың жеке жетістіктерін анықтау
3. **Психологиялық диагностика** – оқушылардың психологиялық жағдайын бағалау
4. **Мотивациялық диагностика** – оқушылардың оқу процесіне деген ынтасын

анықтау

Диагностиканың әдістері: диагностикалық тесттер; оқушылармен әңгімелесу; психологиялық тесттер; сауалнамалар; жеке оқушылардың портфолиосын талдау.

Білім беру сапасын мониторинг жасаудың негізгі көрсеткіштері:

1) Оқу жетістіктерін бағалау: оқушылардың үлгерім деңгейі; ұлттық және халықаралық бағалау нәтижелері (PISA, TIMSS, PIRLS және т.б.); тестілеу және емтихан нәтижелері.

2) Педагогикалық қызмет сапасы: мұғалімдердің біліктілік деңгейі; сабақ өткізу әдістерінің тиімділігі; педагогтардың кәсіби дамуы.

3) Білім беру процесін ұйымдастыру: оқу бағдарламаларының орындалуы; білім беру мекемесінің жұмыс сапасы; білім беру технологияларын қолдану деңгейі.

4) Білім алушылардың даму деңгейі: құзыреттілік пен дағдылардың қалыптасуы; оқушылардың шығармашылық және зерттеу қабілеттері; әлеуметтік бейімделу деңгейі.

5) Материалдық-техникалық база: мектептердің жабдықталуы: электрондық оқыту құралдарының болуы; санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы.

Білім беру сапасын мониторинг жасаудың әдістері:

1) Сандық әдістер (Статистикалық мәліметтерді талдау, Электрондық тестілеу және бағалау, Рейтингік бағалау жүйелері)

2) Сапалық әдістер (Сауалнамалар мен интервьюлер, Педагогикалық бақылау және сараптама, Сабақтарға қатысу және талдау жасау)

3) Диагностикалық әдістер (Білім алушылардың жеке жетістіктерін бағалау, Құзыреттілік деңгейін анықтау, Оқушылардың когнитивтік даму көрсеткіштерін талдау)

Білім беру сапасына мониторинг жасаудың кезеңдері:

1. **Дайындық кезеңі.** Бұл кезеңде Мониторинг мақсаттары анықталады, бағалау көрсеткіштері белгіленіп, зерттеу әдістері таңдадады.

2. **Деректер жинау кезеңі.** Бұл кезеңде тестілеу және сауалнама өткізіледі, мұғалімдердің қызметі бағаланады және оқу материалдары мен инфрақұрылымға талдау жасалады.

3. **Анализ және интерпретация.** Бұл кезеңде жиналған мәліметтер талданады, нәтижелерді салыстырылып, бағаланады және проблемалық аймақтар анықталады.

4. **Қорытынды шығару және ұсыныстар беру.** Бұл кезеңде білім беру сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленеді, басқарушылық шешімдер қабылданады, мониторинг нәтижелері жарияланады.

Мониторинг пен диагностиканың айырмашылығы

Салыстыру критерийі	Мониторинг	Диагностика
Мақсаты	Оқу процесінің жалпы дамуын қадағалау	Нақты проблемаларды анықтау және түзету
Жиілігі	Үздіксіз жүргізіледі	Белгілі бір уақытта өткізілед
Көлемі	Барлық оқушыларды немесе мектепті қамтиды	Белгілі бір оқушылар тобына немесе жеке оқушыға бағытталған
Нәтижесі	Жалпы статистикалық талдау жасалады	Жеке оқушылар бойынша нақты қорытынды беріледі
Қолдану саласы	Ұзақ мерзімді жоспарлау, білім сапасын бақылау	Жеке оқушының біліміндегі олқылықтарды түзету

Мониторинг пен диагностика – бір-бірін толықтыратын құралдар. **Мониторинг** білім беру жүйесіндегі өзгерістерді бақылап отырса, **диагностика** сол өзгерістердің

себептерін анықтауға көмектеседі. Осы әдістерді тиімді қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды дер кезінде түзетуге және оқу процесін жетілдіруге болады.

2. Бақылау түрлері (кіріс, ағымдық және қорытынды бақылау)

Білім беру жүйесінде **бақылау** – оқушылардың білімін, біліктілігін және дағдыларын тексеру үшін қолданылатын маңызды құрал. Ол оқу процесінің тиімділігін бағалауға, білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың даму деңгейін бақылауға көмектеседі. Кіріс, ағымдық және қорытынды бақылау – оқу процесінің негізгі кезеңдеріндегі білім деңгейін бағалаудың маңызды құралдары. **Кіріс (бастапқы) бақылау** – оқушылардың бастапқы білім деңгейін, олардың дайындық деңгейін және қажетті алғышарттық білімдерін анықтауға бағытталған бақылау түрі. **Ағымдық (аралық) бақылау** – оқу процесінің барысында білім алушылардың жетістіктерін жүйелі түрде тексеру және олардың оқу материалын меңгеруін бағалау үшін қолданылады. **Қорытынды бақылау** – белгілі бір оқу кезеңінің соңында оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау үшін жүргізілетін бақылау түрі.

Бақылау түрлері	Мақсаты	Қолданылатын әдістер	Мысалы
Кіріс бақылауы	<ul style="list-style-type: none"> Оқушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау Алдыңғы оқу материалын меңгеру деңгейін бағалау Жаңа тақырыпты түсіну үшін қажетті базалық білімнің бар-жоғын тексеру Оқытудың жеке немесе топтық стратегияларын әзірлеу 	<ul style="list-style-type: none"> Диагностикалық тесттер Әңгімелесу немесе сауалнама Алдын ала бақылау жұмыстары Оқушылардың алдыңғы оқу жетістіктерін талдау 	<ul style="list-style-type: none"> Жаңа оқу жылының басында өткізілетін тестілеу Бірінші сабақта өткен материал бойынша сұрақ-жауап сессиясы Қабылдау емтихандары немесе сұхбаттасу
Ағымдық бақылау	<ul style="list-style-type: none"> Оқу процесінің үнемі қадағалануын қамтамасыз ету Оқушылардың материалды қаншалықты меңгергенін анықтау Қателіктерді дер кезінде түзету Мұғалімдерге оқыту әдістерін түзетуге мүмкіндік беру 	<ul style="list-style-type: none"> Ауызша сұрау Тапсырмалар мен жаттығулар Шағын бақылау жұмыстары Тест тапсырмалары Практикалық жұмыстар 	<ul style="list-style-type: none"> Әр сабақтағы ауызша немесе жазбаша сұрау Үй тапсырмаларын тексеру Күнделікті тест тапсырмалары немесе шағын жазба жұмыстары Лабораториялық немесе практикалық сабақтарды бақылау
Қорытынды бақылау	<ul style="list-style-type: none"> Белгілі бір пән бойынша оқушылардың жалпы білім деңгейін бағалау Оқу бағдарламасының мақсаттарына жету деңгейін анықтау Оқушыларды келесі деңгейге көшіру туралы шешім қабылдау Сертификаттау және аттестаттау мақсатында бағалау 	<ul style="list-style-type: none"> Қорытынды емтихандар Мемлекеттік немесе стандартталған тесттер Жобалық жұмыстар Комплекстік бағалау 	<ul style="list-style-type: none"> Оқу жылының соңында өткізілетін емтихандар Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) Мемлекеттік аттестаттау

Кіріс бақылау оқушылардың дайындық деңгейін анықтауға көмектессе, **ағымдық бақылау** білім беру процесінің тиімділігін арттырады. Ал **қорытынды бақылау** оқыту нәтижелерін бағалап, оқушылардың келесі кезеңге дайындығын анықтайды. Осы бақылау түрлерін тиімді пайдалану білім беру сапасын жақсартуға және оқу мақсаттарына жетуге ықпал етеді.

3. **Бақылау әдістері.** Білім беру процесінде бақылау әдістері оқушылардың білімін, біліктілігін және дағдыларын бағалау үшін қолданылады. Бұл әдістер мұғалімге оқыту процесінің тиімділігін бақылауға, оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін анықтауға және қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Бақылау әдістерінің түрлері, оларды іске асыру әдістері және артықшылықтары мен кемшіліктері төмендегі кестеде берілген.

Бақылау әдістерінің түрлері	Әдістері	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Ауызша бақылау - оқушылардың білімін сұхбаттасу немесе сұрақ-жауап арқылы тексеру	<ul style="list-style-type: none"> • Жеке сұрау – бір оқушыға нақты сұрақ қою • Жаппай сұрау – бүкіл сыныпқа немесе топқа сұрақтар қою • Диалогтық әдіс – пікір алмасу және талқылау арқылы білімді тексеру • Презентациялар мен баяндама жасау 	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылардың ойлау қабілетін дамытады • Тез нәтиже алуға мүмкіндік береді • Мұғалім мен оқушы арасында кері байланыс орнатады 	<ul style="list-style-type: none"> • Уақытты көп қажет етеді • Барлық оқушыларды бірдей қамту қиын
Жазбаша бақылау - оқушылардың білімін жазбаша жұмыстар арқылы тексеру	<ul style="list-style-type: none"> • Бақылау жұмыстары – белгілі бір тақырып бойынша жазбаша тапсырмалар • Тест тапсырмалары – қысқа жауапты немесе таңдау сұрақтары • Шығармашылық жұмыстар – эссе, реферат, жоба жазу • Диктанттар және мазмұндама 	<ul style="list-style-type: none"> • Барлық оқушыларды бірдей бағалауға мүмкіндік береді • Жазбаша дәлелдер сақталады (қателерді талдауға болады) • Логикалық және шығармашылық қабілеттерді дамытады 	<ul style="list-style-type: none"> • Тексеру уақыты ұзақ болуы мүмкін • Кейбір оқушыларда жазу дағдысы жақсы дамымаған болуы мүмкін
Тесттік бақылау - оқушылардың білімін стандартталған немесе авторлық тесттер арқылы тексеру	<ul style="list-style-type: none"> • Жабық тест – дұрыс жауапты таңдау • Ашық тест – қысқа немесе толық жауап жазу • Сәйкестендіру тесті – дұрыс жауаптарды сәйкестендіру • Толықтыру тесті – сөйлемдегі бос орындарды толтыру 	<ul style="list-style-type: none"> • Жылдам тексеру және объективті бағалау • Барлық оқушылар үшін бірдей шарттар • Үлкен көлемдегі ақпаратты тексеруге мүмкіндік береді 	<ul style="list-style-type: none"> • Терең талдау мен ойлау қабілетін толық тексермейді • Кейбір оқушылар кездейсоқ жауап беруі мүмкін
Практикалық бақылау - оқушылардың алған білімін іс жүзінде қолдану дағдыларын бағалау	<ul style="list-style-type: none"> • Зертханалық жұмыстар – химия, биология, физика пәндерінде қолданылады • Жобалық жұмыстар – оқушылардың өз бетінше немесе топпен жұмыс істеуі • Кәсіби практика – мамандыққа байланысты тәжірибелік жұмыстар 	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылардың тәжірибелік дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді • Жұмысқа деген жауапкершілік пен шығармашылық қабілеттерді дамытады • Теория мен практиканы ұштастырады 	<ul style="list-style-type: none"> • Ұйымдастыруға уақыт қажет • Қосымша ресурстар мен жабдықтар талап етілуі мүмкін
Электрондық бақылау (онлайн бағалау) -қазіргі заманғы технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың білімін бағалау	<ul style="list-style-type: none"> • Онлайн тесттер (Google Forms, Kahoot, Quizizz) • Цифрлық портфолио (оқушының жұмыстарын жинақтау) • Виртуалды зертханалар мен симуляциялар • Электрондық журналдар мен бағалау жүйелері 	<ul style="list-style-type: none"> • Жылдам тексеру және автоматты бағалау • Қашықтан оқыту жағдайында тиімді • Оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытады 	<ul style="list-style-type: none"> • Техникалық қиындықтар туындауы мүмкін • Кейбір оқушылардың интернетке қолжетімділігі жоқ болуы мүмкін

Бақылау әдістері оқыту мақсаттарына, пәннің ерекшелігіне және оқушылардың деңгейіне байланысты таңдалады. **Ауызша, жазбаша, тесттік, практикалық және электрондық бақылау әдістері** бір-бірін толықтырып, оқу процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Оларды тиімді үйлестіру арқылы мұғалімдер оқушылардың білімін жан-жақты бағалап, оқу сапасын жақсартып алады.

4. **Бақылауды ұйымдастыру формалары** – бұл оқу процесінде білім алушылардың жетістіктерін жүйелі түрде тексеру және бағалау үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Бақылауды ұйымдастырудың әртүрлі формалары бар және оларды оқу мақсатына, пәннің ерекшелігіне және оқушылардың деңгейіне қарай таңдау қажет. Олар оқыту мақсатына, пәннің ерекшелігіне және білім алушылардың дайындық деңгейіне байланысты таңдалады. **Жеке, топтық, жаппай, ағымдық, аралық, қорытынды және электрондық бақылау** формаларын үйлестіру арқылы білім сапасын жақсартуға және оқушылардың оқу жетістіктерін әділ бағалауға болады.

Бақылау формаларын бірнеше критерий бойынша топтастыруға болады:

- **Оқушылар саны бойынша** (жеке, топтық, жаппай)
- **Өткізу уақыты бойынша** (ағымдық, аралық, қорытынды)
- **Бақылау тәсілі бойынша** (ауызша, жазбаша, тестілік, практикалық, электрондық)

Бақылауды ұйымдастырудың негізгі формалары:

1) Жеке бақылау - бұл **оқушының білімін жеке тексеруге, яғни мұғалім әрбір оқушының білімін жеке бағалауға арналған.**

Мысалдары: жеке сұрау (ауызша немесе жазбаша); жеке тестілеу; оқушының шығармашылық жұмыстары; жеке жобалық жұмыстар.

Артықшылықтары: оқушының білімін терең бағалауға мүмкіндік береді; жекелендірілген кері байланыс беріледі. **Кемшіліктері:** уақытты көп қажет етеді; барлық оқушыларды бірдей қамту қиын.

2) Топтық бақылау - **оқушыларды шағын топтарға бөліп, олардың білімін бірге тексеру әдісі.**

Мысалдары: топтық жобалар мен презентациялар; шағын топтарға арналған тесттер; топтық талқылаулар мен пікірталастар.

Артықшылықтары: ынтымақтастық пен командалық жұмыс дағдыларын дамытады; оқушылар бір-бірінен үйренеді. **Кемшіліктері:** жеке оқушының үлесін бағалау қиын болуы мүмкін; барлық топтар бірдей белсенді болмауы мүмкін.

3) Жаппай (сыныптық) бақылау - барлық сыныпқа немесе топқа бір уақытта бақылау жүргізу.

Мысалдары: бақылау жұмыстары; жалпы сыныптық тестілеу; фронтальды сұрау (мұғалім бүкіл сыныпқа сұрақтар қойып, әр түрлі оқушылардан жауап алады)

Артықшылықтары: барлық оқушыларды бірдей бағалауға мүмкіндік береді; стандартталған бақылау жасауға қолайлы. **Кемшіліктері:** жеке оқушылардың білім деңгейін терең талдау қиын; кейбір оқушылар бақылаудан тыс қалуы мүмкін.

4) Ағымдық (күнделікті) бақылау - бұл оқу процесінің әр кезеңінде тұрақты түрде жүргізілетін бақылау.

Мысалдары: сабақ сайынғы сұрақ-жауап; үй тапсырмасын тексеру; қысқа тестілер мен шағын бақылау жұмыстары.

Артықшылықтары: оқушылардың білімін үнемі бақылауға мүмкіндік береді; материалдың қай деңгейде меңгерілгенін анықтауға көмектеседі. **Кемшіліктері:** мұғалімге жүктеме көп болады; кейбір оқушылар тұрақты бақылауға тез үйреніп, немқұрайлы қарауы мүмкін.

5) Аралық бақылау - белгілі бір оқу кезеңінен кейін жүргізілетін бақылау түрі (тоқсандық, семестрлік).

Мысалдары: Тоқсандық бақылау жұмыстары; Аралық емтихандар; Ортақ тест тапсырмалары.

Артықшылықтары: белгілі бір кезеңнің қорытындысын бағалауға көмектеседі; оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға мүмкіндік береді. **Кемшіліктері:** кейбір оқушылар үшін стресс тудыруы мүмкін; уақыт пен дайындықты талап етеді.

б) Қорытынды бақылау - оқу жылының немесе белгілі бір білім беру кезеңінің соңында жүргізілетін бақылау түрі.

Мысалдары: жылдық қорытынды емтихан; ұлттық бірыңғай тест (ҰБТ); дипломдық немесе бітіру жұмыстары

Артықшылықтары: оқушының барлық оқу кезеңіндегі жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді; мемлекеттік немесе халықаралық стандарттарға сәйкес бағалау жүргізіледі. **Кемшіліктері:** оқушыларға үлкен психологиялық жүктеме түсіреді; бір ғана бақылау жұмысы оқушының шынайы білімін толық көрсете алмауы мүмкін.

3-Лекция. Оқу нәтижелерін бағалау және оның білім беру үрдісіндегі орны мен қызметі. Бағалаудың дәстүрлі және заманауи жүйелері

Жоспар:

- 1. Оқу нәтижелерін бағалау және оның шығу тарихы.**
- 2. Бағалаудың алатын орны мен қызметі.**
- 3. Оқу нәтижелерін бағалаудың өлшемдері.**

1. Оқу нәтижелерін бағалау және оның шығу тарихы.

Бағалау – әрмен қарай оқу тауралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде қорытындылауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Бағалау арқылы мұғалімдер мен оқушылар өз жетістіктерін көріп, қажетті түзетулер енгізе алады.

С.Мирсейітова «бағалау» терминінің ағылшын тіліндегі үш мағынасын келтіреді:

1. Бағалау (Evaluation), яғни бағалау – талдау ретінде.
2. Мониторинг (Assessment), бағалау – құрал ретінде айқындалады.
3. Баға (GradenемесеMark), бағалау – сандық құрал ретінде қарастырылады.

Автор бірінші мағынада «бағалау» білім алушылардың жетістіктерін, яғни білімді сандық және сапалық тұрғыдан, екінші түсінікте «бағалау» нәтижелерге жету көрсеткіші ретінде қарастырады, үшінші мағынада «бағалау» баға, баға қою ұғымдарына сәйкес келеді, – деп қарастырады.

В.И.Перовский бағалауға өз еңбегінде былай деп анықтама береді: «Оқушы білімнің бағасы дегеніміз – бағдарлама бойынша немесе оқытудың дәл сол уақыттағы сұрақ-талаптарына білім қорының болуына сай қатынасты сипаттайды, ал баға немесе баллдар, осы қарымқатынасты көрсететін форма болады».

Оқу нәтижелерін бағалау – білім алушылардың оқу процесінде меңгерген білімі, дағдылары мен құзыреттіліктерін анықтау және өлшеу үдерісі. Ол білім сапасын арттыруға және оқушылардың өзін-өзі дамытуына мүмкіндік береді.

Бағалаудың негізгі мақсаттары:

- Білім алушының білім деңгейін анықтау.
- Оқу бағдарламасының тиімділігін бағалау.
- Мұғалімдерге оқыту әдістерін жетілдіруге көмектесу.
- Білім алушыларды жетістіктері үшін ынталандыру.

Бағалаудың барлық түрлері төмендегілерді қамтиды:

- қадағалау;
- алынған мәліметтердің интерпретациясы;
- қорытынды.

Қадағалау – оқушылардың оқу үдерісін жүйелі түрде бақылау және олардың білім деңгейіндегі өзгерістерді анықтау. оның әдістері: сабақ барысында мұғалімнің бақылауы; тесттер мен тапсырмалар; оқушының жұмысын талдау; өзін-өзі бағалау және рефлексия; мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбат.

Интерпретация – бағалау нәтижелерін талдап, олардың мағынасын түсіндіру үдерісі. Мұнда оқушылардың білімі мен дағдыларының дамуы туралы қорытындылар жасалады. Оны жүзеге асыру жолдары:

- Бағалау критерийлеріне сәйкес нәтижелерді талдау.
- Оқушының жетістіктерін салыстыру (өзімен немесе басқа оқушылармен).
- Күшті және әлсіз тұстарын анықтау.
- Оқушының даму бағытын белгілеу.

Қорытынды – бағалау нәтижелерін саралап, нақты шешім қабылдау. Ол оқушының оқу жетістігін сипаттайды және келесі қадамдарды анықтауға көмектеседі. Оның әдістері:


- Оқушыларға жеке немесе топтық кері байланыс беру.
- Жетістіктерді талдау және оқу жоспарын түзету.
- Қорытынды бағаларды шығару.
- Ұсыныстар беру (оқушыға, ата-анаға, мұғалімдерге).

Бағалау – оқу үдерісінің маңызды бөлігі, ал қадағалау, интерпретация және қорытынды осы үдерістің ажырамас кезеңдері болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған бағалау оқушылардың дамуына ықпал етіп, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік сарапшылар білім жүйесін салыстыру мақсатында 48 елдің тәжірибесін назарға алып отыр. Олар ең алдымен білім саласына салынған инвестиция көлемін, мамандарды даярлау сапасын, оқу орындары арасындағы әріптестікті және тағы басқа жиырмаға жуық көрсеткішті ескерген. Зерттеу нәтижесінде үздік білім беру жүйесіне ие 26 ел анықталды, олардың ішінде АҚШ, Швеция, Канада, Финляндия және Ұлыбритания көш бастап тұр.

Білім мазмұнын реформалау барысында бағалау жүйесіне өзгерістер енгізу маңызды болып отыр. Білім алушылардың үлгерімі, оқу орындарының қызметі және мұғалімдердің біліктілігі объективті бағалануы тиіс. Бағалаудың мақсаты – білім алушының жеке тұлғалық қалыптасуын ескеру, салыстырмалы және критериалды бағалауды қолдану, бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету. Бұл процестің сапасын арттыру мәселесі Еуропа елдерінде орта білім сапасын көтерудің негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.

Броудфут бағалау туралы тәжірибелерді зерттеу нәтижелерінде Ұлыбритания ғалымдарының бағалауды реформалау тобымен бірлесе отырып, «бағалаудың жеті қағидасын» ұсынады:



Ұлыбритания ғалымдарының ұсынған бағалау туралы қағидалары еліміздегі білім бағдарламаларын жүзеге асыруда басшылыққа алынып отырғанын, оқыту мен оқу формасының түбегейлі өзгеруіне негіз болып, басшылыққа алынып отырғанын айта кеткеніміз жөн. Бірінші қағидат - бағалау оқыту және оқудың ажырамас бөлігі ретінде меңгертілетін және меңгеретін жаңа білімнің нәтижеге жетуіндегі бағалануы. Келесі қағидаты бойынша, жаңа тақырыпты хабарлау барысында алдымен оқу мақсаттарымен таныстырылуы. Үшінші қағидат бойынша, стандартта айқындалған білім көлемін меңгеруге бағытталуы. Төртінші қағидат әр сабақта оқушылардың өзін-өзі бағалауы арқылы іске асырылады. Бесінші қағидатта, сабақтың кез келген кезеңінде рефлексияның іске асырылуы, яғни білімді өздігінен меңгеру қадамдарының бағытын айқындау мен оған баға беру. Алтыншыдан, сол арқылы әр оқушының білім алуға деген сенімділігін арттыру көзделеді. Жетіншіден, рефлексияның мұғалімге де, оқушыға да қатысы айқындалып, бағалау өзінің критерилері бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушылардың үлгерімін бағалаудың кең тараған тәсілдерінің бірі – сабақ барысында қойылатын сұрақтарға жауап алу, әртүрлі жұмыс түрлерін бағалау, сондай-ақ қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қолдану. Бұл тәсілдер білім алушылардың оқу үлгерімін анықтауға, сыныптан сыныпқа көшу кезінде олардың білім деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеушілердің пікірінше, осындай бағалау түрлері білім алушылардың даму деңгейін шынайы көрсетеді.

Бағалаудың тарихи дамуына қысқаша тоқталып өтейік.

1. Ежелгі дәуір. Ежелгі өркениеттерде (Мысыр, Қытай, Грекия) білім алушылардың білімін тексеру ауызша сұрақтар мен жазбаша емтихандар арқылы жүргізілген. Қытайда мемлекеттік шенеуніктерді іріктеу үшін арнайы емтихандар (Кэцзюй жүйесі) қолданылған.

2. Орта ғасырлар. Еуропадағы ортағасырлық мектептер мен университеттерде білім алушылар ауызша сынақтардан өткен. Бұл кезеңде бағалау жүйесі қатаң емес, көбінесе шіркеулік білім беру жүйесіне негізделген болатын.

3. Жаңа заман (XVIII-XIX ғасырлар). Өнеркәсіптік революциямен бірге білім беру жүйесі дамып, бағалау жүйесі де өзгере бастады. Мектептерде формалды бағалау жүйесі енгізіліп, білім алушылардың үлгерімі цифрлық бағалармен немесе әріптік жүйемен белгіленді.

XX ғасырда стандартталған тесттер енгізіліп, білім сапасын объективті түрде бағалау маңызды бола бастады. Осы кезеңде IQ тесттері, SAT және басқа да стандартталған бағалау әдістері кеңінен қолданыла бастады.

Жалпы орта білім беретін мектептерде бағалау жүйесі әр елде әртүрлі. Батыс Еуропа елдерінде бағалаудың ауызша, жазбаша және тестілеу түрлері кеңінен қолданылады. Мысалы, Австрияда тұрақты бағалау жүйесі мен емтихандар бар. Әр пәннің мұғалімі емтиханды өзі ұйымдастырып, бағалайды, бұл елдің білім беру жүйесінің бекітілген ережелерінің бірі болып табылады. Білім алушылардың білімін бекіту және кеңейту мақсатында 15 минуттық ауызша жауап беру әдісі қалыптасқан. Жазбаша емтихандар оқу жылы ішінде тіл және математика сияқты негізгі пәндер бойынша 1 сағат көлемінде өткізіледі, ал жоғары сыныптарда бұл уақыт 2-3 сағатқа дейін созылуы мүмкін. Барлық пәндер бойынша қысқа тестілер 25 минут ішінде орындалады. Бұл жүйе 1974 жылдан бастап енгізіліп, 5 балдық шкала бойынша бағаланады.

Ұлыбританияда білім беру стандартын көтеру және ата-аналарды балалардың жетістіктері туралы хабардар ету мақсатында білім беру саласындағы орталық органдар жаңа тәсілдерді іздеуге кірісті. Осыған байланысты білім алушылардың білім жетістіктерін бағалайтын ұлттық жүйе енгізілді. 7, 11, 14 және 16 жастағы білім алушыларға тест өткізу міндеттелді, бұл олардың әр жас кезеңіндегі білім деңгейін анықтауға көмектесті. Ұлттық тестілеу жүйесі 16 жасқа толған білім алушыларға орта білім туралы куәлік беру мақсатында жазбаша және ауызша тапсырмаларды қамтыды. Бағалау 10 балдық шкала бойынша жүргізілді. 16 жастағы білім алушыларды бағалауда А,

B, C, D, E, F, G әріптік жүйесімен 7 балдықбағалай жүйесі қолданылады. Белгілі бір деңгейден төмен баға алған білім алушылар орта білім туралы куәліксіз қалуы мүмкін, бірақ олар білім алғанын растайтын анықтама алады.

Норвегиядағы мектептерде білім алушылардың білімін бағалау жүйесі келесідей ұйымдастырылған. Бастауыш мектепте (1–6 сыныптар) білім алушыларға ресми бағалар қойылмайды. Ата-аналар мен мұғалімдер жылына 2–3 рет жиналып, білім алушылардың оқу үлгерімін талқылайды. Негізгі мектепте (7–9 сыныптар) білім алушылар негізгі пәндер бойынша жылына екі рет бағаланады. Бастауыш сыныптарда 5 балдық жүйе қолданылады: "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық", "қанағаттанарлықсыз" және "төмен". Жетінші сыныпта ағылшын тілі, норвег тілі және математика пәндерінен жазбаша емтихан тапсырылады. 1994 жылдан бастап осы бағалау жүйесі заң бойынша енгізілген. Орта мектептерде 7 (0-ден 6-ға дейін) балдық жүйе қолданылады, ең төменгі баға – 2.

АҚШ-та бағалау әріптік жүйемен жүргізіледі (A, B, C, D, F), сыныптан сыныпқа көшу үшін оқу үлгерімі C бағасынан кем болмауы керек. Білім алушылардың оқу үлгерімі белгілі бір деңгейден төмен болмауы керек, ал бітірушілер үшін кейбір бағалар міндетті болып саналады.

Данияда бұрын қолданылған 13 балдық жүйенің орнына 7 балдық жүйе енгізілген. Финляндияда бағалау 0-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша жүзеге асады, бірақ 4-тен төмен баға қойылмайды. 4 – қанағаттанарлықсыз, ал 5–10 – қанағаттанарлық деп есептеледі. Кей жағдайларда аралық бағалар да қойылады. 9–10 деген бағалар қосымша тапсырмаларды орындаған жағдайда беріледі.

Мектептерде бірыңғай білім беру жүйесін құру идеясы 1960 жылдары Швейцарияда пайда болып, **International Baccalaureate (IB)** атауына ие болды. Қазіргі уақытта бұл бағдарлама әлемнің 144 еліндегі 3500 мектепте қолданылады. IB дәрежесі аттестатпен теңестірілген және 75 елдегі 2000-ға жуық университет бұл бағдарламаның емтихан нәтижелерін мойындайды. IB бағдарламасы төрт деңгейден тұрады және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлінеді.

Австрия мен Ұлыбританиядағы білім алушылардың білімін қорытынды бағалау жүйесін салыстырғанда, Австрияның тәжірибесі тиімдірек болып көрінеді. Себебі әр сынып пен пән бойынша білімді қорытындылау оқу сапасын арттыруға оң әсер етеді. Сонымен қатар, білім алушылардың білімін тексеру барысында өз бағасын түзетуге арналған ауызша сұрақтарға уақыт бөлу де білім сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады.

5. Қазіргі заман.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.

Бағалау бойынша туындаған проблемалар:



Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез – құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Мектептерде енгізілген Кембридж оқу бағдарламасының мақсаты – Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру және Кембридж университеті тәсілінің теориялық негіздерін үйрену. Басты міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалай білуге көмектесу, сындарлы ойлауға бағыттау.

Бағдарлама жеті модульден тұрады:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. **Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.**
4. Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Осы 7 модуль бойынша сабақтарды қызғылықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Бағдарлама оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады. Күнделікті сабақтарда сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптастыру білімге құштарлықтарын, көңіл күйлерін жақсартуына оң әсерін береді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін сақтауды үйренеді. Өз-өздерін реттеулері мен көшбасшылыққа ұмтылулары, дарындары айқындала бастады.

Бұл деңгейлік бағдарлама жеті модульді қамтиды, олардың ішінде "Оқыту үшін бағалау" және "Оқуды бағалау" ерекше маңызға ие. Мұндай бағалау формативтік (қалыптастырушы) және жиынтық болып екіге бөлінеді де мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндіктерінің өлшемдерін түсінуге бағытталған. Осыған байланысты бағдарлама өлшемдік бағалау тәсілдерін қарастырады (осы тәсілді меңгеру біздің курсымыздың негізгі мақсаты болғандықтан, оны алда қарастырамыз).

Сонымен, оқу нәтижелерін бағалау жүйесі уақыт өте келе күрделеніп, дамып отырғаны айқын. Қазіргі таңда білім алушылардың білімін бағалауда әділдік пен объективтілікке баса назар аударылады. Бұл білім беру сапасын жақсартуға және білім алушылардың жеке қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

3. Оқу нәтижелерін бағалаудың өлшемдері

Оқу нәтижелерін бағалау белгілі бір өлшемдерге (критерийлерге) негізделеді. Бұл өлшемдер білім алушының білімі мен дағдыларын объективті және әділ бағалауға көмектеседі. Бағалау өлшемдері оқу мақсаттарына сәйкес анықталып, білім алушылардың жетістіктерін түрлі қырынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Негізгі бағалау өлшемдері:

1. Білімділік өлшемі –мазмұнды меңгеру деңгейі
 - Білім алушының теориялық және практикалық білімді меңгеру деңгейін көрсетеді.
 - Нақты деректерді, ережелерді, заңдылықтарды дұрыс түсінуі және есте сақтауы бағаланады.

Мысал: Математика пәнінде білім алушының әдіс-тәсілдерді дұрыс ретімен айтып беруі, негізгі математикалық ұғымдарды түсінуі, Формулаларды және теоремаларды білуі, Символикалық жазуды пайдалануы.

2. Түсіну және қолдану өлшемі - түсіну деңгейі

- Білім алушының ақпаратты қаншалықты дұрыс түсінгенін көрсетеді.
- Білім алушы алған білімін жаңа жағдайларда қолдана алуы қажет.

Мысал: Математикада білім алушының теориялық формулаларды есептер шығаруда қолдануы.

3. Анализ және синтез өлшемі:

✓ Талдау (анализ) қабілеті

• Білім алушы ақпаратты бөліктерге бөліп, оның негізгі ерекшеліктерін анықтай алады.

• Себеп-салдар байланыстарын түсіну қабілеті бағаланады.

Мысал: теореманы дәлелдеу, алынатын қорытындыларды дұрыс бағалау.

✓ Жинақтау (синтез) қабілеті

• Білім алушы жаңа идеялар ұсынып, шығармашылық тұрғыда ойлана алады.

• Жаңа шешімдер мен қорытындылар жасай алуы бағаланады.

Мысал: Ғылыми жоба жасау, эссе жазу.

4. Бағалау және рефлексия өлшемі - сыни тұрғыдан бағалау қабілеті.

• Білім алушы өз жұмысына және басқалардың жұмысына талдау жасап, пікір білдіре алады.

• Қорытынды жасай білу және дәлел келтіру қабілеті бағаланады.

Мысал: Дебаттарға қатысу, рефлексия жазу.

5. Іс-әрекет және дағды өлшемдері - практикалық дағдыларды игеру.

• Білім алушының практикалық тапсырмаларды орындау шеберлігі бағаланады.

• Зертханалық жұмыстар, тәжірибелік есептер орындау қабілеті ескеріледі.

Мысал: Математика пәнінде есеп шығару, физика пәнінде тәжірибелер жасау, технология сабағында қолданбалы жұмыстар орындау.

6. Коммуникативтік өлшем - білім алушының өз ойын жеткізе білуі.

• Ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары бағаланады.

• Диалог жүргізу, пікірталасқа қатысу қабілеті ескеріледі.

Мысал: Презентация жасау, эссе жазу.

Оқу нәтижелерін бағалаудың өлшемдері білім алушылардың білімін, түсінуін, дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін толықтай бағалауға мүмкіндік береді. Бұл өлшемдер білім алушының жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді және оның болашақта жетістікке жетуіне көмектеседі.

4-Лекция. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың ғылыми негізі

Жоспар:

1. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормасын жасаудың ғылыми негізі

2. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі бағалаудың рөлі.

3. Бағалаудың дәстүрлі және заманауи жүйелері

1. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормасын жасаудың ғылыми негізі

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормасын жасаудың ғылыми негізі бірнеше маңызды аспектілерге негізделеді. Бұл аспектілер педагогика, психология, бағалау теориясы және білім сапасын басқару салаларымен тығыз байланысты.

1. Ғылыми-теориялық негіздер

Педагогикалық теориялар:

- Блум таксономиясы (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлері);
- Конструктивистік оқыту теориясы (Выготский, Пиаже, Брунер);
- Деңгейлік оқыту теориясы (Жан Пиаже, Лев Выготский).

Бағалау теориясы:

- Критериалды бағалау әдістері (нормативтік және критериалды бағалау);
- Оқыту үшін бағалау (формативті) және оқытуды бағалау (суммативті);
- Диагностикалық, формативтік, суммативтік бағалау принциптері.

2. Бағалау нормаларын қалыптастырудың негізгі принциптері:

- Объективтілік – бағалау критерийлері нақты және өлшенетін болуы керек;

- Жүйелілік – бағалау әрбір оқу кезеңінде тұрақты түрде жүргізілуі қажет;
- Шынайылық – бағалау нақты оқу жетістіктерін көрсетуі тиіс;
- Кері байланыс беру – оқушылардың даму бағытын анықтау үшін қолданылуы қажет.

3. Бағалау нормаларын жасау әдістері:

- Статистикалық әдістер: орташа балл, медиана, стандартты ауытқу;
- Психометриялық әдістер: тесттердің сенімділігі мен валидтілігін анықтау;
- Салыстырмалы әдістер: халықаралық стандарттармен (PISA, TIMSS) салыстыру.

4. Қолдану және тәжірибелік маңызы:

- Білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді;
- Мұғалімдерге оқушылардың даму деңгейін анықтауға көмектеседі;
- Оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытады.

Осы ғылыми негіздерді қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың тиімді нормаларын жасауға болады.

Бағалау нормаларын жасау әдістерін қарастырайық:

1. Сандық (статистикалық) әдістер. **Бұл әдістер оқушылардың бағаларын сандық түрде талдап, олардың деңгейін анықтауға көмектеседі. Мысалы:**

- **Орташа балл** – барлық оқушылардың бағаларын қосып, олардың санын бөлу арқылы есептеледі. Бұл әдіс сыныптың жалпы білім деңгейін көруге мүмкіндік береді.

- **Медиана** – барлық бағаларды өсу ретімен орналастырып, дәл ортасындағы көрсеткішті табу. Бұл әдіс бағалардың әділетті таралуын көрсету үшін қолданылады.

- **Стандартты ауытқу** – оқушылардың бағаларының орташа мәннен қаншалықты алшақ екенін көрсетеді. Егер ауытқу аз болса, оқушылардың білім деңгейі біркелкі, ал егер үлкен болса, оқушылар арасында үлкен айырмашылық бар деген сөз.

2. Психометриялық әдістер. Бұл әдістер оқушының шынайы білімін тексеріп, бағалау құралдарының дұрыстығын анықтайды: тесттің сенімділігі – бір тестті бірнеше рет қолданғанда, оның тұрақты және сенімді нәтиже беруін тексеру; тесттің валидтілігі – тесттің нақты тексеруі тиіс білім мен дағдыларды қаншалықты дұрыс өлшеп тұрғанын анықтау.

3. Салыстырмалы әдістер. Бұл әдістер оқушылардың жетістіктерін басқа стандарттармен немесе халықаралық деңгейлермен салыстыруға негізделген: ішкі салыстыру – оқушыларды өз сыныбындағы басқа оқушылармен салыстыру; сыртқы салыстыру – оқушылардың білім деңгейін ұлттық немесе халықаралық стандарттармен (мысалы, PISA, TIMSS) салыстыру.

4. Сараптамалық әдістер. Бұл әдістерде тәжірибелі мұғалімдер мен педагогикалық сарапшылардың пікірлері қолданылады. Олар оқушының жұмысын талдап, оның нақты білім деңгейін анықтауға көмектеседі.

Жоғарыда аталған әдістерді үйлестіріп қолдану бағалаудың әділ, шынайы және тиімді болуын қамтамасыз етеді.

Математика пәні бойынша бағалау нормаларына тоқталайық.

Математика пәні бойынша әр сыныпқа арналған баға қою нормасы оқу бағдарламасының талаптарына, критериалды бағалау жүйесіне және оқушылардың дағдыларын бағалау әдістеріне байланысты анықталады. Әдетте, бағалау нормасы **бастауыш, орта және жоғары сыныптар** деңгейінде ерекшеленеді.

1. Бастауыш сыныптар (1–4 сынып)

Бастауыш сыныптарда бағалау көбінесе **формативті** (оқыту үшін бағалау) және **суммативті** (қорытынды бағалау) түрінде жүргізіледі.

Бағалау критерийлері:

- **1–2 сыныптар:** Бағалау негізінен баллдық жүйесіз, сипаттамалық бағалау арқылы жүргізіледі (жарайсың, жақсы, өте жақсы, жетілдіру қажет және т.б.).

- **3–4 сыныптар:** Сандық бағалау енгізіледі (1-ден 10 баллға дейін немесе 1-ден 5-ке дейін).

Баға	Қабілет деңгейі
"5" (өте жақсы)	Барлық есептерді дұрыс шешті, логикалық ойлау қабілеті жоғары, тапсырмаларды өз бетінше орындай алады.
"4" (жақсы)	Кішігірім қателер бар, бірақ негізгі түсініктерді меңгерген.
"3" (қанағаттанарлық)	Қателер көп, бірақ негізгі әдістерді біледі. Мұғалімнің көмегі қажет.
"2" (қанағаттанарлықсыз)	Негізгі түсініктер мен есептеу дағдыларын меңгермеген.

2. Орта буын (5–9 сынып)

Орта сыныптарда бағалау қатаңырақ критерийлерге негізделеді, себебі оқушылар абстрактілі ойлау, теңдеулер, геометриялық есептерді шешу дағдыларын меңгеруі керек.

Бағалау нормалары:

- **5–7 сыныптар:** Негізгі математикалық амалдар (қосу, азайту, көбейту, бөлу), бөлшектер, пайыздар, теңдеулер.

- **8–9 сыныптар:** Алгебра, геометрия, функциялар, координаттық жазықтықта есептер шығару.

Баға	Қабілет деңгейі
"5" (өте жақсы)	Барлық есептерді дұрыс орындады, логикалық дәлелдер келтіре алады.
"4" (жақсы)	Қателері бар, бірақ негізгі принциптерді дұрыс қолданады.
"3" (қанағаттанарлық)	Кейбір есептерді шығарады, бірақ қателері жиі кездеседі.
"2" (қанағаттанарлықсыз)	Негізгі тақырыптарды түсінбейді, көмек қажет.

3. Жоғары сыныптар (10–11 сынып)

Бұл кезеңде бағалау күрделі математикалық түсініктерді меңгеруге негізделеді, әсіресе ҰБТ және басқа да қорытынды емтихандарға дайындық маңызды рөл атқарады.

Бағалау нормалары:

- **Алгебра:** Функциялар, тригонометрия, теңдеулер жүйесі, туындылар, интегралдар.

- **Геометрия:** Кеңістіктегі геометрия, векторлар, аналитикалық геометрия.

Баға	Қабілет деңгейі
"5" (өте жақсы)	Күрделі есептерді шығара алады, математикалық дәлелдер келтіреді.
"4" (жақсы)	Күрделі емес есептерді дұрыс шығарады, бірақ кейбір түсініктері толық емес.
"3" (қанағаттанарлық)	Есептерді тек мұғалімнің көмегімен шығарады, түсінігінде олқылықтар бар.
"2" (қанағаттанарлықсыз)	Негізгі формулалар мен әдістерді білмейді, есептерді шеше алмайды.

12 жылдық білім беру кезеңінде жалпы білім беретін мектептің сыныптарында бағалау барысында талдануға сәйкес келетін 10 балдық бағалау жүйесі алынады:

0 балл – қанағаттанарлықсыз

1-2 балл – қанағаттанарлықтан төмен

3 балл – қанағаттанарлық

4 балл – қанағаттанарлықтан жоғары

5 балл – жеткілікті жақсы

6 балл - жақсы

7 балл - өте жақсы

8 балл - үздікке жақын

9 балл - үздік

10 балл - өте үздік

Білім алушының іс-әрекетінің барлық түрін бағалау оқушының алған балдарын қосу әдісімен жүргізіледі. Әрбір оқу пәні бойынша жоғары балл білім алушының белгілі бір оқу кезеңінде, іс-әрекеттің белгілі бір түрін орындағанда, сондай-ақ білім алушылардың іс-әрекеттерін бақылаудың ағымдық, аралық, қорытынды формаларында алған балдарын қосу арқылы анықталады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі оларды оқыту және тәрбиелеуде нақты алған нәтижелерді қадағалауды және оларды әрі қарай жетілдіруді көздейді.

Әр сынып бойынша математикадан баға қоюда **критериалды бағалау жүйесі** қолданылып, оқушылардың **білім, түсіну, қолдану, талдау** дағдылары есепке алынады. Сонымен қатар, **оқу бағдарламасының талаптары, бақылау жұмыстары, тесттер мен практикалық тапсырмалар** бағалаудың негізгі көрсеткіштері болып табылады.

2. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі бағалаудың рөлі

Бағалау – білім беру процесінің маңызды элементі, ол оқу мотивациясын қалыптастыруда, танымдық процестер мен оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда басты рөл атқарады. Бүгінгі күні оқу жетістіктерін бағалау – оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде бағалаудың әртүрлі аспектілері қарастырылады, соның ішінде оның қызметтері, тұлғаға әсері және бағалаудың әртүрлі әдістерінің тиімділігі. Зерттеушілер бағалаудың оқушылардың когнитивтік және эмоциялық дамуына қалай әсер ететінін қарастырады. Алайда, бағалаудағы келесі мәселелер шеттеп қалған: нақты көрсеткіштер бойынша бағалаудың бірыңғай жүйесін жасау, бағалаудағы субъективтілік, бағаны қоюда мұғалімнің және оқушының жеке ерекшеліктері, қарым-қатынасы. Егер бұл мәселелерді шешілмесе, онда жеке тұлғаны дамыту бағытындағы міндетгерді орындауға қол жеткізу өте қиын болары сөзсіз.

П.Я. Гальпериннің еңбектерінде бағалаудың психологиялық ерекшеліктері жан-жақты сипатталған. Оның ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясына сәйкес, бақылау функциясы бағалау әрекеттерінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. **П.Я. Гальперин** (ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясы) бақылау мен бағалау интеллектуалдық дағдыларды қалыптастырудың ажырамас бөлігі екенін атап өткен.

Л.С. Выготский бағалау қызметінің оқушының жақын арадағы даму аймағында маңызды рөл атқаратынын, оның танымдық өсуіне ықпал ететінін көрсеткен.

Д. Брунер бағалаудың оқу мотивациясына әсерін зерттеген: оң бағалау оқушының сенімділігін арттырады, ал теріс бағалау оқуға деген қызығушылықты төмендетуі мүмкін.

А. Бандура (элеуметтік оқыту теориясы) кері байланыс пен өзін-өзі бағалаудың оқу процесіндегі маңыздылығын атап көрсеткен.

Педагогикада бағалау білім беру процесін басқару және оқушылардың жеке дамуын қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырылады.

Бағалаудың қызметтері:

- **Диагностикалық** – білім деңгейі мен олқылықтарды анықтау.
- **Оқытуға бағытталған** – оқу процесін жетілдіру және түзету.
- **Мотивациялық** – оқуға деген ынтаны арттыру.
- **Бақылау қызметі** – білім алушылардың жетістіктерін объективті бағалау.

Г. Келли (тұлғалық конструкт теориясы) бағалау адамның өзін-өзі бағалауына тікелей ықпал ететінін дәлелдеген.

К. Двек ("fixed vs. growth mindset" тұжырымдамасы) бағалау түрлерінің оқушылардың өз қабілеттерін қабылдауына әсер ететінін көрсетті: *тұрақты ойлау* (fixed mindset) дамуға кедергі келтіреді, ал *өсуге бағытталған ойлау* (growth mindset) оқуға деген ынтаны арттырады.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер бағалаудың білімді тексеру құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның дамуына әсер ететін маңызды фактор екенін көрсетеді. Заманауи бағалау әдістері оқушыларға қолдау көрсетіп, олардың оқу мотивациясын қалыптастыруға және негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл еңбектер бағалаудың білім беру процесіндегі маңызды рөлін және оның оқушылардың дамуына әсерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

3. Бағалаудың дәстүрлі және заманауи жүйелері

Оқу процесіндегі бағалау жүйелері уақыт өте келе өзгеріп, дамып келетінін жоғарыда көрсеттік. Қазіргі білім беру жүйесінде дәстүрлі және заманауи бағалау тәсілдері қатар қолданылады.

Дәстүрлі бағалау жүйесі - білім алушылардың оқу жетістіктерін стандартты әдістер арқылы өлшеуге негізделген. Бұл жүйе ұзақ уақыт бойы білім беру жүйесінде негізгі құрал ретінде қолданылды.

Ерекшеліктері:

- Сандық (балдық) бағалау жүйесіне негізделген.
- Баға қою көбінесе мұғалімнің жеке көзқарасына тәуелді.
- Қорытынды бағалау (жиынтық бағалау) басым рөл атқарады.
- Білім алушының білімін тексеруге бағытталған, бірақ оқу процесін дамытуға аса мән берілмейді.

Дәстүрлі бағалау түрлері:

- **Бес балдық жүйе** – (1 – өте төмен, 5 – өте жақсы)
- **Жиынтық бақылау жұмыстары** – тоқсандық, жылдық қорытынды бағалар
- **Стандартталған тесттер** – бірыңғай емтихандар мен сынақтар
- **Ауызша сұрау** – білім алушылардың жауабына сәйкес баға қою

Кемшіліктері:

- Білім алушының даму динамикасын ескермейді.
- Баға қою субъективті болуы мүмкін.
- Қателіктерге назар аудару арқылы білім алушының мотивациясын төмендетуі мүмкін.

• Тек есте сақтау қабілетін бағалайды, шығармашылық пен сыни ойлауды дамытпайды.

Заманауи бағалау жүйесі - білім алушылардың оқу процесіндегі жетістіктерін жан-жақты бағалап, олардың дағдыларын дамытуға бағытталған.

Ерекшеліктері:

- Білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандырады.

- Қалыптастырушы және критериалды бағалау әдістеріне негізделген.
- Білім алушының жеке даму траекториясын ескереді.
- Кері байланыс беруге баса назар аударады.

Заманауи бағалау түрлері:

1. Қалыптастырушы бағалау (формативті бағалау) - оқу процесінде үздіксіз жүретін бағалау түрі. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Мысалдар:

- Мұғалімнің ауызша және жазбаша кері байланысы.
- Өзін-өзі бағалау және бірін-бірі бағалау.
- Білім алушы портфолиосы (жұмыс жинағы).
- Шығармашылық тапсырмалар мен жобалар.

2. Критериалды бағалау. Бұл жүйеде бағалау алдын ала анықталған нақты критерийлер бойынша жүзеге асады.

Артықшылықтары:

- Бағалаудың әділдігі мен объективтілігі артады.
- Білім алушы өз бағасының қандай себептерге байланысты екенін түсінеді.
- Бағалау үдерісі ашық және нақты болады.

Қолданылатын тәсілдер: Рубрикалар (бағалау кестелері); Дескрипторлар (әр деңгейді сипаттайтын критерийлер)

3. Электрондық бағалау. Қазіргі таңда цифрлық технологиялар білім беруде кеңінен қолданылады.

Мысалдар:

- Онлайн тесттер мен тапсырмалар (Google Forms, Kahoot, Quizizz).
- Электрондық күнделіктер мен журналдар.
- Автоматтандырылған бағалау жүйелері.

4. Білім алушының өзін-өзі бағалауы және бірін-бірі бағалауы. Бұл тәсіл білім алушылардың жауапкершілігін арттырып, олардың өз білімдерін сыни тұрғыдан талдауға үйретеді.

5. Динамикалық бағалау. Білім алушылардың белгілі бір уақыт аралығында даму деңгейін бақылауға мүмкіндік береді.

Сонымен, дәстүрлі бағалау жүйесі білім алушының білімін тексеруге бағытталған болса, заманауи бағалау әдістері оқыту процесін жетілдіруге, кері байланыс беруге және білім алушының дамуын бақылауға негізделген. Қазіргі білім беру жүйесінде дәстүрлі және заманауи әдістерді үйлестіре отырып қолдану білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

5-Лекция. Оқыту нәтижелерін бағалаудың құралдары:

Тест және Блум таксономиясы

Жоспар:

1. Тесттік бақылау
2. Блум таксономиясы

1. Тесттік бақылау

Педагогикалық тест – белгілі бір мазмұнға негізделген арнайы құрылымдағы тапсырмалар жүйесі. Бұл тест білім алушылардың белгілі бір пән бойынша білімінің құрамын және құрылымын анықтауға көмектеседі. Басқа бағалау әдістерімен салыстырғанда, тесттің басты артықшылықтары – оның объективтілігі, сенімділігі және көпнұсқалылығы. Тест міндетті түрде бірнеше нұсқада жасалуы қажет, себебі бұл оның тиімділігін арттырады. Бірдей тапсырмаларды жаттап алу, есте сақтау немесе көшіру арқылы нәтижені бұрмалау мүмкіндігін азайтады. Сонымен қатар, тест тапсырмалары тек бақылау құралы ретінде ғана емес, білім алушылардың білімін жетілдіру және машықтандыру мақсатында да қолданылады.

Педагогикалық тесттің көмегімен әрбір білім алушының білім деңгейін нақты әрі жылдам анықтауға болады. Оның нәтижелері сенімді болу үшін статистикалық өңдеуден өткізу қажет. Педагогикалық тест құрастыру – күрделі процесс, дегенмен, мектеп мұғалімдері де кешенді тест тапсырмаларын дайындап, сабақ барысында білім алушылардың білімін бекіту мен тексеру үшін тиімді пайдалана алуы қажет.

Тесттік бақылау – білім алушылардың білімін, дағдыларын және оқу жетістіктерін объективті түрде бағалау үшін қолданылатын әдіс. Бұл бақылау түрі білім алушылардың белгілі бір тақырыпты, бөлімді немесе курсты қаншалықты меңгергенін анықтауға мүмкіндік береді.

Тесттік бақылаудың ерекшеліктері:

- **Объективтілік** – бағалау кезінде субъективтіліктің болмауы.
- **Стандарттау** – барлық білім алушыларға бірдей сұрақтар беріледі.
- **Жылдам бағалау** – нәтижелерді тез және дәл анықтауға мүмкіндік береді.
- **Құрылымдалған сұрақтар** – тест сұрақтары белгілі бір ережелерге сәйкес жасалады.

Тест түрлері:

1. **Жабық тесттер** – дайын жауап нұсқалары беріледі (бір дұрыс жауапты таңдау, бірнеше дұрыс жауапты таңдау, сәйкестендіру, реттілікті орналастыру, қате ақпаратты табу).

2. **Ашық тесттер** – білім алушылар өз бетінше жауап жазады (қысқа жауаптар, толық жауап, эссе, есеп шығару).

3. **Аралас тесттер** – жабық және ашық сұрақтардың комбинациясы (Бір бөлімінде көп таңдаулы сұрақтар болса, екінші бөлімінде жазбаша жауап талап етіледі; Бірнеше қысқа жауаптан кейін толық жауапты қажет ететін сұрақ болуы мүмкін).

4. **Графикалық тест тапсырмалары** - көрнекі материалдарға негізделген тапсырмалар (кесте толтыру, диаграмма мен графиктерді талдау, **сурет немесе карта бойынша жұмыс**)

5. **Интерактивті тест тапсырмалары** - электронды форматта қолданылатын тапсырмалар (компьютерлік тесттер, **виртуалды зертханалық тапсырмалар, анимациялық және бейне сұрақтар**)

6. **Диагностикалық тесттер** – білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтауға арналған.

7. **Қорытынды тесттер** – оқу курсының соңында өткізіліп, жалпы жетістікті бағалайды.

Тест тапсырмаларын құруда назар аударуды қажет ететін бірнеше маңызды кеңестер бар:

- ✓ Тест тапсырмалары түсінікті және айқын болуы керек.
- ✓ Егер бұл үлгерім тесті болса, тапсырмалардың ішіндегі әрекеттердің қайталанбауы маңызды.
- ✓ Бір тапсырманың жауабы екінші тапсырманың шешіміне тәуелді болмауы тиіс,
- ✓ Тест тапсырмалар жиынтығында жағдайларды және мәселелерді түсінікті әрі көпқырлы түрде қамтитын тапсырмалар болуы керек.
- ✓ Әрбір тапсырманың мазмұны қарапайым және нақты болуы қажет.
- ✓ Дәл анықталған терминдер мен сөздерді қолдану дұрыс.
- ✓ Баламалардың дұрыс немесе бұрыс екендігін дәлелдейтін түсініктемелер жеткілікті болуы керек.
- ✓ Тапсырмаларды құрастыруда түсінікті әрі нақты құрылымды сақтау өте маңызды.

Тесттік бақылаудың артықшылықтары:

- Жылдам және тиімді бағалау мүмкіндігі.
- Барлық білім алушыларға бірдей талаптар қойылады.
- Білім алушылардың білім деңгейін салыстыруға мүмкіндік береді.
- Бағалау нәтижелерін талдау арқылы оқыту үдерісін жақсартуға болады.

Тесттік бақылаудың кемшіліктері:

- Кейбір жағдайларда білім алушылардың шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілетін толық бағалай алмауы.
- Дайындық кезінде білім алушылар тек тест сұрақтарына бағытталып, терең түсінуге аз көңіл бөлуі мүмкін.
- Кейбір тесттер кездейсоқтық факторларға тәуелді болуы мүмкін (жөнсіз таңдалған жауаптар).

Сонымен, тесттік бақылау – білімді бағалаудың маңызды және тиімді әдістерінің бірі. Дегенмен, оны басқа бағалау әдістерімен үйлестіре отырып қолдану білім алушылардың жан-жақты дамуына және оқу нәтижелерінің әділ бағалануына мүмкіндік береді.

2. Блум таксономиясы

Білімді игеру – бұл жүйелі және мақсатты тәсілді қажет ететін процесс. Бұл процеске көмектесетін алты қадам:

1. Нақты мақсаттар қойыңыз: Нақты не үйренгіңіз келетінін анықтаңыз. Оқытуды өлшеуге болатын нақты мақсаттарға бөліңіз. Мысалы, "бағдарламалау негіздерін үйрену" немесе "ағылшын тілін В1 деңгейіне көтеру".

2. Ақпаратты ұйымдастырыңыз: Сіз жұмыс істейтін материалдарды құрылымдаңыз. Ақпаратты визуализациялау және ұйымдастыру үшін реферат, ақыл-ой карталары немесе қысқаша мазмұндама жасау сияқты ұйымдастыру әдістерін қолданыңыз.

3. Әр түрлі көздерді қолданыңыз: Тек бір көзбен шектелмеңіз. Тақырыпқа жан-жақты көзқарас алу үшін оқулықтарды, мақалаларды, бейне оқулықтарды, интерактивті ресурстарды және басқа материалдарды пайдаланыңыз.

4. Белсенді оқыту: Талқылау, есептерді шешу, материалды басқаша түсіндіру сияқты белсенді оқыту әдістерін қолданыңыз. Белсенді қатысу ақпаратты жақсы сіңіруге көмектеседі.

5. Тұрақты қайталау және жаттығу: зерттелген материалды үнемі қайталаңыз. Білімді ұзақ мерзімді негізде есте сақтау үшін интервалмен қайталау әдісін қолданыңыз; есептерді шешу, эксперименттер жүргізу немесе нақты сценарийлерде жаңа дағдыларды қолдану арқылы алған біліміңізді іс жүзінде қолданыңыз.

6. Кері байланыс және түзету: мұғалімдерден, әріптестерден немесе өзіңізден кері байланыс алыңыз, ол қателерді анықтауға, түсінуді жақсартуға және оқу тәсілдерін түзетуге көмектеседі; өзіңіздің жетістіктеріңізді талдаңыз және қажет болған жағдайда оқыту әдістеріне түзетулер енгізіңіз.

Әр адам өзінше үйренетінін ұмытпаңыз және сіздің оқу стиліңізге сәйкес келетін әдістерді табу маңызды. Сонымен қатар, өзін-өзі дамытуға үнемі ұмтылу және жаңа білімге ашықтық ақпаратты тиімді игеруге ықпал етеді. Осы тұста білім беру мақсаттарын жүйелеуге, және сол мақсатта білімді игеруге бағытталған **Блум таксономиясы** деп аталатын 6 қадам бар.

Бенджамин Блум таксономиясы бойынша танымдық салада оқу мақсаттарының категориялары.

Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерінде бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан: адами мінездемелік өзгеруі мен бірқалыптылығы және білім беру мақсаттарын жүйелеу.

Таксономия (грекше. *taxis* – орналасу, құрылыс, тәртіп және *nomos* – заң). *Таксономия* – берілген нысандарды олардың иерархиясын (белгілі бір құрылымдағы бірізділігін, реттілігін) құрастыру мақсатында нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу. *Таксономия* барлық оқу мақсаттары мен нәтижелері бірдей маңызға, құндылыққа ие бола алмайтындығына негізделген. **Негізгі категориялар**

1. Білу. Бұл категория оқу материалын есте сақтау мен қайталауды білдіреді.

Оқу материалы деп әртүрлі мазмұндағы ақпаратты (нақты фактілерден бүтін теорияларға дейін) атауға болады. Бұл категорияның негізгі сипаты – қажетті мәліметтерді есте сақтау.

Оқушы үшін оқу мақсаттары: қолданылған терминдерді білу (есте сақтау және қайталау; нақты фактілерді білу; әдістер мен жұмыстың орындалу ретін (процедурасын) білу; негізгі ұғымдарды білу; ережелер мен қағидаларды білу.

Білу түріндегі тапсырмалардың мазмұны: мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталған, мағлұмат пен деректерді еске түсіретін: жабық тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.

2. Түсіну. Оқу материалын түсінгендіктің көрсеткіші ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады:

- *Трансляция* – яғни оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мәселен математикалық формуланы сөзбен айтып беру немесе керісінше; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.);

- *Интерпретация* – оқу материалын “өз сөзімен” түсіндіру, қысқаша баяндау;

- *Жорамалдау* – оқу материалы бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

Мұндай оқу нәтижелері материалды есте сақтау деңгейіне қарағанда анағұрлым жоғары болады. Өйткені, сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді; берілген ақпараттың болашақта туындауы ықтимал салдарын сипаттайды.

Оқушы үшін оқу мақсаттары: фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсіну.

Түсіну түріндегі тапсырмалардың мазмұны: мәліметтерді басқа таныс жүйеге ауыстыру, оларды түрлендіру; есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындау. ұқсастықтарды анықтау, айырмашылық жасау мен салыстыру, нәтижені суреттеу; “Қалай? Неліктен?” сұрақтарына жауап іздену; “Салыстырыңыздар”, “Айырмашылығын көрсетіңіздер” тапсырмаларын орындау; формуланы сөзбен айтып беру, графикті оқып беру, суретті түсіндіру, мәліметті өз сөзімен мазмұндау; мысал келтіру; таныс және түсінікті сөздермен анықтамаларды тұжырымдау.

3. Қолдану. Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Оған *ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды* практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері *түсіну* деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Оқушы үшін оқу мақсаттары: ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолдану; заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолдану; әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын көрсету;

Қолдану түріндегі тапсырмалардың мазмұны: белгілі бір проблеманы шешу үшін мәліметті қолдану немесе іске асыру; оқушының мұғалімнің көмегінсіз таныс емес проблеманы өзінше шешуі; ұстаздың тек шешімге емес, шешу процесінің құралуына да назар салуы, өйткені шешу жолы шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.

4. Талдау. Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау; бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысы қалайша құралатындығын білуді меңзейді.

Оқушы үшін оқу мақсаттары: жасырын (көзге көрінбейтін) жәйттерді ашу; ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындау; фактілер мен олардың салдарының арасын ажырату.

Талдау түріндегі тапсырмалардың мазмұны: зерттеу нысанының құрылымын анықтау мақсатымен оны құрамдас бөліктерге жіктеу; оқушының әртүрлі бөліктердің қалайша жұмыс істейтіндігін және нәтижеге қалай жеткізетіндігін анықтауы, түсіндіруі.

Түсінуден талдау мәліметті терең өңдеумен, игерумен ерекшеленеді. Оның түрлері:

1. *Негізін тану* – құрамдас бөліктерге жіктеу (мәліметтің негізгі түсініктері арасындағы қатынастарды көрсету үшін оқушылар/ студенттер оның шеңберінен шығуы керек), айтылған ойды дамыту.

2. *Астарлы мағынаны ажырату /Подтекст/* - екі тұжырымның қатынасын көрсетуді талап етеді (тура көрсетілмеген шешімдер, ассоциациялар, себеп-салдар келтірілуі мүмкін).

3. *Мотивация* – себептерді айқындау. Оқушы тура және жасырын (астарлы) мағына мен әрекеттерді танып, өз ойларын дәлелдер арқылы қорғауы керек.

5. *Жинақтау (синтез)*. Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттағы бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Оқушы үшін оқу мақсаттары: шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазу; тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсыну; қандай да болмасын бір проблеманы шешуде өз білімдерін шығармашылықпен қолдану.

Жинақтау түріндегі тапсырмалардың мазмұны: жаңа мазмұн тудыру мақсатымен элементтерді шығармашылықпен біріктіру; болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, өз тәжірибесі негізінде жаңа модель (құрылым) құрастыру.

Жұмыс және нәтиже түрлері: *шығармашылық жанрлар; жоспар құрастыру немесе тәжірибе қою, өткізу; абстрактылы ұғымдармен негізделетін нәтижелер.*

6. *Бағалау*. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Мұнда оқушының пайымдаулары нақты критерийлерге негізделуі керек:

- ішкі – құрылымдық, логикалық тұрғыдан;
- сыртқы – алдына қойылған мақсаттарға сәйкестігі тұрғысынан.

Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Оқушы үшін оқу мақсаттары: оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалау; ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындау; жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтау.

Жинақтау түріндегі тапсырмалардың мазмұны: даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдеу; оқушылар өз ойларын, идеяларын, пайымдауларын мазмұндап, оларды негіздеуі қажет.

Бұл деңгейде олар өз позицияларын нақтылық, логикалық жүйелілік, дәйектілікке негіздеуі қажет.

Осы аталған категориялар бойынша берілетін тапсырмаларда қолданылатын етістіктер:

Мақсат тар	Пайдаланылатын етістіктер
<i>Білу</i>	<i>еске түсіру, анықтау, мақұлдау, қайталау, атау, әңгімелеу, ұсыну, табу</i>
<i>Түсіну</i>	<i>қайта қарастыру, сәйкестендіру, талқылау, тарту, мойындау, қайта қарау, түсіндіру, әңгімелеу, айқындау</i>
<i>Қолдану</i>	<i>көрсету, тағайындау, орындау, суреттеу, қолдану, пайдалану, айналысу</i>
<i>Талдау</i>	<i>ажырату, саралау, үміт арту, даулау, жатқызу, салыстыру, тәжірибеден өткізу, қарама-қарсы қою, зерделеу</i>
<i>Жинақтау</i>	<i>тұжырымдау, оқыту, әзірлеу, дамыту, қайта анықтау, ұсыну, жасау</i>
<i>Бағалау</i>	<i>жорамалдау, бағалау, таңдау, баға қою, анықтау, санау, өлшеу, айыптау</i>

Мүмкін болатын сұрақтарды кестелерде көрсетейік.

1-нұсқа

Ойлау деңгейі	Сұрақтар үлгілері
Білу және түсіну	Не? Кім? Қашан? Не үлгісі болып табылады? не тұспалданады? басқаша қалай түсіндіруге болады? бұл үлгі боп табыла ма? Мен мұны өз сөзіммен сипаттай алам ба?
Қолдану	Бұл қалай пайдаланылады? Бұл немен байланысты? ... қандай жағдайларда?
Талдау	Неге? Қалай? себебі не болып табылады? Қорытынды үшін не нәрсе дәлел? ...себебі қандай? ...бір-бірімен қалай үйлеседі?
Жинақтау	Егер бұл іске асатын болса, осыдан кейін не болады? Теорияның болжамы іске аса ма? Алынған ақпарат негізінде қандай қорытынды жасадым? Бұл онымен қалай байланысты?
Бағалау	Бұл жақсы ма және неліктен? Бұл қисынды ма және не себепті?

2-нұсқа

Ойлау деңгейі	Сұрақтар үлгілері
Білу	Қай жылы болды? Қайда болды? Қалай болды? Формуласын жазыңыз. Атап көрсетіңіз.
Түсіну	Сөйлемді аяқтаңыз. Не білдіңіз? Неліктен? Сөйлемді өзгертіңіз. Өзара байланысын түсіндіріңіз. Өз сөзіңізбен айтыңыз.
Қолдану	Бірнеше тәсілмен шешіңіз. Құбылыстың негізін түсіндіріңіз. Жорамалды тексеріңіз. Қорытынды жасаңыз.
Талдау	Құрылымы қандай? Топтастырыңыз. Салдары не? Салыстырыңыз. Бөліктерге бөліңіз. Себебін талдаңыз.
Топтау	Өз шешеміңізді көрсетіңіз. Алгоритм ұсыныңыз. Баламасын табыңыз. Бөліктерден құраңыз. Жүйелеңіз. Зерттеңіз.
Білімді бағалау	Қосынды ойды бағалаңыз. Жетістіктерін атаңыз. Өлшемдерін көрсетіңіз. Сәйкестігі қандай? Қаншалықты дұрыс? Өз ойыңыз?

Таным мен ойлау деңгейі бойынша білу шкаласы «төменгі» деп, түсіну мен қолдану шкаласы «орта» деп, талдау(анализ), синтез және бағалау шкалалары «жоғарғы» деп бағаланады.

Блум таксономиясы бойынша диагностика

Оқушылардың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау кестелері:

Мектеп N..... Сынып Пән Мұғалім Мерзімі «.....».....

Деңгейлер	1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл
	/	/	/
	оқушылар саны	оқушылар саны	оқушылар саны
Білу			
Түсіну			
Қолдану			
Талдау			
Топтау			
Бағалау			

N	Оқушының тегі, аты-жөні	Білу	Түсіну	Қолдану	Топтау	Бағалау
1						
2						
3						

Ескерту: Бірінші бағанға оқушының тегі, аты-жөні жазылады. Одан әрі осы оқушының бақылауға (диагностикалау) алынған кездегі танымдық қабілетінің деңгейі

көрсетіледі. Мұны оқушының оқу модулінің сөйлесу бөлімінде қандай деңгей тапсырмаларын орындайтынын талдап, айқындауға болады:

- III деңгей тапсырмалары – «білу» және «талдау» деңгейіне;
- II деңгей тапсырмалары – «қолдану» және «талдау» деңгейіне,
- I деңгей тапсырмалары – «топтау» және «білімін бағалау» деңгейіне сәйкес келеді.

Егер оқушының шамасы тек қана III (жеңілдетілген) деңгей тапсырмаларына жететін болса, оның танымдық қабілеттерін даму деңгейі ең төменгі талап деңгей - «білу» және «түсіну» ауқымында. II деңгей тапсырмаларын орындайтын оқушы «топтау» және «білімін бағалау» деңгейінде.

Зерттеу жүргізілгенде диагностиканы оқу жылының басында және соңында 3-4 жыл бойына өткізуге болады. Бұл жеке оқушының да, сыныптың барлық оқушыларының да танымдық қабілеттерінің даму динамикасы анықтауға мүмкіндік береді.

Он екі баллдық жүйе енгізгенде оқушылардың білімін бағалау балын бөлу жобасы (танымдық қабілеттерінің даму деңгейі)

Мақсат	Белгілері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ұпай
Білім (знание)	Берілген жаңа түсінікті ұғу, еске ұстау, бұрынғы білімді еске түсіру.	Айтындар, жазындар, атап беріндер, орнына қойындар.	Тыңдайды, қабылдайды, еске сақтайды, ойлайды.	1 б 2 б
Түсіну (понимание)	Жаңа материалда берілетін білімді түсіну, өзінше түсіндіру немесе болжам жасауы.	Өз ойларыңды айтындар, түсіндіріңдер, ұқсастық, айырмашылығын көрсетіндер, мәнін түсіндіріңдер.	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады.	3 б 4 б
Қолдану (применение)	Ережелерді, әдістерді, заңдарды, ұғымдарды, қағидаларды, теорияны қолдану. Оқушы жаңа жағдайларда ұғымдар мен қағидаларды пайдаланады, әдісті немесе әрекетті дұрыс қолдануын көрсетеді.	Қолданыңдар, табындар, пайдаланыңдар.	Бұрынғы білім негізінде соны пайдалана отырып жаңа проблеме шешеді.	5 б 6 б
Талдау (анализ)	Біртұтастың бөліктерін белгілеу: олардың өзара байланысын айқындау; тұтасты ұйымдастыру қағидаларын түсіну. Оқушы қисынды ойланудағы қатерлері мен кемшіліктерін көрсетеді.	Былай қарағанда, салыстырғанда, басқаша ойластырғанда, басқаша ерекшелігін табындар, негізгі қасиетін дәлелдендер.	Ойланады, салыстырады табады, талқылайды, ашады, ізденеді.	7 б 8 б
Жинақтау (синтез)	Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау (жалқыдан жалпыға).	Құрайық, ойланайық (жаңа нәрсе), керісінше, мүмкін.	Ойланып табады, құрастырады шығарады, байланыстырады. Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.	9 б 10 б
Бағалау (сын пайымдау)	Жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау, пайымдау.	Бәрінен жақсы, бәрінен жаман, неге солай, пікірдің біреуіне келісемін, сын айтындар.	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.	11 б 12 б

6-Лекция. Оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдары

Жоспар:

1. Рейтинг бақылау

2. PISA халықаралық зерттеуі және оның мақсаты мен міндеттері

3. PISA халықаралық зерттеуінің негізгі бағыттары

3. Рейтинг бақылау

Қазіргі таңда елімізде білім берудің жаңа жүйесі қалыптасып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталуда. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңында жастардың жаңа ақпаратты өздігінен дұрыс қабылдап, бағалай білуі, теориялық және нақты жағдайларды нарықтық қатынастар жағдайында өз бетімен талдай алуы, сондай-ақ өмірдің әртүрлі салаларында тәуелсіз еңбек етуге дайын болуы маңызды мақсаттар ретінде айқындалған. Осы ретте ЖОО-да рейтингтік бақылау жүйесі енгізілген.

Рейтингтік бақылау – білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі түрде бағалауға және олардың оқу белсенділігін арттыруға бағытталған бақылау жүйесі. Бұл әдіс білім алушылардың оқу үдерісіне үздіксіз қатысуын қамтамасыз етіп, олардың жетістіктерін белгілі бір уақыт аралығында жинақталған ұпайлар (рейтингтер) арқылы бағалауға мүмкіндік береді.

Рейтингтік бақылаудың ерекшеліктері:

- **Жиынтық ұпай жүйесі** – білім алушы әртүрлі оқу тапсырмалары үшін ұпай жинайды.

- **Үздіксіз бағалау** – оқу жылы немесе семестр бойы бірнеше кезеңде өткізіледі.

- **Объективтілік** – бағалау нақты критерийлерге негізделеді.

- **Өзін-өзі реттеу** – білім алушылар өз рейтингін бақылап, оны жақсартуға мүмкіндік алады.

Рейтингтік бақылау түрлері:

1. **Ағымдық рейтинг** – сабақтардағы белсенділік, тапсырмаларды орындау, үй жұмыстары үшін алынған ұпайлар.

2. **Аралық рейтинг** – белгілі бір оқу кезеңінде (ай, тоқсан, семестр) жиналған ұпайлар (модульдік тесттер, практикалық жұмыстарды қорғау, аралық емтихандар).

3. **Қорытынды рейтинг** – оқу жылының немесе курстың соңында барлық жинақталған ұпайларды есепке ала отырып шығарылатын баға (қорытынды емтихан, жобалар мен дипломдық жұмыстар).

4. **Өзіндік рейтингтік бақылау** - білім алушылар өздерінің оқу жетістіктерін өздері бағалау (**өзін-өзі бағалау кестелері**, портфолио әдісі, рефлексиялық есептер)

5. **Топтық рейтингтік бақылау** - білім алушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды (топтық жобалар, құрдастардың бағалау, кері байланыс және пікірталас)

Рейтингтік бақылаудың артықшылықтары:

- Білім алушыларды жүйелі түрде оқуға ынталандырады.

- Оқу үлгерімінің динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

- Білім алушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытады.

- Бағалаудың ашықтығын және әділдігін қамтамасыз етеді.

Рейтингтік бақылаудың кемшіліктері:

- Білім алушыларға үнемі жоғары нәтиже көрсету қысымы түсуі мүмкін.

- Кейбір білім алушылар үшін жүйелі түрде ұпай жинау қиындық тудыруы мүмкін.

- Барлық оқу жетістіктерін сандармен өлшеу кейбір пәндер үшін қолайсыз болуы мүмкін.

Рейтингтік бақылау – білімді бағалаудың тиімді және әділ әдістерінің бірі. Ол білім алушылардың оқу белсенділігін арттырып, олардың үздіксіз дамуына ықпал етеді.

Дегенмен, оны басқа бағалау әдістерімен үйлестіру оқыту сапасын жақсартуға көмектеседі.

Біздің университетте бекітілген **білім алушының білімін бағалау саясаты**.

Білім алушылардың үлгерімін бағалау ағымдық пен межелік бақылаулардың және аралық аттестаттаудың балдарынан тұрады. Бақылаудың барлық түрі 100 балдық шкалада бағаланады.

Ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лабораториялық, семинар, студиялық, БӨЖ (СОӨЖ/СӨЖ, МОӨЖ/МӨЖ, ДООЖ/ДӨЖ) және т.б. сабақтарында 100 балдық шкалада бағалап электрондық журналға қояды. Ағымдық бақылаудың қорытынды балы сабақтардың түрлері бойынша балдардың үлес салмағы ескеріліп есептеледі. Сабақтардың түрлері бойынша балдарының үлес салмағы келесі кестеге сәйкес болады.

Сабақтың түрлері	Үлес салмағы							
Лекция (L)	K ₁	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2
Практикалық (Семинар) сабақ (P)	K ₂	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5
Лабораториялық (Зертханалық) сабақ (Z)	K ₃	0	0	0	0	0	0	0
Студиялық сабақ (S)	K ₄	0	0	0	0	0	0	0
БӨЖ (B)	K ₅	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
Жалпы	1	1	1	1	1	1	1	1

Бағалауды компьютер төменде көрсетілген формулаларға сәйкес автоматты түрде жүргізеді.

$$AB1(AB2) = K_1 \cdot L_{op} + K_2 \cdot P_{op} + K_3 \cdot Z_{op} + K_4 \cdot S_{op} + K_5 \cdot B_{op}$$

L_{op} -лекция бойынша, P_{op} -практика бойынша, Z_{op} -зертханалық сабақ бойынша, S_{op} - студиялық сабақ бойынша, B_{op} - БӨЖ бойынша орташа балдар.

7-ші және 15-ші апталардағы қорытынды рейтинг балы келесі түрде есептеледі:

$$P1(P2) = 0,5 * AB1(AB2) + 0,5 * MB1(MB2)$$

P1 - бірінші рейтинг, P2 - екінші рейтинг.

Емтиханға жіберу рейтингісі есептеу:

$$PЖ = \frac{P1 + P2}{2}$$

Емтиханға жіберу рейтингісі $PЖ \geq 50$ болу керек.

Ағымдық және межелік бақылаулар білім алушының қорытынды балының 60%-ын құрайды, ал қалған 40%-ды емтиханнан жинайды.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:

$$Қорытынды бағалау (ҚБ) = 0,6 * PЖ + 0,4 * E$$

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шәкілі және ECTS аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

2. PISA халықаралық зерттеуі және оның мақсаты мен міндеттері

PISA (Programme for International Student Assessment) – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) жүргізетін халықаралық зерттеу. PISA Халықаралық бағдарламасы оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтарын, нақты бір оқу пәндерімен тікелей байланысты емес мәселелерді шешу біліктіліктерін бағалауға бағытталған. Зерттеу құралдары, оқушылардың өмірде кездесуі мүмкін проблемаларды шешуде жалпы оқыту дағдыларының қалыптасқандығын және жаңа қоғамда тиімді қызмет етуін бағалау **мақсатын** көздейді. Зерттеу **объектісі** болып 15 жастағы оқушылардың білім жетістіктері. Көптеген елдерде жасөспірімдер 15-жаста негізгі білім беру сатысын аяқтап, ересек өмірге дайындалады, осыған сәйкес зерттеудің негізгі міндеті он бес жастағы оқушылардың өз беттерінше өмір сүрулеріне қажет білім, білік, дағдыларын анықтау болып табылады.

PISA мақсаты:

- Оқушылардың білімін өмірде қолдану дағдыларын анықтау.
- Әртүрлі елдердегі білім беру жүйесінің тиімділігін салыстыру.
- Білім беру сапасын жақсартуға арналған ұсыныстар жасау.

PISA міндеттері:

1. **Функционалдық сауаттылықты бағалау** - оқушылардың алған білімін күнделікті өмірде пайдалану қабілетін тексеру.

2. **Үш негізгі бағыт бойынша бағалау:**

• **Математикалық сауаттылық** – сандармен, формулалармен, логикалық есептермен жұмыс істеу.

• **Жаратылыстану сауаттылығы** – ғылыми ойлау, зерттеу, қоршаған ортаға қатысты мәселелерді талдау.

• **Оқу сауаттылығы** – мәтінді түсіну, мағынасын саралау, ақпаратпен жұмыс істеу.

3. **Білім беру жүйелерін салыстыру**

- Әртүрлі елдерде білім беру сапасының айырмашылықтарын анықтау.
- Озық білім беру тәжірибелерін зерттеу.

4. **Оқушылардың ойлау және талдау қабілеттерін бағалау** - шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу дағдыларын тексеру.

PISA зерттеуінің ерекшеліктері:

- 15 жастағы оқушылар тест тапсырады (сыныпқа тәуелсіз).
- Үш жыл сайын өткізіледі (2000 жылдан бері).
- Тек білім емес, оның өмірлік маңыздылығы тексеріледі.
- Компьютерлік форматта жүргізіледі.

Қазақстан және PISA:

- Қазақстан PISA зерттеуіне **2009 жылдан бері** қатысып келеді.
- Зерттеу нәтижелері білім беру реформаларына әсер етеді.
- Негізгі бағыт – оқушылардың **функционалдық сауаттылығын арттыру**.

PISA халықаралық зерттеуі оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Зерттеу оқушылардың заттың терең мағынасын түсінуі мен себеп салдардың байланысын, жан-жақты оқу әрекеттерін мен оқудың негізін құрайтын: шығармашылық тапсырмаларды шешу мен табу дағдылары, мәліметтерді талдауы және түсіне білуі тексеріледі. Оқушылар өмірлік жағдайларда кездесетін проблемаларға қатысады. Олар кешенді ойлануды талап ететін жоспарлау мен бағалауды, проблемаларды шешуді, дәлелдемелер келтіруді және шешімдер қабылдауды және т.б.қажет ететін тапсырмаларды орындайды.

Зерттеу оқушылардың оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын және интеллектуалдық қабілеттерін қолдана білу ептіліктерін бағалауға басым көңіл бөлінген. Зерттеудің әрбір кезеңінде үш зерттеу бағыттарының біріне ерекше көңіл (тесттің үштен екі бөлігі) бөлінеді. 2000 жылы зерттеудің негізгі бағыты «оқу сауаттылығы», 2003 жылы – «математикалық сауаттылық», 2006 жылы – «жаратылыстану сауаттылығы», 2009 жылы – «оқу сауаттылығы» және 2012 жылы - білім жетістіктерін бағалаудың негізгі аймағы «математикалық сауаттылығы» болды. PISA зерттеуінің әрбір кезеңіндегі бағалаудың басым аймағындағы өзгеріс зерттеудің негізгі бағыты бойынша толық ақпарат алуға және осы бағыттағы жетістіктеріне салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді.

PISA зерттеуінің құралдары:

- Тест тапсырмалары бар буклеттер;
- Білім беру ұйымының әкімшілігіне арналған сауалнама;
- Білім беру ұйымы оқушыларына арналған сауалнама;
- Тест өткізу туралы нұсқаулық;
- Білім беру ұйымының үйлестірушісіне арналған нұсқаулық;
- Тест тапсырмаларын бағалау, мәліметтерді енгізу және өңдеу жөніндегі нұсқаулықтар.

PISA зерттеуінің құралдары Консорциумның басшылығымен, жетекші халықаралық ұйымдарының сарапшылары мен қатысушы елдердің мамандарымен өңделеді.

Әрбір оқушының тесті орындауы, әр жеке зерттеу бағытына (математика және жаратылыстану) байланысты халықаралық 1000 балдық шкаламен бағаланады. Сонымен қатар, әрбір тапсырманың қиындық деңгейіне, нәтижелі орындау мүмкіндігіне байланысты сол шкалаға сәйкес жеке балдар беріледі. Зерттеуге қатысушы елдер оқушыларының 2/3 бөлігіне жуығы 400 бен 600 аралығындағы балл нәтижесін көрсеткен. Бұл стандартты ауытқуы 100 болатын орташа мәні 500 балға тең халықаралық 1000 балдық шкала сипаттына сәйкес. Қатысушы елдің оқушыларының тапсырмаларды (ең қиын) орындай алуы әрбір ел үшін орта балл көрсеткіші болып табылады.

3. PISA халықаралық зерттеуінің негізгі бағыттары

1. Жаратылыстану сауаттылығы. PISA зерттеуінде ғылыми жаратылыстану сауаттылығы ретінде ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетінен қосылатын өзгерістерді түсінуге және сәйкесінше шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздемелі қорытындылар жасай білу қабілеттерімен түсіндіріледі. Ғылыми жаратылыстану сауаттылығын төрт аймаққа бөлуге болады:

- ғылым мен технологияға сүйенетін өмірлік жағдайларды танып білуі (контекст);
- қоршаған орта мен ғылым туралы білімдерден тұратын ғылыми білімдердің негізінде техниканы қоса қоршаған әлемді түсінуі (білім);
- ғылыми сұрақтарды ажырата білуі, ғылыми жаратылыстану құбылыстарын түсіндіруі, айқын нақтылықтар мен дәлелдемелердің негізінде қорытындылар жасауы үшін ғылыми білімдерді қолданудан тұратын құзыреттіліктерді көрсетуі (құзіреттіліктер);
- ғылыми жаратылыстану біліміне деген қызығушылығы. PISA зерттеуінде бағаланатын ғылым жаратылыстану білімдері, машықтары мен дағдылары ғылыми жаратылыстану циклі пәндерін – физиканы (астрономия элементтерімен), биологияны, химияны, географияны оқуда қамтиды.

2. PISA халықаралық зерттеуінің математика сауаттылығы бойынша тест тапсырмалары оқушының жеке ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Ол математикалық ойлаудан және құбылыстарды сипаттауға, түсіндіруге және болжау үшін математикалық тұжырымдамаларды, рәсімдерді, айғақтарды және құбылысты қолданудан тұрады. PISA тестіндегі математикалық тапсырмалар сонымен бірге, оқушыларға математиканың олардың өмірінде қандай рөл атқаратынын түсінуге көмектеседі. PISA тестіндегі математикалық тапсырмалар оқушыларға сандық, кеңістік, ықтимал болатын

және басқа да математикалық тұжырымдамалары бар математикалық мәселелерді талдауға, ойластыруға, шешуге және түсінік беруге мүмкіндік туғызады. Сонымен, PISA зерттеуінде 15-жастағы оқушылардың күнделікті өмірде туындайтын көптеген мәселелерді шешу үшін алған білім және біліктілік қабілеттерін анықтау және бұл қабілеттіліктің даму тенденцияларын айқындау басым сипатта болып табылады.

15-жастағы оқушылардың математикалық дайындықтарын тексеру мазмұны математикалық сауаттылық түсінігіне негізделген, ол «адамның өмір сүретін әлемде математиканың рөлін анықтау және түсіну қабілеті, жақсы қисынды математикалық пікірлерді айту, қазір және келешекте мүдделі, саналы азамат жасайтын қажеттілігін қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу» деген түсінікті береді.

Математикалық сауаттылық деген ұғымға оқушылардың келесі қабілеттіліктері жатады:

- қоршаған ортада пайда болатын және математика арқылы шешуге болатын
- мәселелерді тани білу;
- бұл мәселелерді математика тілінде құрастыру;
- бұл мәселелерді математикалық айғақтар мен әдістерді қолдана отырып шешу;
- шешімдерде қолданылған әдістерді талдау;
- қойылған мәселелерді есепке ала отырып нәтижелерді түсіндіру;
- шешімдердің нәтижелерін құрастырып жазу.

PISA зерттеуінде оқушыларға қазақстандық мониторингтік зерттеулерге тән типтік математикалық есептер ұсынылмайды. Бұл зерттеудегі математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі, спорт және т.б. туралы мәліметтер ұсынылады. Зерттеу тұжырымдамасына сәйкес, әрбір тапсырма математиканың мазмұнды бөлімдерінің біріне сәйкес келеді:

- сандар;
- кеңістік және форма;
- өзгерістер мен қатынастар;
- белгісіздік.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының деңгейі, осы аталған мазмұнды бөлімдермен қатар «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейімен сипатталады. Оқушылардың математикалық құзыреттілігі зерттеуде «тұлғаның математикалық білімдерінің, біліктілігінің, үндесуімен» құзыреттіліктің анықталады. тәжірибесінің Зерттеуде және қабілеттерінің үш математикалық деңгейлері қарастырылады: елестету деңгейі, байланыс орнату деңгейі, ойлау деңгейі.

3. Оқу сауаттылығы

PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы ұғымын оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы деп түсінуге болады. Оқу сауаттылығын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалауға емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Оқу сауаттылығын бағалау барысында үш аспекті есепке алынады:


- оқу материалдарының форматы,
- тапсырманың түрі,
- мәтіннің қолдану жағдайы немесе мақсаттары.

Зерттеу барысында мәтінді толық түсінгенін дәлелдейтін машықтары мен меңгере білу деңгейлері бағаланады: мәліметті табу, мәтінді түсіндіріп беру, мәтіннің мазмұнына немесе оның формасына рефлексия және олардың бағасы.

PISA зерттеуінің тапсырмаларынан мысалдар

ЖАРЫС МАШИНАСЫНЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ Төмендегі графикте, үш километрлік, өр және түсулерсіз, айналмалы тас жолда жарыс машинасының жылдамдығының қалай өзгергені көрсетілген.

Сұрақ 5: **ЖАРЫС МАШИНАСЫНЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ** Сөре сызығынан ең ұзын тура сызықтың басына дейінгі арақашықтық неге тең?



- A 0,5 км
- B 1,5 км
- C 2,3 км
- D 2,6 км


Сұрақ 6: **ЖАРЫС МАШИНАСЫНЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ** Екінші айналымда тас жолдың қай жерінде машинаның жылдамдығы ең аз болды?

- A Сөре сызығында
- B Шамамен 0,8 км белгісінде
- C Шамамен 1,3 км белгісінде
- D Шамамен тас жолдың ортасында





Сұрақ 7: **ЖАРЫС МАШИНАСЫНЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ** 2,6 км және 2,8 км белгілері қойылған тас жолдағы машинаның жылдамдығы туралы не айтуға болады?

- A Машинаның жылдамдығы бір қалыпта қалды
- B Машинаның жылдамдығы үлкейді
- C Машинаның жылдамдығы азайды
- D Берілген кестеден машинаның жылдамдығын анықтау мүмкін емес

Сұрақ 8: **ЖАРЫС МАШИНАСЫНЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ** Төменде 5 түрлі пішінде келтірілген жарыс тас жолдары көрсетілген: Жоғарыда келтірілген кестедегі жылдамдықты көре отырып, жарыс машинасы мына тас жолдың қайсысымен жүрді?



Сұрақ 9: ҮШБҰРЫШТАР ҮШБҰРЫШТАР Төменде сипаттамасы келтірілген фигураны айналдыра сызыңыз. PQR тікбұрышты үшбұрыш, онда берілген R - тік бұрыш. RQ қабырғасы PR қабырғасынан қысқа. M - PQ қабырғасының ортасы және N – QR қабырғасының ортасы. S берілген үшбұрыштың ортасындағы нүкте. MN кескіні MS кескініне қарағанда ұзынырақ.



7-Лекция. Бақылау-бағалау жүйесіндегі портфолио және оның педагогикалық міндетті

Жоспар:

1. Портфолио және оның түрлері.
2. Портфолионың қызметі мен құрамы.
3. Портфолионы құрастыру мен жүргізу әдістемесі.
4. Портфолионы бағалаудың негізгі тәсілдері және Web-портфолио.
5. Мұғалім портфолиосы

1. Портфолио және оның түрлері.

Портфолио (portfolio – ағылшын сөзі.) – портфель сөзі – маңызды құжаттар үшін арналған папка деген мағынаны білдіреді. «Шетелдің жаңа сөздігінде» портфолио визиттік карточка есебінде қолданылады, яғни, адам туралы ақпарат, ұйымның белгілі құжаттарының жинағы, жұмыс үлгілері деп түсіндіреді.

Портфолио – бұл белгілі бір адамның жетістіктерін, білімін, дағдыларын және тәжірибесін көрсететін жинақ. Ол көбінесе кәсіби салада немесе білім беру жүйесінде қолданылады.

Білім беру саласында портфолио білім алушының дамуын, жетістіктерін және оқу жетістіктерін қадағалау үшін қолданылады.

Портфолио түрлері

1. Кәсіби портфолио – жұмыскердің немесе маманның кәсіби тәжірибесін, жетістіктерін және жобаларын көрсететін құжаттар жиынтығы.
2. Шығармашылық портфолио – дизайнерлер, суретшілер, жазушылар және басқа шығармашылық саланың мамандары үшін жасалады.
3. Білім алушының портфолиосы – білім алушының оқу процесіндегі жетістіктерін жинақтайтын құжат.

Білім алушы портфолиосының әр түрі бар, олардың әрқайсысы оқытуда және бағалауда бағдарламаның бір бөлігі сияқты нақтылы мақсаттарға қызмет көрсете алады. Портфолио түрлерінің төменде келтірілген тізімі ғылыми әдебиетте жиі беріледі:

1. **Жұмыс портфолиосы** – білім алушының рефераттары, зерттеу жұмыстары, эсселері, шығармашылық жұмыстары жинақталады. Ол нақтылы мерзім ішіндегі іріктеп алынған жұмыстарды жинақтайды және жоспарланған нәтижелеріне қарап оқушының табыстарының өзгерісін көрсетеді. Жұмыс портфолиосы барлық мидағы жазылған идеялардан, жобалардан және оқушының толық бітірген жұмыстарын қамтиды (презентация, шығарма, эссе тағы сол сияқтылар). Портфолио материалдары нақты бір білім беретін мақсаттарға бағытталғанда ғана мағыналы болып қалыптасады. Портфолиоға күшті және әлсіз жұмыстар да кіре алады.

2. **Жетістіктер (демонстрациялық) портфолиосы** – грамоталар, сертификаттар, ғылыми жобалар, спорттық және мәдени жетістіктер кіреді. Бұл портфолио түрі суммативті бағалауда өте көп қолданылады. Ол мұғалім мен оқушылардың таңдап алған жақсы жұмыстарынан тұрады. Тек қана толық аяқталған жұмыстар осы портфолио түріне кіреді. Портфолионың бұл түрін көбінесе көрнекілік құралдармен толықтырады: фотосурет, бейнежазбалармен, компьютер арқылы есептелген нәтижелермен.

3. **Кәсіби даму портфолиосы** – білім алушының болашақ мамандығына байланысты білімін, дағдыларын, өткен курстарын және тәжірибесін жинақтайды. Бұл портфолио оқу процесінің барлық кезеңдерін немесе негізгі аспектілерін құжаттайды. Оқу барысын толық құжаттау үшін тиімді құрал болып табылады. Ол білім алушының меңгерген нақты білімін, дағдыларын және бастапқы деңгейден жоғары деңгейге жетуін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл портфолио ойлау күнделіктерін, жазбаша идеяларды және басқа да рефлексиялық материалдарды қамтиды.

Портфолио іріктеп алынған жақсы жұмыстарды көрсететіндіктен, жоспарлаған нәтижелерінің табысқа кенелгендігін, оқушының өсуі мен дамуын көрсететін оқушы өзі таңдап алған жұмыстардан тұрады.

Портфолионың маңызы

- Білім алушы үшін – жетістіктерін көруге, өз-өзін дамытуға және болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыруға көмектеседі.

- Мұғалім үшін – оқушының даму динамикасын бағалауға және қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

- Ата-ана үшін – баласының жетістіктерін бақылауға және оны ынталандыруға көмектеседі.

2. Портфолионың қызметі мен құрамы

Портфолио – адамның білімі мен тәжірибесін көрсететін маңызды құжат. Оның негізгі қызметтері:

1. Жинақтау қызметі – білім алушы немесе маманның барлық маңызды жетістіктері мен тәжірибесін жүйелі түрде жинақтайды.

2. Бағалау қызметі – оқушының немесе қызметкердің даму деңгейін бақылауға және бағалауға мүмкіндік береді.

3. Мақсат қою қызметі – болашақ жоспарларды анықтауға және жеке даму бағыттарын белгілеуге көмектеседі.

4. Презентациялық қызметі – өзін-өзі таныстыруға, жұмыс берушілерге немесе оқытушыларға өз қабілеттерін көрсетуге арналған.

5. Рефлексиялық қызметі – адамның жеке өсуі мен кәсіби дамуын талдауына мүмкіндік береді.

6. Мотивациялық қызметі – жетістіктерді көру арқылы өзін-өзі ынталандыруға әсер етеді.

Портфолио мазмұны (күрамы) оның мақсатына байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ негізгі бөлімдері мыналар:

1. Титул парағы (Мұқаба беті): Аты-жөні; Фото (міндетті емес); Байланыс мәліметтері; Портфолионың мақсаты.
2. Өмірбаян (Қысқаша ақпарат): Өзі туралы жалпы мәлімет; Білімі мен кәсіби; қызығушылықтары; Болашақ мақсаттары.
3. Білім және дағдылар: Оқу орындары, дипломдар, сертификаттар; Қосымша курстар мен тренингтер; Жеке және кәсіби дағдылар.
4. Жетістіктер мен марапаттар: Дипломдар, грамоталар; Олимпиада, конкурс және жарыстардағы жеңістер; Ғылыми зерттеулер немесе жобалар.
5. Жұмыс тәжірибесі немесе жобалар: Орындалған жұмыстар мен жобалар; Портфолиоға сілтемелер (егер онлайн форматта болса); Жоба сипаттамалары мен нәтижелері.
6. Кері байланыс (Пікірлер мен ұсыныстар): Мұғалімдер, әріптестер немесе жұмыс берушілердің пікірлері; Ұсыныстар мен алғыс хаттар.
7. Қосымша ақпарат Қоғамдық қызмет, еріктілік жұмыстары; Хобби, қызығушылықтар; Болашақ жоспарлар.

3. Портфолионы құрастыру мен жүргізу әдістемесі

Портфолионы құрастыру бірнеше кезеңдерден тұрады. Олар:

1-кезең: Ұйымдастыру және жоспарлау

Бұл – портфолионы қалыптастырудың алғашқы кезеңі. Мұнда оқушы мен мұғалім бірлесіп, портфолионың құрылымы мен мазмұнын анықтайды. Олар қандай материалдар енгізілуі керектігін талқылап, портфолионың негізгі мақсаты мен маңызын түсінеді. Бұл оқушыға өзін-өзі бағалау құралы ретінде портфолионы дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Мұғалім мен оқушы келесі сұрақтарға жауап беруі қажет:

- Осы пән бойынша маңызды материалдарды қалай және қандай көлемде таңдауға болады?
- Жиналған материалдарды қалай жүйелеу және ұсыну керек?
- Портфолионың құрылымы, мазмұны және сақталуы қалай ұйымдастырылады?

2-кезең: Жинақтау

Бұл кезеңде оқушы өзінің оқу жетістіктерін көрсететін маңызды жұмыстарды жинайды. Портфолио мазмұны алдын ала белгіленген мақсаттар мен міндеттерге негізделе отырып таңдалады.

Материалдар келесі факторларды ескере отырып іріктелуі қажет:

- Тақырыптың мазмұны мен ерекшелігі
- Оқу процесінің талаптары
- Жобалар, арнайы тапсырмалар немесе бөлімдер

Портфолиоға енгізілген материалдар бағалау стандарттары мен критерийлеріне сәйкес келуі тиіс.

3-кезең: Рефлексия

Бұл кезеңде оқушы өз жұмысына талдау жасап, алған білімдері мен дағдыларын түсіну деңгейін бағалайды. Рефлексия ойлау процесін дамытып, оқу барысында жасалған қадамдарды саналы түрде қарастыруға көмектеседі.

Рефлексияның нәтижелері түрлі форматта ұсынылуы мүмкін:

- Ойлау күнделіктері
- Орындаған тапсырмалардың талдауы
- Жұмыс барысында туындаған идеяларды жазу

Мұғалімнің рефлексиясы мен ата-аналардың пікірі оқушының жетістіктерін кешенді түрде бағалау үшін біріктірілуі керек. Бұл кезең оқытудың әртүрлі әдістерін жетілдіруге және оқушылардың қажеттіліктеріне сай икемделген бағалау жүйесін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Тиімді портфолио қандай сипаттамаларға лайық болуы керек?

Портфолионың көмегі көп қырлы болғандықтан, келесі сапалармен сипатталады:

▪ үздіксіз процесс болып табылады да, формативті және суммативті бағалауды қамтамасыз етеді, негізгі жоспарланған нәтижелердің табысқа жету жолындағы оқушының өрлеуін барлауға мүмкіндік береді.

▪ оқушылардың оқу процесіндегі әр түрлі жұмыстарын, әр түрлі өткерген іс-әрекеттерін кеңейтілген тұрғыда көрсетеді.

▪ бірлескен рефлексияны ескереді, оқушылардың ойлау процесі мен өзін-өзі талдауын, өзінің қабылдауы мен түсінуін қадағалайды; мәселені шешу жолын ой өзегінен өткізіп, шешімді қабылдау мен өзінің өсуін бақылайды, пәннің мазмұны мен дағдыларын жетілдіреді .

Портфолионы жасау әдістері:

- **Қағаз түрінде (дәстүрлі)** – барлық құжаттарды басып шығарып, папкаға жинау.

- **Электронды түрде (цифрлық)** – PDF, Word немесе PowerPoint форматында жасау.

- **Онлайн платформада** – жеке веб-сайт, Google Sites, Behance, Dribbble, LinkedIn немесе арнайы портфолио платформалары.

4. Портфолионы бағалаудың негізгі тәсілдері және Web-портфолио

Білім алушының портфолиосын бағалау – оның оқу процесінде жеткен жетістіктерін, дағдыларын және даму динамикасын кешенді түрде талдауға бағытталған тәсілдер жиынтығы. Негізгі тәсілдерге мыналар жатады:

1. Сапалық (Құндылыққа негізделген) бағалау

Бұл тәсіл білім алушының шығармашылық, зерттеу және практикалық жұмыстарын талдауға негізделеді:

• Рефлексиялық талдау – білім алушының өз жұмысын сыни тұрғыда бағалауы, жетістіктерін сипаттауы.

• Сипаттамалық бағалау – мұғалімнің немесе сарапшының портфолиодағы материалдарға негізделген пікірі.

• Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау – студенттер өз жұмыстарын немесе сыныптастарының жұмыстарын талдап, кері байланыс береді.

2. Сандық (Қалыптастырушы және жиынтық) бағалау

Бұл тәсіл белгілі бір критерийлер мен индикаторларға негізделген:

• Рубрикалар (бағалау шкаласы) – портфолиодағы жұмыстардың сапасын өлшеу үшін арнайы критерийлер жиынтығы.

• Балдық жүйе – әр бөлімге белгілі бір ұпай беріледі.

• Динамикалық бағалау – білім алушының прогрессін уақыт бойынша салыстыру.

3. Нормативтік бағалау

Білім алушының жетістіктерін стандарттармен немесе оқу мақсаттарымен салыстыруға негізделген:

• Білім стандарттарына сәйкестік – мемлекеттік немесе халықаралық талаптарға сәйкес келуі.

• Құзыреттілік деңгейлері – пәндік және жалпы дағдылар бойынша бағалау.

4. Диагностикалық бағалау

Білім алушының күшті және әлсіз тұстарын анықтауға бағытталған:

• SWOT-талдау – білім алушының мүмкіндіктері мен кедергілерін талдау.

• Жеке даму картасы – болашақтағы оқу жоспарларын құруға көмектеседі.

Дәстүрлі әдістерге қарағанда портфолио оқушыларды оқытудағы бағалаудың мүмкіндігін, өте жақсы әдісін қолдануды ұсынады. Портфолионың көмегімен жетістікті бағалауға көп мүмкіндік туады, оқу процесін мұғалімдер мен оқушылар өте кең көлемде бақылауға, жорамалдауға, тәуекел етуге, шығармашылық ойлауды дамыту мен оқытуды, өзінің жетістіктерін бағалауды үйретеді. Бағалау әділетті болу үшін, мұғалімдерге оқушының дамуын бағалаудың түрлі стратегияларын қолдану керек.

Портфолионы бағалау белгілері:

- саналылық (рефлексияның және шығармашылық ойлаудың бар болуы);
- оқу жоспарының негізгі мақсаттарымен және индикаторларымен сәйкес өсуі және дамуы;

- негізгі процесстерді түсінуі және қолдануы;
- аталып өткен талаптарға портфолиодағы көрсетілген жұмыстардың сәйкестігі;
- түрлі жазулар (мысалы, түрлі формаларды қолдану, жоспарланған стандарттарды оқушылардың жетістіктерімен көрсету).

Мұғалім мен оқушының бағалауда бірге жұмыс істеуі маңызды. Оқушылардың табыстарын бағалайтын басты белгілерді пайдаланғанда формативті және суммативті бағалаулар да қолданылады. Мұғалімдер мен оқушылар портфолиоға енгізілетін маңызды және нақты жұмыстарды барлық оқу жылы ағымында шынайы ынтымақтастықта анықтай алады. Бұдан басқа, олар баллдар жүйесі мен бағаларды жетілдіріп, соның көмегімен портфолиодағы жұмыстар бағаланады. Айдарлар, ережелер және баллдар портфолиодағы әрбір бөлім үшін де жасала алады. Сонымен қатар, жұмыстарға қойылған белгілер (бағалар, баллдар) суммативті бағалау үшін қосылу керек. Суммативті бағалау процесі кезінде портфолионың барлық бөлімдері мұқият талданып, шешім қабылдау процесі мен жұмыстарды бағалағанда мұғалімді, оқушыны, сарапшылар тобын қатыстыру керек.

Білім алушының Web-портфолиосы – бұл студенттің немесе оқушының оқу жетістіктерін, жобаларын, дағдыларын және кәсіби дамуын көрсететін жеке веб-сайт немесе электрондық ресурс. Ол білім алушының академиялық және шығармашылық жетістіктерін цифрлық форматта ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Web-портфолионың негізгі бөлімдері:

1. Басты бет (Homepage):

- Қысқаша өзін-өзі таныстыру,
- Жеке логотип немесе фото (қажет болса),
- Мақсаттар мен қызығушылықтар.

2. Мен туралы (About Me):

- Білімі, курстар, семинарлар,
- Дағдылары мен құзыреттері,
- Болашақ мансаптық жоспарлар.

3. Жетістіктер (Achievements):

- Оқу барысында алған сертификаттар мен дипломдар,
- Жүлделер, конкурстар, олимпиадалардағы жетістіктер.

4. Жұмыс үлгілері (Projects & Portfolio):

- Курстық жұмыстар, зерттеулер, эсселер,
- IT-студенттер үшін код үлгілері (GitHub сілтемесі),
- Креативті мамандықтар үшін дизайн, фото, видео материалдар.

5. Қызметтер немесе дағдылар (Skills & Services) (егер бар болса):

- Бағдарламалау, дизайн, жазу, зерттеу сияқты негізгі қабілеттер,
- Жобалық жұмысқа қатысу тәжірибесі.

6. Кері байланыс және байланыс (Contact & Feedback):

- Email, әлеуметтік желілер, байланыс формасы,
- Ұстаздар мен менторлардың пікірлері.

7. Блог немесе рефлексия (Blog / Reflections) (міндетті емес):

- Өзінің оқу барысы туралы жазбалар,
- Оқыған кітаптары, қатысқан курстары туралы ойлары.

Білім алушыға Web-портфолио не үшін қажет?

- ✓ Өз жетістіктерін жүйелеу және көрсету,
- ✓ Университетке түсу немесе жұмысқа орналасу кезінде пайдалы,
- ✓ Құзыреттерін дамыту және өзін-өзі бағалау,

✓ Жеке бренд қалыптастыру және кәсіби желіні кеңейту.

Web-портфолио қалай жасауға болады?

1. Дайын платформалар:

- Google Sites – оңай және тегі,
- Wix, WordPress – интуитивті және функционалды,
- Notion, Behance – шығармашылық бағыттағы студенттер үшін.

2. Өз бетімен кодтау:

- HTML, CSS, JavaScript негізінде,
- Bootstrap немесе Tailwind CSS арқылы стильдеу,
- GitHub Pages немесе Netlify арқылы жариялау.

Жақсы Web-портфолио қандай болуы керек?

- ✓ Қарапайым және стильді дизайн,
- ✓ Мобильді құрылғыларға бейімделген (responsive),
- ✓ Жеке және кәсіби ақпараттың үйлесімділігі,
- ✓ Жүктелу жылдамдығы жоғары және оңтайландырылған,
- ✓ Мазмұны жаңартылып отыруы керек.

Білім алушының Web-портфолиосы болашақ жұмыс берушілерге, университет өкілдеріне немесе оқытушыларға оның қабілеттерін толық көрсетуге көмектеседі.

Электрондық портфолио бағалау

Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы жүргізіледі:

- Қолжетімділік пен құрылымдылық – материалдардың жүйеленуі мен мазмұны.
- Қарым-қатынас пен кері байланыс – мұғалімдер мен қатарластарының пікірлері.
- Мультимедиялық элементтердің болуы – презентациялар, видеолар, графиктер.

Білім алушының портфолиосын бағалау тәсілдері оқу мақсатына, бағалаудың мақсаттарына және контекске байланысты таңдалады.

5. Мұғалім портфолиосы

Мұғалім портфолиосы – бұл мұғалімнің педагогикалық қызметінің сапасы мен жетістіктері туралы дәлелді құжаттары. *Қолданыстағы атауы: мұғалім портфолиосы, педагог портфолиосы, электронды портфолио*

Мұғалім портфолиосын жасау. Бұл дәстүр қайдан пайда болған? Жауап: Бұл өмір қажеттілігінен яғни, білім сапасын үздіксіз көтеріп отыру талаптарынан деуге толық негіз бар. Портфолио оқытушы жұмысының нәтижесіне мониторинг жасау үшін білім беру мекемелерінің әкімшілігіне аса қажет, бір жағынан педагогтың өзін-өзі бақылауы және білімін көтеріп отыруы үшін де маңызды.

Мұғалім портфолиосын құрудың негізгі принциптері:

- жүйелілік;
- мәліметтердің нақтылығы мен ауқымдылығы;
- ақпараттың объективтілігі;
- көрнекілік.

Портфолионың негізгі мақсаты – мұғалімнің кәсіби өсуінің мониторингінің, кәсіптік нәтижелерінің, жетістіктерінің талдауын қамту;

Портфолио мұғалімнің өз қызметіндегі әр түрлі – оқыту, тәрбиелеу, шығармашылық, өз білімін көтерудегі нәтижелерін жинауына көмек береді.

Портфолио

• Мұғалімнің біліктілік категориясын көтеруіне, бекітуіне және оқу жылының қорытындысы бойынша марапатталуына;

• Педагогтың кәсіби шеберлігінің өсуі туралы ақпараттың көзі болып табылады.

Мұғалім портфолиосы файлдары бар арнайы папкада жасақталады. Портфолиоға салынған әр материалда күннің жады, яғни (уақыт) көрсетіліп отыруы тиіс. Портфолио

құрамы әдістемелік бірлестік жетекшісінің немесе мұғалімнің өзінің алдына қойған міндеттері негізінде жасалады.

Портфолионы электронды түрде де жасауға болады. Электронды түрі құжаттардың сканерленген қосымша электронды кестелер, педагог пен оқушы жұмысының электронды файлдары (жобалар, сабақ түрлері және т.б.) түрде жасалынады.

Портфолио педагогтың сол білім мекемесінде жұмыс атқарған уақытындағы директордың орынбасарларының қатысуымен және өз күшімен жасақталады. Мұғалім өз портфолиосын ұжым алдында таныстыруына болады, бұл бір жағынан кәсіптік қызметінің қорытындысымен бөлісу болса, әрі жас мамандар үшін үлгі бола алады.

Портфолио педагогтың жеке құжаттарының көрінісі ретінде де қабылдауға болады. Педагог басқа білім мекемесіне жұмыс ауыстырған жағдайда жинақтаған портфолиосы қосымша материал немесе нұсқаулық (нұсқау хат) ретінде қолданыла береді.

Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары өзінің функциональді міндеттеріне:

- педагогтарды портфолиомен жұмыс жасау технологияларымен (материал таңдау, оларды жүйелеу, жеке жетістіктерін көпшілік алдында айтуға дайындау) оқытуға;

- педагогқа жан-жақты көмек көрсетуге; (дайындаған материалдарын және жұмысының жетістіктерін талдау, марапаттау);

- мұғалім портфолиосындағы материалдардың мазмұндылығы туралы ұжымды ақпараттандыруға (мұғалімнің кәсіби дамуының деңгейі туралы);

Портфолио әдісін енгізу әр мұғалімнің жеке траекториялы кәсіби дамуының мониторингін танытуға, қызметінің нәтижесін толық көрсетуге, бағалы тәжірибесін таратуға, кәсіби шеберлігінің өсуіне және педагог еңбегінің көтерілуіне көмек береді.

Құрылымы:

1 бөлім. Педагог туралы жалпы мәлімет.

2 бөлім. Педагогтың кәсіби жетістігінің нәтижесі.

3 бөлім. Педагогикалық іс-тәжірибесі туралы құжаттары.

4 бөлім. Педагогтың ғылыми-әдістемелік қызметі.

5 бөлім. Кәсіби қызметінің нәтижесін сараптық бағалау.

Сыртқы беті:

- фото (5x6),

- тегі, аты, әкесінің аты,

- диплом бойынша мамандығы,

- жұмыс орны, атқаратын қызметі,

- білім беру ұйымындағы еңбек өтілі,

- үкімет наградалары, грамоталар мен алғыс хаттары, кәсіби жетістіктері туралы халықаралық, республикалық және қалалық дәрежедегі дипломдары;

- білімі туралы диплом көшірмесі;

- ғылыми атағы туралы дипломының көшірмесі;

- еңбек кітапшасының көшірмесі;

- бұрын берілген біліктілік санаты туралы куәлігінің көшірмесі;

- мамандығы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы құжаттарының көшірмесі;

- қосымша пән бойынша курстан өткен құжаттарының көшірмесі;

- алған (берілген) біліктілік санаты және оны растауға берілген педагог қызметкердің өтініші (Ереженің 1-қосымшасына сәйкес түрі бойынша).

- эссе, шығармашылық есеп.

8-Лекция. Оқытуды жоспарлауда ОҰБ әдістемесі. Оқушылардың өзін-өзі және бірін-бірі бағалауы

Жоспар:

1. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
2. Оқыту мен оқу үшін бағалаудың маңыздылығы.
3. Жиынтық мәліметтерді формативті пайдалану.
4. Өзін-өзі және бірін-бірі бағалау.

1. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау

Оқыту үшін бағалау (ОҰБ) және **Оқуды бағалау (ОБ)** – білім беру үдерісінде қолданылатын екі маңызды бағалау түрі. Олар оқу сапасын жақсартуға және білім алушылардың жетістіктерін анықтауға көмектеседі. ОҰБ дербес ұғым ретінде 1999 жылдан кейін қолданысқа енді.

Оқыту үшін бағалау (ОҰБ) - білім алушының оқу үдерісін жетілдіру мақсатында жүргізілетін бағалау түрі. Бұл бағалау білім алушының қай деңгейде екенін анықтап, ары қарай қалай дамитынын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Бағалау Реформасының тобы оқыту үшін бағалауға мынадай анықтама берді:

Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар мен мұғалімдердің білім алушылардың оқу барысында қай деңгейде тұрғанын, қандай бағытта дамуы қажет екенін және қажетті нәтижеге қалай жетуге болатынын анықтау үшін мәліметтерді жинақтау және талдау үдерісі.

Бұл анықтамада маңызды аспектілердің бірі – білім алушылардың бағалау нәтижелерін белсенді түрде қолдануына ерекше мән беру. Мұғалімдер бағалауда жалғыз шешім қабылдаушы болмауы тиіс, керісінше, білім алушылар өздерінің сыныптастарын және өзін-өзі бағалау үдерісіне тартылуы мүмкін. Мұғалімдер бағалауды белсенді түрде жүргізген кезде, білім алушылар да оқу үдерісіне белсене қатысуы қажет. Тек белсенді ізденіс жүргізгендер ғана тиімді білім алады. Сондықтан білім алушылар өздерінің білімін жетілдіру үшін бағалауды үйренуі маңызды. Осы мақсатта, олар өз оқу нәтижелерін жақсарту үшін кері байланысқа құлақ асып, алынған ақпаратқа сәйкес әрекет етуі керек. Бұл өз кезегінде олардың түсінігін тереңдетуді, қызығушылықтарын арттыруды және оқу үдерісіне саналы түрде қатысуды талап етеді.

ОҰБ негізгі ерекшеліктері:

- Білім алушыларға өз білім деңгейін түсінуге көмектеседі.
- Мұғалім оқыту әдістерін білім алушының қажеттіліктеріне қарай бейімдей алады.
- Кері байланыс беруді көздейді.
- Білім алушылардың белсенділігін арттырады және өзін-өзі бағалауға ынталандырады.

Оқыту үшін бағалау әдістері:

- **Ауызша және жазбаша кері байланыс** – білім алушыларға нақты ұсыныстар беру.
- **Қалыптастырушы бағалау** – тесттер, тапсырмалар, өзін-өзі бағалау, жұптық бағалау.
- **Рефлексия** – сабақ соңында білім алушылардың өз оқу нәтижелері туралы ойлануы.
- **Бағалау критерийлері** – білім алушыларды нақты талаптармен таныстыру.

Оқуды бағалау (ОБ) - білім алушылардың оқу жетістіктерін өлшеу және олардың оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтау үшін қолданылады. Оның **негізгі мақсаты** – білім алушының қазіргі уақытта меңгерген білімін жинақтау және бағалау. Бұл үдеріс, негізінен, болашақ оқытуға тікелей ықпал етпесе де, маңызды ақпарат бере алады. Алайда, дұрыс қолданылмаған жағдайда, ол оқу үдерісіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Оқуды бағалау кезінде білім алушының жетістіктері белгіленген нормалармен немесе өзімен қатарлас жастағы білім алушылар тобының орташа деңгейімен

салыстырылады. Мұндай салыстырулар негізінде белгілі бір қорытындылар жасалады. Бұл қорытындылар көбінесе стандарттарға немесе деңгейлік көрсеткіштерге сәйкестігін бағалау арқылы жүзеге асырылады және қорытынды межеге «сәйкес/сәйкес емес» деген нысанда жазылады. Осылайша, білім алушылардың жетістіктері белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін немесе келмейтінін анықтайтын жүйе қалыптасады.

ОБ негізгі ерекшеліктері:

- Білім алушының білімі мен дағдысын қорытындылап бағалайды.
- Жиынтық бағалауға негізделеді (тоқсандық, жылдық қорытынды бағалар).
- Сертификаттау, емтихан тапсыру үшін қажет.
- Білім сапасын бақылау және есеп беру мақсатында қолданылады.

Оқуды бағалау әдістері:

- **Тесттер мен емтихандар** – білім алушылардың білімі мен дағдыларын өлшеу.
- **Жобалық жұмыстар** – білім алушылардың зерттеу қабілетін бағалау.
- **Портфолио** – білім алушының ұзақ мерзімді жетістіктерін жинақтау.
- **Стандартталған бағалау** – ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) және басқа да ресми

емтихандар.

Сонымен, оқыту үшін бағалау – білім алушылардың оқуын жақсартуға бағытталған, ал оқуды бағалау – олардың жетістіктерін өлшеуге арналған. Екі бағалау түрі де білім беру үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады және бірін-бірі толықтырады. Мұғалімдер осы бағалау түрлерін тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың сапалы білім алуына ықпал ете алады.

2. Оқыту мен оқу үшін бағалаудың маңыздылығы

«Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау» модулі білім беру, оқыту процесіндегі әдіс-тәсілдердің барлық тәсілдерімен байланыста болады.

Мұғалімнің оқушыларды бағалауы – ол оның білімін топтау, белгілі бір шаблонмен салыстыру. Мұғалімнің шеберлігіне қарай оқушыларды бағалауда бірнеше әдістерді қолдана алады: жеке, жұптық, топтық, жиынтық, кателерді талдау, өздерін-қздері бағалау, кері байланыс, т.б. Нәтижесінде оқушының мұғалімге деген сенімі артады, көзқарасы өзгереді. «Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау» модулін пайдаланғанда барлық жаңа тәсілдердің мазмұнын дұрыс игеру керек, орынды пайдалану керек.

Оқуды бағалау мәселесі өте күрделі. Егер мұғалім оқушыға қоятын бағасы мықты дәлелділік, әділдік, маңыздылық, жариялылық пен қарапайымдылық сияқты қасиеттерге ие болса, оқушылардың оқу ынтасы артып, белгілі мақсатқа жетуіне ықпал етеді деп санаймыз. Егер оқушылар тапсырманы шығармашылықпен және ізденімпаздықпен орындап, тақырыптың мазмұнын толық жеткізсе, олар өз еңбектерінің жоғары бағаланатынын түсінеді. Әр әрекет өз қиындықтарына ие. Жаңа бағдарламамен жұмыс істейтін мұғалімдер де өзіне тән жетістіктер мен қиындықтарға тап болады. Мектептік іс-тәжірибеде мұғалімдер көбінесе оқушыларды тек бір ғана формативті бағалау түрімен бағалайды, ал оқушылардың білім алуға деген ынтасын арттыру мақсатында формативті бағалаудың барлық түрін толық қолдану әлбетте оң нәтижелер әкеледі.

Бағалау – оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болуы мүмкін деген тұжырым біздің түсінігімізде айтарлықтай өзгерісті қажет етеді. Дәл осы қағида оқыту үшін бағалау ұғымының негізін құрайды. Оқыту үшін бағалау белгілі бір негізгі қағидаларға сүйенеді. Блэк пен Уильямның Ұлыбританиядағы бағалау реформасы тобы жүргізген зерттеулері бағалау арқылы оқытуды жақсарту оқу үдерісіне енгізілген келесі **бес маңызды фактормен** тығыз байланысты екенін көрсетті:

- Білім алушыларға тиімді кері байланыс беру қажет.
- Білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуы олардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.
- Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқыту әдістерін түрлендіру маңызды.

- Бағалаудың білім алушылардың өзін-өзі бағалауы мен оқу мотивациясына әсер ететінін түсіну қажет, себебі бұл олардың білім алуына тікелей ықпал етеді.
- Білім алушылар өз білімдерін қалай жетілдіру керектігін түсінуі үшін өздерін-өздері бағалай алуын қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар, өзара бағалау арқылы құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеу тәжірибесін дамыту маңызды.

Оқу үшін бағалаудың маңыздылығы

- **Оқушылардың өзіндік рефлексиясын дамыту:** Олар өз білімін бағалап, жетілдіру жолдарын анықтайды.
- **Белсенді оқыту әдістерін қолдау:** Оқушылар сабаққа белсене қатысып, өз ойларын еркін жеткізе алады.
- **Қателіктерден сабақ алу:** Оқушыларға қателіктерін түсінуге және оларды түзетуге мүмкіндік береді.

Оқыту үшін бағалаудың маңыздылығы

- Оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіреді.
- Мұғалімдерге оқыту әдістерін жетілдіруге көмектеседі.
- Оқушылардың өз білімін бақылауға және жетілдіруге ынтасын арттырады.
- Білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

3. Жиынтық мәліметтерді формативті пайдалану

"Жиынтық мәліметтерді формативті пайдалану" дегеніміз – оқушылардың белгілі бір кезеңдегі жиынтық (қорытынды) бағалау нәтижелерін немесе агрегатталған деректерді тек бағалау мақсатында ғана емес, сонымен қатар оқыту процесін жетілдіру, оқу қиындықтарын анықтау және оқушылардың жеке даму траекториясын бейімдеу үшін қолдану процесі болып табылады.

Негізгі ұғымдар

- Жиынтық бағалау – оқу кезеңі аяқталған соң оқушының жалпы үлгерімін бағалайтын және нәтижелері негізінде қорытынды баға берілетін жүйе. Бұл бағалау формасы көбінесе тестілер, емтихандар немесе жобалық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады.

- Формативті бағалау – сабақ барысы кезінде оқушылардың білім деңгейін бақылап, кері байланыс беріп, қажет болған жағдайда оқыту әдістерін өзгертуге мүмкіндік жасайтын үзіліссіз процесс. Оның мақсаты оқушылардың дамуындағы кемшіліктерді анықтап, соларды жоюға бағытталған.

Жиынтық мәліметтерді формативті пайдалану мақсаты

Жиынтық бағалау нәтижелері көбінесе оқу үдерісінің қорытындысы ретінде қарастырылса да, оларды талдап, оқу барысындағы қиындықтар мен жетістіктерді анықтау үшін қолдануға болады. Бұл тәсілдің негізгі артықшылықтары мыналар:

- Оқытуды оңтайландыру: Жиынтық мәліметтерді талдау арқылы мұғалімдер оқушылардың қай салада әлсіз екенін, қай бөлімдерден түсінбейтінін анықтай алады. Осы негізде келесі сабақтарға немесе қосымша іс-әрекеттерге түзетулер енгізу мүмкін болады.

- Мақсатқа бағытталған кері байланыс: Агрегатталған деректерді пайдалана отырып, мұғалімдер жеке және топтық деңгейде кері байланыс жүргізеді. Мысалы, жиынтық тест нәтижелері оқушылардың белгілі бір тақырыптан қаншалықты меңгергенін көрсетсе, сол тақырыпқа қатысты қосымша материалдар мен жаттығулар ұйымдастыруға болады.

- Оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту: Жиынтық нәтижелерді оқушылармен талқылау арқылы олар өздерінің күшті және әлсіз жақтарын түсініп, келесі сабақтарға дайындық процесін жақсарты алады.

- Стратегиялық шешімдер қабылдау: Агрегатталған деректерді мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі оқу бағдарламасының тиімділігін бағалау, оқыту әдістерін өзгерту және оқушылардың жетістіктерін арттыру стратегияларын әзірлеу үшін пайдалана алады.

Практикалық қолдану жолдары

1. Деректерді талдау және визуализация: Жиынтық бағалау нәтижелерін кесте, диаграмма немесе графиктер түрінде көрсету оқушылардың үлгеріміндегі жалпы тенденцияларды, топаралық айырмашылықтарды айқындауға көмектеседі.

2. Оқушылардың жеке даму жоспарын құру: Агрегатталған нәтижелерді жеке талдау арқылы әр оқушының нақты қай салада қосымша қолдауды қажет ететінін анықтап, дербес оқу траекториясын жоспарлауға болады.

3. Қайта оқыту және дифференциация: Мәліметтер негізінде сабақтағы қиындықтар анықталып, оқушыларға қажетті қосымша түсіндірмелер, топтық талқылаулар немесе қайта оқыту сессиялары ұйымдастырылады.


4. Кері байланыс жүйесін жетілдіру: Жиынтық мәліметтерді формативті бағалау ретінде қолдану арқылы мұғалімдер сабақ соңында оқушылармен нәтижелерді талқылап, олардың алдағы даму мақсаттарын нақтылай алады.

Жиынтық бағалау нәтижелерін формативті тұрғыда пайдалану – оқу процесін үнемі жетілдіріп отыруға, мұғалім мен оқушы арасындағы сенімділік пен кері байланысты нығайтуға, сондай-ақ оқушылардың жеке даму қажеттіліктерін ескере отырып, тиімді дифференциацияланған оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осы тәсіл арқылы білім берудің сапасы арттырылып, оқушылардың оқуға деген ынтасы мен белсенділігі күшейеді.

4. Өзін-өзі және бірін-бірі бағалау

Өзін-өзі бағалау – оқушының өз білім деңгейін, жетістіктері мен әлсіз тұстарын талдауы. Бұл әдіс оқушылардың өз оқуына жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

Ағылшын ғалымы Н.Бранден «өзін-өзі бағалау – бұл тұлғаның өмірге және оның талаптарына сәйкестігінің эмпирикалық дәлелі» деп анықтама берген. Сонымен қатар автор өзін-өзі бағалау ұғымына психологиялық тұрғыда мынадай сипаттамалар берген:



Автордың пікірін қорытатын болсақ, психологиялық тұрғыда оқушылардың бағалау дербестігі өзінің қажеттілігін өтейтін, білімін өмірлік тәжірибеде қолдану мүмкіндігінің табысты көрсеткішін сенімділігін сезінуі маңызды болмақ.


К.Д.Ушинский оқушылардың білімі мен адамгершілік тәрбиесіне балдық жүйенің теріс әсерін атап өтті. Балдық жүйенің қысымымен оқушы үнемі алаңдаушылық, қорқыныш сезімін сезінеді, бұл ақыл-ой қабілетінің төмендеуіне әкеледі, өз-өзіне күмәнданудың пайда болуына ықпал етеді, қиындықтарды жеңе алмау және әрекет етуден бас тарту сезімін қалыптастырады.

Роберт Бернс (1986) өзін-өзі бағалауды «Мен-тұжырымдамасының» тұтастығын құрайтын негізгі құрылымдық бірлік ретінде қарастырады, оның мазмұнын зерттеуші әлеуметтенудің маңызды нәтижелерінің біріне сілтеме жасайды, ол адамның тұлғасына тікелей әсер етеді. Ең маңыздысы, өзін-өзі бағалаудың психологиялық мәнін түсіну үшін Р.Бернс төмендегідей үш тармақты қарастырды:



К.Роджерс пікірінше, «Мен» құрамдастарының арасындағы мән неғұрлым жақындасқан сайын, соғұрлым өзіндік бағалау жоғары болады. Ол өзіндік сана мен өзіндік бағалауды тұлға құрылымында орталық буынға жатқызды. Яғни, өзіндік бағалау тұлғаның әлеуметтік ортада бағдарлануын және ішкі талаптар мен сыртқы жағдайлардың келісімділігін қамтамасыз етеді. Тұлғаның психикалық тұтастығының маңызды жағдайларының бірі өзіндік бағалаудағы тәжірибе күшімен бұрын қалыптасқан құндылықтар жүйесін өзгертуге бейімділігі деп қарастырды. К.Роджерс жеке тұлғаны қалыптастыру үшін жеткілікті өзін-өзі бағалаудың маңыздылығы туралы айта отырып, оны тұлғаның ішкі мәні өзін-өзі бағалауда дәл көрінеді деген қорытынды жасаған.

В.С.Мерлин зерттеуі бойынша өзін-өзі бағалау тікелей ықпалын тигізетін өзіндік сана құрылымының келесі 4 компоненттерін ажыратып көрсеткен.



Өзін-өзі бағалау арқылы адамның мінез-құлқы реттеледі, өзіне сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Өзін-өзі бағалау оқушыны сенімділікке, ойлауға, шығармашылыққа тәрбиелеуге баулиды. Адамның өзін-өзі төмен бағалауы мінез-құлықта күмәнданушылық, қызғану, іштарлық, көңілсіздік, ешкімге жоламау сияқты сипаттар арқылы көрініс табады. Ал өзін тым асыра бағалау адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмау, ашуланшақ, мақтаншақтық сияқты мінез-құлықтарға апарып соғады. Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауы орташа деңгейде болғаны анағұрлым жақсы болмақ.

Демек, білім беру үдерісінде оқушылардың өзін-өзі және бірін-бірі бағалауы маңызды рөл атқарады. Бұл тәсіл олардың оқу белсенділігін арттырып, өз білімдерін сараптауға және жетілдіруге көмектеседі.

Өзін-өзі бағалаудың әдістері:

✓ **Бағалау критерийлері бойынша жұмыс** – мұғалімнің берген критерийлеріне сүйене отырып, оқушы өз жұмысын бағалайды.

✓ **Рефлексия күнделігі** – оқушы күн сайын немесе белгілі бір тапсырмадан кейін өзінің жетістіктерін, қиындықтарын және оларды қалай жеңуге болатынын жазады.

✓ **Өзін-өзі бағалау парағы** – оқушы өз тапсырмасын орындағаннан кейін арнайы параққа қаншалықты жақсы жұмыс істегенін белгілейді.

✓ **"Бағдаршам" әдісі** – жасыл (түсіндім), сары (әлі де жұмыс істеуім керек), қызыл (мүлде түсінбедім) түстері арқылы оқушы өз деңгейін бағалайды.

Өзін-өзі бағалаудың пайдасы:

✓ Оқушы өз білімін саналы түрде бағалайды.

✓ Өзінің күшті және әлсіз жақтарын көреді.

✓ Оқу үдерісіне белсенді араласады.

✓ Жауапкершілік пен дербестік қалыптасады.

2. Оқушылардың бірін-бірі бағалауы

Бірін-бірі бағалау – оқушылардың бір-бірінің жұмысын бағалап, кері байланыс беруі. Бұл әдіс өзара қолдау мен ынтымақтастықты дамытуға көмектеседі.

Бірін-бірі бағалаудың әдістері:

✓ **"Екі жұлдыз, бір тілек" әдісі** – оқушы серіктесінің жұмысындағы екі жақсы жағын және бір жақсартуға болатын тұсын айтады.

✓ **Бағалау парағы** – оқушылар жұптасып немесе топтасып бір-бірінің жұмысын критерийлер бойынша бағалайды

✓ **Стикермен бағалау** – сыныптастарының жұмысына стикерлер арқылы пікір қалдыру.

✓ **Рубрика әдісі** – алдын ала белгіленген талаптар бойынша баға беру.

Бірін-бірі бағалаудың пайдасы:

✓ Сыни ойлау дағдылары дамиды.

✓ Өзара құрмет пен сенімділік қалыптасады.

✓ Сабакқа белсенді қатысу артады.

✓ Топтық жұмысты жақсартады.

Оқушылардың өзін-өзі және бірін-бірі бағалауы – олардың оқу үдерісіне белсенді араласуына, жауапкершілік пен дербестікке үйренуіне көмектесетін маңызды құрал. Бұл әдістерді тиімді қолдану арқылы білім сапасын арттырып, оқушылардың сыни ойлауын және өзара қолдау мәдениетін дамытуға болады.

9-Лекция. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемдері мен процедурасы

Жоспар:

1. **Квалиметрия түсініктемелері, негізгі шарттары.**
2. **Бағалау шкалалары - педагогикалық квалиметрия құралы.**
3. **Оқуға бейімділікті бағалау өлшемдері.**
4. **Сыныптың үлгерім деңгейін есепке алу жолдары.**

1. Квалиметрия түсініктемелері, негізгі шарттары

Квалиметрия (латынша *qualitas* – «қандай, сапасы қандай», *metreo* – «өлшеу») – өнімнің адам қызметі үдерістерінің сапасын, өнім сапасын басқару мен стандарттауда қабылданатын шешімдерді негіздеу үшін қолданылатын, сандық бағалау әдістерін біріктіретін ғылым саласы.

Кез келген пәнге сапа жағынан қарау, не болмаса кез келген пәннің сапасын бағалау квалиметрлік жуықтау деп айтылады. Мысалы, сапа туралы ғылым квалиномия; осы пәнге байланысты сапаны бағалау және өлшеумен айналысу, өнімнің сапасының сандық бағалауы квалиметрия болып табылады.

«Квалиметрия» жалпы 1960 жылдың ортасына қарай қолданысқа енді. Кейін 1968 жылдан бастап профессор А.В. Гличевтің бастауымен сапаны бағалаудың ұқсастық

әдісінің жалпы әдістемелік негізі қаланды және оның теориялық жалпылауының қажеттілігіне жол берілді. Квалиметрия теориялық және қолданбалы болып бөлінеді. Теориялық квалиметрия - ол нақты объектіні абстрактілеу, принциптердің негізі, өңдеу, жіктеу, жалпы әдістер және арнайы мәселелердің сандық сапасын бағалау. Қолданбалы квалиметрияның негізгі тапсырмасы - заттың, өнімнің нақты түріне байланысты, сапаның сандық бағалауының әдістемесін жасау.

Квалиметрияның негізгі нысаны – сапа. Сапа - әртүрлі, біртұтас факторларды анықтайтын синтетикалық көрсеткіш. Бұл ұғым қасиеттердің біртұтастығын бейнелейді және өнімнің сипаттамасын көрсетеді. Сапа сұраныстардың артуына және өндірістің ұлғаюына қанағаттанарлықтай мүмкіндіктері бар көп ғұмырлық кезеңдерден өтті. Сапа - белгілі бір материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін пайдалы қасиеттердің жиынтығы. Беріктік, төзімділік, өнімділік, көркемдік, эстетикалық т.б. көрсеткіштермен сипатталады. Сапа өміршеңдік циклінің сатысына қарай бағаланады: - жобалау кезінде құрылғының (құралымның) сапасына сай бағаланады; - дайындау кезінде технологияның мүмкіндіктеріне сай келуі; - пайдалану кезінде атқарушылық сапасы бағаланады.

Квалиметрияның негізгі шарттары: 1. Кез келген өнім (өнім, процесс, жүйе, ... т.б.) жеке қасиеттерімен сипатталады, ол ГОСТ 15467-79 өнімнің жасалуы немесе қолданылуы кезінде объективтілік ерекшелігімен түсіндіріледі. 2. Сапа өнімнің қолданылуына байланысты тиімділік өлшемін анықтайтын ең күрделі қасиеті болып табылады.

Квалиметрия ғылым ретінде жалпы дәреже мен өлшеу және бағалау әдістері мен құралдар мен ажыратылатын өзара байланысқан теория жүйесі түрінде көрінеді. Мұндай теорияға жататындар: жалпы квалиметрия, арнайы квалиметрия, пәндік квалиметрия.

Жалпы квалиметрия — мұнда жалпы теориялық мәселелер қарастырылады: түсіну жүйесі, бағалау теориясы, (заңдармен әдістер), квалиметрияның аксиоматикасы (аксиомалар мен ережелер), квалиметриялық шкалалаудың теориясы (соның ішінде салмақтылық),

Арнайы квалиметрия — бағалаудың моделдері мен алгоритмдері, бағалаудың дәлдігі мен анықтылығы: экспертті квалиметрия, ықтималды статикалық квалиметрия, индексті квалиметрия, квалиметриялық таксономия, объекттердің классификациясы мен жүйеге келтіру теориясы қарастырылады.

Пәндік квалиметрия — бағалау пәні бойынша техника мен өнімнің квалиметриясы, еңбек пен қызмет квалиметриясы, мәселелер мен жобалардың квалиметриясы, үдерістердің квалиметриясы, субъективтік квалиметриясы, сұраныс квалиметриясы, ақпарат квалиметриясы және т.б болып табылады.

Педагогикаға келтірсек, сөз оқушының білім сапасы, тексеру әдісі туралы болады. «Квалиметрия жалпы өлшем теориясы. Мұндай тәсіл метрологиялықты жоққа шығармайды, керісінше оны толықтырып, оның сапалық сипаттамаларын, өлшеу аумағын кеңейтеді. Педагогикада бұл бағыт 1970 жылдарда қалыптаса бастап, өлшеу нысанының ерекшелігіне орай педагогикалық квалиметрия деп аталды». Квалиметрия — әртүрлі нысандардың (зат, құбылыс, процесс) сапасын бағалаушы және сипаттау әдіснамасын зерттеуші ғылыми білім саласы.

Педагогикалық квалиметрия психологиялық-педагогикалық және дидактикалық нәсандарды бағалайды. Оның басты міндеті – негізгі педагогикалық сипаттамаларды, оның ішінде оқушы білімінің сапасын өлшеу әдісін құру, яғни адамның білімін тез және сенімді бағалау.

2. Бағалау шкалалары - педагогикалық квалиметрия құралы

Квалиметриялық тәсіл педагогикалық өлшемдер түсінігіне де өзінің мазмұндық сипатын енгізеді. Квалиметрияда екі термин **өлшеу мен баға** қолданылады. Сандық баға эталонға қатысты алғанда қаралып отырған өнімнің кейбір пайызбен есептелген қатынас функциясы. Педагогикалық квалиметрия міндеттерін шешкенде ең күрделі міндет

эталонды анықтау, яғни оқушы білімі сапасын немен салыстыру керектігін табу. Оның қандай аралықта өзгеріп қаншалықты шамаға жететінін, қандай жағдайда оқушы біліміне сай баға алатынын көрсету қиындық туғызады. Өлшеу құралдарын әзірлеу үшін оның сенімділік дәрежесіне, сәйкестілігіне көңіл аудару қажет, өлшегіш құрал оқушының қай пәнді қалай меңгергенін объективті бағалауға мүмкіндік беруі керек.

Бағалау шкаласы – белгілі бір критерийлерге сүйене отырып, объектілерді, құбылыстарды немесе әрекеттерді өлшеу және салыстыру үшін қолданылатын жүйе. Ол көбінесе білім беру, ғылым, бизнес, психология және басқа да салаларда қолданылады.

Бағалау шкаласының түрлері

1. Сандық шкала – белгілі бір сандық мәндер арқылы бағалау (мысалы, 1-ден 10-ға дейінгі баға).

2. Сапалық шкала – сөздік сипаттамалар арқылы бағалау (мысалы, «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз»).

3. Рейтингік шкала – объектілерді салыстыра отырып, оларды белгілі бір реттік орындарға қою (мысалы, бірінші орын, екінші орын және т.б.).

4. Графикалық шкала – бағалау нәтижелерін диаграмма, график немесе визуалды құралдар арқылы көрсету.

Білім беру жүйесіндегі бағалау шкаласы (сандық шкала)

Мектептер мен жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгерімін бағалау үшін әртүрлі шкалалар қолданылады:

- Бес балдық шкала (1-ден 5-ке дейін).
- Жиынтық бағалау шкаласы (пайыздық немесе баллдық жүйе).
- Кредиттік жүйе (GPA – 4.0 немесе 5.0 шкала).

Білімді бағалауда **сандық шкала** оқушылардың білім деңгейін нақты сандармен көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, математикалық білімді бағалауда 5 балдық жүйені келесі түрде қолдануға болады:

• **5 балл:** Оқушы тақырыпты толық меңгерген, есептерді қатесіз және тиімді әдістермен шығарады.

• **4 балл:** Тақырыпты жақсы түсінген, бірақ кейде ұсақ қателіктер жібереді немесе кейбір есептерді шешуде қиындықтар кездеседі.

• **3 балл:** Тақырыпты орташа деңгейде меңгерген, негізгі ұғымдарды түсінеді, бірақ күрделі есептерді шығаруда қиналады.

• **2 балл:** Тақырыпты жеткіліксіз түсінген, негізгі ұғымдарда қателіктер жібереді, есептерді шығаруда айтарлықтай қиындықтар бар.

• **1 балл:** Тақырыпты мүлдем түсінбеген, есептерді шығаруда үлкен қиындықтар кездеседі.

Бұл сандық шкала оқушылардың білім деңгейін нақты бағалауға және олардың қай бағытта дамуы қажет екенін анықтауға көмектеседі.

Квалиметрияда, әдетте, кешендік бағалаулар маңызды орынға ие, яғни қасиеттер жиынына кіреді, маңыздылығы мен квалиметрияның шекарасын кеңейтеді. Әртүрлі әдіспен алынған барлық бағалаулар квалиметрияның аппараты болып табылады. Мысал ретінде оқу үрдісінде қолдану мақсатында оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау (Р. В. Овчарова), оқушылардың іс-әрекетке қатысу ынтасын зерттеу әдістемесі (Л.В. Байбородова) сауалнамаларын қарастырайық (**сапалық шкала**).

1. *Өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау сауалнамасы. Ия -2; айту қиын -1; жоқ -0.*
(Р. В. Овчарова бойынша)

Сұрақтар:

1. Маған қиял-ғажайып жобалар құрған ұнайды.
2. Өмірде не болмайтынын елестете аламын.
3. Мен үшін жаңа болып табылатын істерге қатысамын.

4. Қиын жағдайдың тез шешімі табамын.
5. Негізінен барлық нәрсе туралы өз пікірім болғанын қалаймын.
6. Өз сәтсіздігімнің себебін табу маған ұнайды.
7. Оқиғалар мен әрекеттерге өз пайымым негізінде баға беруге тырысамын.
8. Маған бір нәрсе неге ұнайтынын немесе неге ұнамайтынын негіздей аламын.
9. Кез келген мәселеде негізгі және қосымша нәрсені анықтау маған қиын емес.
10. Жауабымның дұрыстығын дәлелдей аламын.
11. Қиын тапсырмаларды бірнеше қарапайым бөліктерге бөле аламын.
12. Менде қызықты идеялар жиі туындайды.
13. Маған басқа нәрседен гөрі шығармашылықпен жұмыс жасаған қызықтырақ.
14. Әрқашанда шығармашылығымды көрсететін жұмыс табуға ұмтыламын.
15. Маған жолдастарымды қызықты іске ұйымдастырған ұнайды.
16. Айналамадағылардың менің еңбегімді қалай бағалайтыны мен үшін маңызды.

Нәтиже: жоғары деңгей -24-32; орташа – 12-24; төмен – 0-12.

2. Оқушылардың іс-әрекетке қатысу ынтасын зерттеу әдістемесі (Л.В. Байбородова бойынша)

Жауап үшін келесі шкала қолданылады:

- 3 –өте қатты тартады;
- 2 –едәуір дәрежеде тартады;
- 1 –әлсіз тартады;
- 0 – мүлдем тартпайды.

Іс-әрекетке не тартады?

1. Қызықты іс.
2. Әртүрлі адамдармен қарым-қатынас.
3. Жолдастарға көмек.
4. Өз біліміңді беру мүмкіндігі.
5. Шығармашылық.
6. Жаңа білімдер мен дағдыларды игеру.
7. Басқаларды басқару мүмкіндігі.
8. Өз ұжымыңдағы істерге қатысу.
9. Жолдастар құрметін ақтау ықтималдығы.
10. Басқалар үшін қайырымды іс істеу..
11. Басқалардан ерекшелену.
12. Өзіңде белгілі бір мінез-құлық қалыптастыру.

Нәтижені өңдеу және интерпретациялау

Басым мотивтерді анықтау үшін келесі блоктарды бөліп алу керек:

- а) ұжымдық мотив (3, 4, 8, 10);
- б) жеке тұлғалық мотив (1, 2, 5, 6, 12);
- в) беделді мотив (7, 9, 11).

Әрбір блоктың орта мәнін салыстыру арқылы оқушылардың іс-әрекетке тартылуының басым мотивтерін анықтауға мүмкіндік береді.

Математикалық білімді бағалауда **рейтингтік шкала** оқушылардың білім деңгейін сандық көрсеткіштер арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, 10 балдық шкаланы қолдануға болады:

• **9-10 балл:** Тақырыпты толық және терең меңгерген, есептерді қатесіз және тиімді әдістермен шығарады.

• **7-8 балл:** Тақырыпты жақсы түсінген, бірақ кейде ұсақ қателіктер жібереді немесе кейбір есептерді шешуде қиындықтар кездеседі.

• **5-6 балл:** Тақырыпты орташа деңгейде меңгерген, негізгі ұғымдарды түсінеді, бірақ күрделі есептерді шығаруда қиналады.

• **3-4 балл:** Тақырыпты жеткіліксіз түсінген, негізгі ұғымдарда қателіктер жібереді, есептерді шығаруда айтарлықтай қиындықтар бар.

• **1-2 балл:** Тақырыпты мүлдем түсінбеген, есептерді шығаруда үлкен қиындықтар кездеседі.

Бұл рейтингтік шкала оқушылардың білім деңгейін нақты бағалауға және олардың қай бағытта дамуы қажет екенін анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, мұндай шкала оқушыларға өз жетістіктерін көріп, оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

Математикалық білімді бағалауда **графикалық шкалалар** оқушылардың түсіну деңгейін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, оқушының белгілі бір тақырыпты меңгеру деңгейін көрсету үшін түрлі-түсті жолақтарды қолдануға болады:

- **Қызыл түс:** тақырыпты түсінбегенін білдіреді;
- **Сары түс:** тақырыпты ішінара түсінгенін көрсетеді;
- **Жасыл түс:** тақырыпты толық меңгергенін көрсетеді.

Бұл тәсіл оқушылардың қай тақырыптарда қиындық көріп жатқанын және қайсысын жақсы меңгергенін анықтауға көмектеседі.

Тағы бір мысал ретінде, оқушының прогресін бақылау үшін **жұлдызшалар жүйесін** қолдануға болады:

- **1 жұлдызша:** бастапқы деңгей;
- **2 жұлдызша:** орташа деңгей;
- **3 жұлдызша:** жоғары деңгей.

Бұл жүйе оқушылардың өз жетістіктерін визуалды түрде көріп, мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

Графикалық шкалаларды қолдану оқушылардың оқу процесін жеңілдетіп, олардың жеке даму траекториясын анықтауға мүмкіндік береді.

3. Оқуға бейімділікті бағалау өлшемдері

Оқуға бейімділік – адамның білім алуға деген қабілеті, ынтасы мен дайындығы. Бұл қасиетті бағалау үшін түрлі өлшемдер қолданылады.

Негізгі өлшемдер:

✓ Интеллектуалдық қабілет: логикалық ойлау деңгейі; есте сақтау қабілеті; ақпаратты жылдам өңдеу және талдау дағдылары.

✓ Мотивация және қызығушылық: білімге деген құштарлық; өзін-өзі дамытуға талпыныс; жаңа ақпаратты үйренуге ынталылық.

✓ Оқу дағдылары: ақпаратты түсіну және өңдеу қабілеті; зейін қою деңгейі; уақытты тиімді басқару дағдылары.

✓ Шығармашылық және сыни ойлау: жаңа идеяларды ұсыну қабілеті; мәселелерді шешу дағдылары; аналитикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілеті.

✓ Өзін-өзі реттеу және жауапкершілік: міндеттерді дербес орындау қабілеті; жоспарлау және мақсат қою дағдылары; оқу процесіне жауапкершілікпен қарау.

✓ Коммуникативтік дағдылар: оқытушылармен және құрдастарымен тиімді қарым-қатынас орнату; ойларын анық және дәл жеткізе білу; топта жұмыс істей білу дағдысы.

✓ Эмоционалдық тұрақтылық: стресс пен қиындықтарға төзімділік; өзін-өзі ынталандыру қабілеті; қателіктерден сабақ алу және өз-өзін дамыту.

Бағалау әдістері:

- Психологиялық тесттер (IQ, эмоционалдық интеллект, мотивациялық тесттер)
- Сауалнама және өзін-өзі бағалау
- Мұғалімдер мен ата-аналардың пікірлері
- Оқу үлгерімін талдау (бағалар, тапсырмаларды орындау жылдамдығы мен сапасы)

Осы өлшемдер оқушының немесе студенттің оқу процесіне бейімділігін анықтауға және оны дамытуға көмектеседі.

4. Сыныптың үлгерім деңгейін есепке алу жолдары

Сыныптың үлгерім деңгейін есепке алу – оқушылардың білім сапасын бағалау және олардың жетістіктерін талдау үшін маңызды процесс. Бұл білім беру сапасын жақсарту, оқыту әдістерін жетілдіру және оқушыларға жеке қолдау көрсету мақсатында жүзеге асырылады.

Үлгерім деңгейін есепке алу әдістері

1. Бағалау жүйесі арқылы есепке алу

✓ **Қалыптастырушы бағалау** – оқушының күнделікті үлгерімін бақылау (ауызша жауаптар, жазбаша жұмыстар, тесттер).

✓ **Жиынтық бағалау** – белгілі бір оқу кезеңінен кейін (тоқсандық, жылдық) білім деңгейін тексеру.

✓ **Қорытынды аттестация** – ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ), бақылау жұмыстары, емтихандар.

2. Орташа балл есептеу

✓ Әр оқушының барлық пәндер бойынша бағаларын жинақтап, сыныптың орташа балын есептеу.

✓ Формула: $Орташа\ балл(\%) = \frac{\sum \text{барлық бағалар}}{\text{бағалар саны}}$

✓ Орташа баллды тоқсан сайын немесе жыл сайын салыстырып, динамикасын талдау.

3. Үлгерім сапасының пайызын анықтау

Жақсы және үздік оқушылардың үлесін анықтау үшін:

$Үлгерім\ сапасы(\%) = \frac{4\ \text{пен}\ 5\ \text{алған оқушылар саны}}{\text{жалпы оқушылар саны}} \times 100\%$

Бұл әдіс сыныптың сапалық үлгерім деңгейін көрсетеді.

4. Оқушылардың жеке өсуін бақылау; оқушының әр тоқсандағы бағаларын салыстырып, оның прогрессін немесе регрессін анықтау; жеке портфолио жүргізу (жазбаша жұмыстар, тест нәтижелері, жоба жұмыстары).

5. Тест және диагностика нәтижелерін талдау: оқушылардың білім деңгейін нақты бағалау үшін әртүрлі тесттер мен диагностикалық жұмыстар жүргізу; алынған мәліметтерді диаграмма, график түрінде көрсету.

6. Мұғалімдер мен ата-аналар жиналысы: Оқушылардың үлгерімі туралы пікір алмасу; Қиындықтарға тап болған оқушыларға жеке қолдау көрсету.

7. Электронды жүйелерді қолдану: Kundelik.kz, Platonus, BilimLand сияқты платформалар арқылы оқушылардың үлгерімін бақылау; Сандық күнделіктер мен журналдардан мәліметтер алу.

Сынып үлгерімін есепке алу үшін жүйелі түрде бағалау, статистикалық мәліметтерді талдау және оқушылардың жеке өсуіне назар аудару қажет. Бұл әдістер мұғалімдерге оқыту сапасын жақсартуға және әр оқушыға тиімді қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

10-Лекция. Білім нәтижесін бағалаудың жас ерекшелік өлшемдері. Тапсырманың қиындық деңгейлері

Жоспар:

1. Білім нәтижесін бағалаудың жас ерекшелік өлшемдері.

2. Тапсырманың қиындық деңгейлерін анықтау.

3. Бағалау нәтижелерін талдау.

1. Білім нәтижесін бағалаудың жас ерекшелік өлшемдері

Оқыту мен бағалау үдерісіндегі басты аспектілердің бірі – оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру. Әр жас кезеңінде балалардың қызығушылықтары, қабылдау қабілеттері, ойлау және сөйлеу дағдылары әртүрлі болатыны белгілі. Осыған байланысты оларды оқыту әдістері мен құралдары да ерекшеленеді.

Бұл бөлімде ең алдымен баланың танымдық даму деңгейін анықтау маңызды. Яғни, оның оқу дағдылары, мәселелерді шешу қабілеті, сөйлеу, ойлау, зейін, тапқырлық және шығармашылық мүмкіндіктері қандай деңгейде екенін бағалау арқылы әрі қарай дамуына ықпал ету қажет. Жас ерекшеліктеріне қарай балалардың мінез-құлқында айырмашылықтар болады, ал бұл құбылысты психология ғылымы зерттейді. Атап айтқанда, психологияның бихевиористикалық бағыты адамның мінез-құлқы мен оның қоғаммен қарым-қатынасын талдауға негізделеді.

Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды ұйымдастыру барысында балалардың танымдық қасиеттері, зейіні, есте сақтау қабілеті, сөйлеуі және ойлау ерекшеліктері ескерілуі қажет. Қазіргі заман талабы – оқу және тәрбие үдерісін түбегейлі жаңғырту, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру арқылы тәрбиелі ұрпақ қалыптастыру. Соңғы зерттеулер көрсеткендей, жоғары сынып оқушыларының білім сапасы біртіндеп төмендеуде. Барлық оқушыларды бірдей сабаққа қызықтыру әр мұғалімнің қолынан келе бермейді. Дегенмен, жаңашыл педагогтар оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара түсіністік орнату арқылы бұл мәселені шешуге тырысады.

Әр жас кезеңінде балалардың когнитивтік (танымдық), психологиялық және әлеуметтік даму деңгейі әртүрлі болады. Сондықтан бағалау жүйесі де осы ерекшеліктерге сай болуы қажет. Төмендегі кестеде жас ерекшеліктеріне қарай бағалаудың негізгі өлшемдері мен әдістері берілген.

Жас буындары	Негізгі өлшемдер	Бағалау әдістері
Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп (3-10 жас)	<ul style="list-style-type: none">• Қарапайым түсініктерді меңгеру• Қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау дағдылары• Есте сақтау, зейін және логикалық ойлау қабілеті• Оқу, жазу, санау негіздерін меңгеру• Шығармашылық және қиялды дамыту	<ul style="list-style-type: none">• Ойын арқылы бағалау• Мұғалімнің бақылауы• Жеке және топтық тапсырмалар• Портфолио (суреттер, колөнер, шағын әңгімелер)
Орта буын (11-14 жас)	<ul style="list-style-type: none">• Теориялық білімді меңгеру және оны тәжірибеде қолдану• Логикалық және сыни ойлау қабілеті• Өзіндік пікір қалыптастыру• Жазбаша және ауызша сауаттылық• Топтық жұмысқа бейімділік	<ul style="list-style-type: none">• Жазбаша және ауызша бақылау жұмыстары• Жобалық жұмыстар• Презентациялар және шығармашылық тапсырмалар• Өзін-өзі бағалау және бірін-бірі бағалау
Жоғары сынып (15-18 жас)	<ul style="list-style-type: none">• Күрделі теориялық материалдарды меңгеру• Сыни тұрғыдан ойлау және зерттеу жүргізу• Ақпаратты талдау және	<ul style="list-style-type: none">• Тесттер және емтихандар• Жобалар мен зерттеу жұмыстары• Эссе және аналитикалық жазбалар

	<p>қорытынды жасау</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тәуелсіз шешім қабылдау және өзіндік оқу дағдылары • Әлеуметтік және эмоционалдық тұрақтылық 	<ul style="list-style-type: none"> • Пікірталастар мен дебаттар • Портфолио және рефлексия
--	--	--

Білім нәтижесін бағалау жүйесі оқушының жас ерекшеліктеріне сай құрылуы тиіс. Бастауыш сыныпта ойын және көрнекі бағалау тәсілдері тиімді болса, жоғары сыныптарда ғылыми-зерттеу және сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған бағалау әдістері маңызды рөл атқарады. Мұндай тәсіл оқушылардың білім алуына деген қызығушылығын арттырып, олардың дамуына оң әсер етеді.

2. Тапсырманың қиындық деңгейлерін анықтау

Тапсырмалардың қиындық деңгейін анықтау – оқыту үдерісінде оқушылардың білімін тиімді бағалау мен дамытудың маңызды бөлігі. Қиындық деңгейін дұрыс анықтау оқушылардың білім алуына деген ынтасын арттырып, олардың қабілеттеріне сәйкес тапсырмаларды ұсынуға көмектеседі.

Қиындық деңгейлерін жіктеу

Деңгейлер	Негізгі сипаттамалары	Мысалдар
<i>Төмен деңгей (базалық, репродуктивті тапсырмалар)</i>	<ul style="list-style-type: none"> • Қарапайым білімді есте сақтау және қайта айтып беру. • Нақты фактілерді, анықтамаларды, формулаларды қолдану. • Үлгі бойынша орындау. 	кестедегі бос орынды толтыру; терминдердің мағынасын жазу; қарапайым есепті шығару.
<i>Орташа деңгей (қолдану және түсіну тапсырмалары)</i>	<ul style="list-style-type: none"> • Білімді жаңа жағдайда қолдану. • Ойлау қабілетін қажет ететін сұрақтар. • Анализ жасау және қорытынды шығару. 	мәтіннің мағынасын түсіндіру; график немесе диаграмма бойынша қорытынды жасау: белгілі бір оқиғаның себеп-салдарын анықтау.
<i>Жоғары деңгей (шығармашылық және зерттеу тапсырмалары)</i>	<ul style="list-style-type: none"> • Жаңа идеялар ұсыну. • Күрделі мәселелерді шешу. • Түрлі көзқарастарды салыстыру. • Өзіндік тұжырым жасау. 	мәтіннің альтернативті соңын ойлап табу; ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу; нақты мәселені шешуге арналған жоба жасау

Қиындық деңгейін анықтау әдістері

- Блум таксономиясы:

есте сақтау → түсіну → қолдану → талдау → бағалау → құру;

- Оқушылардың дайындық деңгейін талдау – үлгерім нәтижелері бойынша саралау;

- Тапсырмаларды тестілеу – әртүрлі деңгейдегі оқушыларға беріп, орындау уақытын және нәтижелерін талдау.

Қолдану стратегиялары

- ✓ Дифференциация – әр оқушыға деңгейіне сәйкес тапсырма беру.
- ✓ Белсенді оқыту әдістері – ойын, рөлдік тапсырмалар, зерттеу жобалары.
- ✓ Өзара бағалау – оқушылардың бір-бірін бағалауы арқылы қиындық деңгейін

анықтау.

Тапсырмалардың қиындық деңгейін анықтау оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Оқушылардың танымдық қабілеттеріне сәйкес тапсырмалар беру олардың қызығушылығын арттырып, білімін жетілдіруге ықпал етеді.

3. Бағалау нәтижелерін талдау

Бағалау нәтижелерін талдау – оқыту үдерісінің сапасын анықтауға, оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап, әрі қарайғы оқыту стратегиясын түзетуге мүмкіндік беретін маңызды қадам. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін бағалау нәтижелерін талдау маңызды рөл атқарады. Бағалау нәтижелері оқушылардың жетістіктерін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар олардың оқу процесіндегі әлсіз және күшті жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл талдау нәтижесінде мұғалімдер оқыту әдістерін жетілдіріп, оқу сапасын арттыра алады.

Бағалау нәтижелерін дұрыс талдау келесі мүмкіндіктерді береді:

- Оқушылардың түсінбей қалған тақырыптарын анықтау;
- Оқу бағдарламасындағы кемшіліктерді байқау;
- Жеке және сараланған оқыту әдістерін қолдану қажеттілігін айқындау;
- Оқушылардың мотивациясы мен қызығушылығын арттыру.

Бұл бағалау нәтижелерін талдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Бағалау нәтижелерін талдау мақсаттары:

1. Оқушылардың білім деңгейін анықтау.
2. Қиындық тудыратын тақырыптар мен дағдыларды айқындау.
3. Оқыту әдістерін жетілдіру.
4. Оқушылардың жеке дамуын бақылау.

1-мақсат: Оқушылардың білім деңгейін анықтау. Осы мақсатта математика пәнінен мысал қарастырайық:

Тақырып: Алгебра. Квадрат теңдеулер

Сынып: 8-сынып

1. Тапсырмаларды қиындық деңгейіне бөлу

Төмен деңгей (Базалық білімді тексеру)

Мысал. Берілген квадрат теңдеудің түбірлерін табыңдар: $x^2 - 5x + 6 = 0$

Бағалау критерийі:

- Виет теоремасын қолдану;
- Дискриминант әдісі арқылы шешу;
- Дұрыс жауап: $x_1=2$; $x_2=3$

Орташа деңгей (Қолдану және түсіну)

Мысал. Келесі теңдеудің коэффициенттерін пайдаланып, дискриминантын есептеңдер:

$$2x^2 - 3x - 5 = 0$$

Бағалау критерийі:

- Коэффициенттерді дұрыс анықтау: $a=2$, $b=-3$, $c=-5$
- Дискриминант формуласын қолдану: $D=b^2-4ac$
- Дұрыс есептеу: $D=(-3)^2-4(2)(-5)=9+40=49$

Жоғары деңгей (Шығармашылық және талдау)

Мысал. Квадрат теңдеудің коэффициенттерінің өзгеруіне байланысты оның түбірлері қалай өзгереді? Мысалы, $ax^2+bx+c=0$ теңдеуінде **a** коэффициенті 2 еселенсе, түбірлеріне қалай әсер етеді?

Бағалау критерийі:

- Коэффициенттердің түбірлерге әсерін түсіндіру
- Дискриминант арқылы талдау
- Графиктік интерпретация беру (парабола формасы өзгеруі)

Бағалау нәтижелерін талдау арқылы келесілерге қол жеткізіледі:

Білім деңгейіне қарай оқушыларды жіктеу:

• Жоғары деңгей: Барлық тапсырмаларды дұрыс орындайды, шығармашылық сұрақтарға жауап береді.

• Орташа деңгей: Негізгі есептерді дұрыс шешеді, бірақ талдау қабілеті төмен.

• Төмен деңгей: Базалық тапсырмаларды орындауда қателеседі, негізгі түсініктерді меңгеру қажет.

Түзету жұмыстары:

• Төмен деңгейдегі оқушыларға – қосымша түсіндіру, практикалық жаттығулар.

• Орташа деңгейдегі оқушыларға – қосымша тапсырмалар арқылы талдау қабілетін дамыту.

• Жоғары деңгейдегі оқушыларға – күрделі, логикалық есептер беру.

2-мақсат: Қиындық тудыратын тақырыптар мен дағдыларды айқындау. Математика пәнінен қиындық тудыратын тақырыптар мен дағдыларды айқындау мақсатында мысал қарастырайық:

Тақырып: Геометрия – Үшбұрыштар және олардың қасиеттері

Сынып: 7-сынып

Оқушыларға қиындықтарды анықтау үшін тапсырмалар беру

Деңгейлер	Мысал	Қиындық туындауы мүмкін
Базалық тапсырма (Оңай деңгей)	Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысын табыңыз. Дұрыс жауап: 180°	- Кейбір оқушылар үшбұрыштың бұрыштарының қосындысы 180° екенін есінде сақтамайды. - Қарапайым формулаларды дұрыс қолдана алмауы мүмкін
Орташа деңгей тапсырмасы	Егер үшбұрыштың екі бұрышы 65° және 45° болса, үшінші бұрышты табыңыз. Шешімі: $x=180^\circ-(65^\circ+45^\circ)=70^\circ$	- Қарапайым арифметикалық қателіктер жіберу. - Бұрыштарды дұрыс қоспау немесе кеміту.
Жоғары деңгей тапсырмасы (Қиын)	Төмендегі үшбұрыш тең бүйірлі ме? Егер иә болса, оның негізі мен бүйір қабырғаларын анықтаңыз <i>Берілген:</i> үшбұрыштың бұрыштары $50^\circ, 80^\circ, 50^\circ$. Шешімі: Екі бұрышы тең болғандықтан, үшбұрыш теңбүйірлі. Үшбұрыштың негізі: 80° бұрышына қарама-қарсы қабырға	- Оқушылар үшбұрыштың теңбүйірлі екенін қалай анықтауды білмеуі мүмкін. - Бұрыштардың теңдігін есептеуде қателіктер жіберуі мүмкін.

2. Қиындық тудыратын негізгі дағдыларды айқындау

1. Геометриялық теоремаларды есте сақтау.
2. Бұрыштарды дұрыс есептеу және қосуды түсіну.
3. Үшбұрыштың түрлерін ажырату.
4. Логикалық ойлау дағдылары (есепті талдау, теоремаларды қолдану).

3. Қиындықтарды шешу жолдары

- ✓ Көрнекі құралдар (сызбалар, модельдер) қолдану.
- ✓ Ойын түріндегі жаттығулар (геометриялық пішіндер құрастыру).
- ✓ Сараланған тапсырмалар беру (жеңілден күрделіге қарай).
- ✓ Қателермен жұмыс – оқушыларға жиі кездесетін қателерді көрсету.

Осындай әдістерді қолданып, оқушылардың қай жерде қиналатынын анықтауға болады. Бұл мұғалімге оқыту әдістерін тиімді құруға және оқушыларға қиындық тудыратын тұстарды түсіндіруге көмектеседі.

3-мақсат: Бағалау нәтижелерін талдау негізінде оқыту әдістерін жетілдіру мақсатында келесі тәсілдерді қолдануға болады:

Диагностикалық бағалау негізінде сараланған оқыту. Оқушылардың білім деңгейін алдын ала анықтау арқылы әр оқушыға сәйкес тапсырмалар беру тиімді. Бұл әрбір оқушының қажеттілігіне қарай білім алуына көмектеседі.

Қалыптастырушы бағалау әдістерін енгізу. Қалыптастырушы бағалау (кері байланыс, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау) арқылы оқушылардың білімін тұрақты түрде бақылау олардың жетістіктерін арттыруға септігін тигізеді.

Оқыту әдістерін жаңғырту. Бағалау нәтижелері көрсеткен кемшіліктерді жою үшін белсенді оқыту әдістерін қолдану қажет. Мысалы:

- Проблемалық оқыту (оқушыларға зерттеу жүргізуге мүмкіндік беру);
- Жобалық оқыту (нақты жобалармен жұмыс жасау);
- Топтық жұмыс (бірлескен оқу арқылы білімін жетілдіру).

Цифрлық технологияларды қолдану. Бағалау нәтижелерін жылдам талдау және жеке оқыту траекториясын құру үшін цифрлық платформаларды пайдалану тиімді (мысалы, онлайн тесттер, білім беру қолданбалары).

Бағалау нәтижелерін талдау – оқыту әдістерін жетілдірудің маңызды құралы. Мұғалімдер бағалау нәтижелерін тиімді пайдаланып, оқыту әдістерін жетілдіру арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін арттыра алады. Бұл білім сапасының жақсаруына, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятуға және олардың оқу мотивациясын көтеруге ықпал етеді.

4-мақсат: Бағалау нәтижелерін талдау негізінде оқушылардың жеке дамуын бақылау. Бағалау тек білім деңгейін анықтауға ғана емес, сонымен қатар әрбір оқушының жеке даму динамикасын қадағалауға және қажетті түзетулер енгізуге көмектеседі.

Бағалау нәтижелерін талдау арқылы оқушылардың жеке дамуын бақылау маңызды. Өйткені, бағалау нәтижелерін жүйелі түрде талдау арқылы келесі мәселелерді анықтауға болады:

- Оқушының күшті және әлсіз тұстарын;
- Білім алудағы прогресс деңгейін;
- Қиындықтар мен оқу барысында кездесетін кедергілерді;
- Қосымша қолдау немесе жеке оқу траекториясын қажет ететін жағдайларды.

Оқушылардың жеке дамуын бақылау мақсатында бағалау нәтижелерін тиімді пайдалану үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

Динамикалық бақылау жүйесін енгізу. Оқушының оқу жетістіктерін ұзақ мерзімді перспективада бақылау үшін арнайы деректер базасын немесе электрондық күнделіктерді пайдалану.

Оқушының даму картасын жасау. Әр оқушының жетістіктері мен қиындықтарын көрсететін жеке даму картасын әзірлеу. Бұл карта мұғалімге оқушының қандай бағытта өсу керектігін түсінуге көмектеседі.

Кері байланыс беру жүйесін дамыту. Оқушылар мен ата-аналарға бағалау нәтижелері туралы уақытылы және нақты ақпарат беру. Кері байланыс мотивацияны арттырып, оқудағы қиындықтарды жоюға көмектеседі.

Жеке және сараланған оқыту әдістерін қолдану. Бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, оқушыларға жеке тапсырмалар беру, жеке консультациялар ұйымдастыру, қосымша материалдар ұсыну.

Демек, бағалау нәтижелерін жүйелі талдау – оқушылардың жеке дамуын бақылаудың тиімді құралы. Бұл тәсіл оқушының оқу жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар оның қабілеттерін, оқу стилін және даму бағытын анықтауға көмектеседі. Мұғалімдер бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, сараланған оқыту әдістерін қолданса, әр оқушының жеке әлеуетін толық ашуға мүмкіндік туады.

Сонымен, бағалау нәтижелері білім берудің келесі қызметтерін жүзеге асыруда қолданылады:

Оқушыларға кері байланыс беру – олардың күшті және әлсіз жақтарын көрсету.

Оқу бағдарламасын түзету – қиын тақырыптарға көбірек назар аудару.

Жеке оқыту стратегиясын әзірлеу – әр оқушының қажеттіліктерін ескеру.

Мұғалімнің кәсіби дамуын жетілдіру – бағалау нәтижелеріне қарай оқыту әдістерін жақсарту.

11-Лекция. Критериалды бағалау педагогикалық технология ретінде

Жоспар:

- 1. «Критериалды бағалау (КБ)» түсінігі және оның мақсаты, міндеттері, қызметтері.**
- 2. Критериалды бағалаудың теориялық негізі**
- 3. Критериалды бағалауды ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері.**
- 4. Критериалды бағалаудың негізгі ұғымдары: Рубрика-критерий-дескриптор.**

1. «Критериалды бағалау (КБ)» түсінігі және оның мақсаты, міндеттері, қызметтері

Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл күзiреттiлiктер бiлiм алу үшiн оқушылардың өздерi де оқу үдерiсiне белсендi қатысуын талап етедi. Мұғалiмдер, өз кезегiнде, өзiнiң сабақ беруiне емес, оқушылардың оқу ептiлiгiн дамытуға назар аударуы тиiс. Осы орайда оқушылар арасында өзара түсiнiстiк және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенiмсiздiктерiн жойып, мүмкiндiктерiн арттыруға жол ашатын бiрден бiр тәсiл критериалды бағалау болып табылады. Ол бағалау рәсiмдерiнiң сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестiгiн және әр бiлiм алушының оқудағы қажеттiлiгiн қамтамасыз етуге мүмкiндiк бередi.

Критериалды бағалау жүйесi бiлiм алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталған. Егер әр бiлiм алушыға және оның ата-анасына түсiнiктi болатындай нақты әрi өлшемдi бағалау критерийлерi белгiленетiн болса,

бұған жетуге әбден болады. Анық құрастырылған бағалау критерийлерінің көмегімен мұғалім де, білім алушы да келесі сұрақтардың жауабын түсінеді:

- Білім алушы оқытудың қай сатысында?
- Олар білім алуда неге талпынады?
- Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу керек?

Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Критериалдық бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты, әділ және ашық бағалау арқылы білім сапасын арттыру, оқыту үдерісін жетілдіру және оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту.

Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

1. Бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету – оқушылардың білімін алдын ала белгіленген нақты критерийлер негізінде бағалау.

2. Оқушылардың оқу жетістіктерін үздіксіз қадағалау – оқыту барысында кері байланыс орнату арқылы білім деңгейін анықтау.

3. Оқушылардың өздігінен даму дағдыларын қалыптастыру – өзін-өзі бағалау және рефлексия жасау мүмкіндігін беру.

4. Мұғалімдер мен ата-аналарға нақты ақпарат беру – оқушының білім деңгейін анық көрсетіп, әрі қарай дамуына ықпал ету.

5. Оқу үдерісін жақсарту – бағалау нәтижелерін талдау арқылы оқыту әдістерін жетілдіру.

Қызметтері:

1. **Диагностикалық қызмет** – оқушылардың білім деңгейін, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау.

2. **Ынталандырушы қызмет** – оқушылардың оқу белсенділігін арттыру және өзіндік дамуға ынталандыру.

3. **Дамытушылық қызмет** – оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын дамыту.

4. **Бақылау қызметі** – білім беру стандарттарына сәйкес оқыту нәтижелерін тексеру.

5. **Түзетуші қызмет** – оқыту үдерісінде оқушылардың білімін жетілдіру үшін қажетті өзгерістер енгізу.

Осы қызметтерді атқару нәтижесінде критериалды бағалау жүйесі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, әділ бағалау арқылы олардың даму траекториясын айқындауға мүмкіндік береді.


2. Критериалды бағалаудың теориялық негізі

«Критериалды бағалау» терминін алғаш Роберт Глейзер (1963) қолданған, ол әдеттегі мінез-құлық моделінің жиынын анықтау үдерісін, білім алушылардың оқу жетістігі деңгейінің шамасы мен қолжетімділігінің арасындағы сәйкестікті сипаттады. Бұл оқушы әрекетін алдын ала анықталған критерийлерді тіркеп жинақтау арқылы бағалауды білдіреді. Глейзер критериалды стандарттағы бағалаудың басқа оқушылар жетістігіне тәуелділік пен салыстыруға қатысы жоқ екенін, сондай-ақ, әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпараттануға бағытталғандығын атап көрсетті.

Оқушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу, бағалаудың өзара байланысына және оқу үдерісін ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз етуге негізделген. (Бойл және Чарльз, 2010). Бұл барлық бағалау элементтері арасындағы өзара байланыс орнатуды, теориялық негіздемені болжамдайды (оқу мақсаттары, бағалау түрлері, құралдары мен нәтижелері). 1-суретте критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық (концептуалдық) құрылымы көрсетілген.

Оқушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі

- оқыту мен бағалаудың тұтастығына негізделеді;
- оқушылардың үлгерімін, ілгерілеуін қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілін қалыптастыруға бағытталады;
- оқу бағдарламасына сәйкес дағдыларды дамытуды, білім алу дәлелдерін жинақтауды, оқу мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- оқу бағдарламасының мазмұны негізіндегі әр сынып үшін пән бойынша бағалаудың формалары мен тәсілдерінің әртүрлілігін қамтиды.



1-сурет. Критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық (концептуалдық) құрылымы

Құзыреттілікке негізделген тәсілдеме

Құзыреттілікке негізделген тәсілдемеде оқу нәтижелерін бағалау білім алудың белгілі сатысында оқушылардың «жыл басында» қол жеткізген білімдерінің деңгейлерін талдауға негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқу бағдарламасын толық менгерудің қорытындысы бойынша туындайтын оқушылардың тәжірибесінен және қабілетінен, дағдысынан, білімі мен білігінен көрінеді. ЭЫДҰ баяндамасында құзыреттіліктің үш санатын атап көрсетеді (ЭЫДҰ, 2003):

- құралдарды интерактивті қолдану: сөйлеу, символдар мен мәтіндер; білім мен ақпарат; технологиялар.

- әркелкі топтарда әрекет ету: басқалармен жақсы қарым-қатынаста болу қабілеті, командамен жұмыс жасау және ынтымақтастық, шиеленісті шеше білу және басқару.

- өз бетінше әрекет ету: көріністі жан-жақты көре білу және әрекет ету қабілеті, жеке жобалар, өмірлік жоспарларды қалыптастыру, жүзеге асыру, қажеттіліктер мен нормаларды, қызығушылықтарды, құқықты сақтап қалу, қорғау.

Білім берудегі құзыреттілікке негізделген тәсілдеме адамның іс-әрекетке дайындығын, өмірге қажетті құзыреттіліктерді алу жолымен социумда қызмет етуін анықтайды.

Кері дизайн

Кері дизайн – бұл білім беру үдерісіндегі арнайы педагогикалық жобалау технологиясы, негізгі критерийі мазмұн емес (контент), оқытудың жоспарланған нәтижелері болып табылады (Велединская, Дорофеева, 2014). Тәжірибе көрсеткендей, мұғалімнің оқу мақсатын анықтап, бағалау үдерісін жобалауы, қарастыруы, содан соң ғана жоспарлауы арқылы оқушыларға сабақ өткізу әрекеті әлдеқайда тиімдірек екені байқалды. Кері байланыс технологиясы аясында білім беру үдерісін жоспарлауда үш кезеңді жүзеге асыру қарастырылады (Уигнис және Тай, 2011): 1-кезең – Мақсаттар мен қалаулы нәтижелерді анықтау, яғни «Оқушылар нені білуі, түсінуі және істеуі тиіс?» деген сұраққа жауап; 2-кезең – Қолайлы дәлелдерді анықтау, яғни «Оқушылардың қалаулы нәтижелерге жетуі мен олардың стандарттарға сай болуына не дәлел болады?» деген сұраққа жауап; 3-кезең - Оқуды және оқушылардың нәтижелерге жету үдерісін жоспарлау.

Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясы

Критериалды бағалау жүйесі оқытуда әлеуметтік-конструктивистік көзқарасқа сүйенеді. Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясы білім беруде ұжымдық, топтық, жеке-тұлғалық оқыту үдерісінде әлеуметтік конструкцияға ерекше көңіл бөледі. Дэвис және Херш (1981) оқытуда сындарлы (конструктивистік) көзқарасы бар мұғалім оқыту мен бағалаудың білім мен дағдыны дамытуға бағытталғанын түсінеді деп есептейді. Білім танымның келісілген аймағы ретінде қарастырылады; оқушы білімді пассивті түрде алуды тоқтатып, сол білімнің «жасаушысы/құрастырушысы» бола бастайды. Пиаженің (1967) әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясына сәйкес оқушылар қандай дағдыларға қол жеткізді, қолынан не келеді, нені таныды тұрғысынан өз түсінігін қалыптастырған адам ретінде қарастырылады. Оқыту оқушылардың жаңа ақпаратты түсінуін, тәжірибе жинақтауын өзгерту (трансформациялау) үшін қолданылуы қажет деп түсіндіріледі (Выготский, 1966). Бұл оқушылардың өз дағдыларын дамытуына, келешекте рефлексия арқылы абстракциялар көмегімен негізгі қағидаттарды қолдануына мүмкіндік береді (Дарлинг және Вэнворс, 2010).

Жақын арадағы даму аймағы

Жақын арадағы даму аймағы түсінігі Л.С.Выготскийдің енгізуімен белгілі, ол «жақын арадағы даму аймағы, баланың даму деңгейі, яғни қандай тапсырманы ол өз бетінше орындай алатынын және үлкендермен, өз құрдастарымен жұмыс жасай отырып жете алатын әлеуетті даму деңгейі арасындағы айырмашылығын білетінін анықтайды» дегенді білдіреді (Выготский, 1978, 86-бет). Осылайша, қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім немесе қабілетті құрдастарының бірі оқушыға қолдау көрсетсе, оның дамуы жақын арадағы даму аймағында өтеді.

Скаффолдинг теориясы

Скаффолдингтің жаңашыл теориясы – бұл білім беру үдерісіне қатысушылардың арасындағылардың өзара сеніміне негізделген серіктестік. Оқу үдерісінің барысында қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті көмек көрсету мақсатымен оқушыларды қолдау (Дж.С.Брунер, 1976) қалыптастырушы бағалау тәжірибесінде мұғалім орындайтын маңызды функциялардың бірі болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау теориясы

Дәстүрлі жағдайда мұғалім оқушыларды оқыту мен бағалауға қатысты жауапты тұлға ретінде танымал. Алайда оқудағы оқушы мен құрдасының рөліне де назар аудару

қажет. Мұғалім көп жағдайда тиімді оқу ортасын құруға, енгізуге жауапты, ол кезде оқушылар сол ортада оқуға, нәтижеге жетуге жауапты болады. Оқытуға жауапкершілік мұғалімге де, оқушыға жүктелетіндіктен (серіктестік құқық тілінде – «ынтымақтастық жауапкершілік»), екеуі де нәтижеге жетуде кез келген келеңсіздіктердің алдын алуға күш жұмсауы қажет. Қалыптастырушы бағалау теориясы аясында оқушыларды қолдау үдерісінің негізі төмендегідей үш сұрақтан тұруы қажет: «оқушылар оқудың қай сатысында тұр?», «өз оқуында олар қайда ұмтылады?» және «соған жету үшін оларға қандай көмек көрсету қажет?», бұл сұрақтар оқудағы үш қатысушымен тікелей байланысады (мұғалім, сыныптас және оқушы), бұл 1 кестеде көрсетілген (Уильям және Томсон, 2007).

1-кесте. Қалыптастырушы бағалау аспектілері

Агенттер	Оқушы оқуда неге талпынады?	Оқушы оқытудың қай сатысында?	Оқушы қойылған мақсатқа қалай жетеді?
Мұғалім	Оқудан күтілетін нәтижені және табыс критерийлерін түсіндіру, олармен таныстыру (хабарлау) және оқушының түсінуі	Оқушылардың түсінгенін айғақтау ретінде қызмет ететін тиімді сынып ішіндегі пікірталасты, басқа оқу міндеттерін қалыптастыру	Оқушыларды алға ұмтылуға ынталандыратын кері байланыс беру
Сыныптас		Оқушыларды өзара оқыту ресурстары, құралдары ретінде қолдану	
Оқушылар		Оқушылардың өз білімдерін өздері «жасаушылар/құрушылар» ретінде қалыптастыруы	

Оқу мақсаттарының таксономиясы

Оқу мақсаттары оқушылардың ілгерілеуін көрсету үшін тиімді пайдаланылуы мүмкін. Критериалды бағалау жүйесінде оқу мақсаттары ерекше маңызды, олар критерийлерді анық, жеңіл, түсінікті формада құрастыруға мүмкіндік береді. Әр оқу бағдарламасында оқу мақсаттары оқушылардың пәнді меңгеруін дамытуы қажет білімі мен дағдыларын анықтайды. Оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелерді анықтау, осы дамытуды ақпараттандыру үшін оқу бағдарламасындағы негізгі бағыт болып табылатын Б.Блумның (1956) таксономиясы қолданылады.

3. Критериалды бағалауды ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері

Бағалау жүйесін дамытудағы қазіргі бағыттар анықталған критерийлермен оқушының жеке жетістіктерін салыстырумен байланысты болып отыр. Ал критерийлер өз кезегінде құзыреттілікгермен және жаңаша білім беру парадигмасымен байланысты. Осы бағыттарды ескере отырып білім беру стандарттары жасалады. Мұндай білім беру стандарттары білім беру ұйымдарының педагогикалық тәжірибесіне бағалаудың критериалды жүйесін енгізу үшін белгілі бір талаптарды қояды.

Критериалды бағалау алдын-ала ұжыммен бірге құрастырылған, білім беру үрдісіне қатысушылардың барлығына белгілі және түсінікті критерийлер бойынша оқушының білім жетістіктерін салыстыру үрдісі ретінде түсіндіріледі. Бұл критерийлер білім берудің мақсатына және мазмұнына сәйкес болуы керек және оқушының оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етуі керек.

Оқушылардың оқу жетістіктерін критерийлер бойынша бағалау үрдісін ұйымдастыру барысында оқушылардың оқу-танымдық қызметінің төмендегідей психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері ескерілуі керек:

- өзбетінше білімін, біліктілігін және дағдыларын жетілдіруге және жаңа жетістіктерге ұмтылуға дайын болуы керек;
- өзінің жетістіктерін нақты бағалай алуы керек;
- өзінің алдына қойылған міндеттерін түсіне алуы керек;
- оқушының жеке білім алу бағытын таңдауға және оны құрастыруға ұмтылуы;

- оқу және өз бетінше дайындалу сабақтарының барысында оқу-танымдық белсенділікке ұмтылуы;
- сыныптастарымен қарым-қатынас жасауға ұмтылуы;
- оның құрбы-құрдастарының алған бағаларына көңіл аударуы, яғни оның өзара бағалауға ұмтылуы;
- теориялық және критерийлік ойлауының қапыптасуы;
- талғампаздығы;
- ақпаратты қабылдау барысында ынтасының тұрақтылығы;
- бір мақсатқа бағытталуы.

Оқушының жұмысындағы кемшіліктерді анықтау, олардың себебін және сипаттарын айқындау бақылаудың педагогикалық-психологиялық негіздері болып табылады. Мұндағы мақсат - осы кемшіліктердің алдын-алу. Мұғалімге осы білімдер оқушыда қалай (немесе қандай жолмен) және қаншалықты игерілгендігі туралы білу қажет. Тексеру – бұл оқушының білімін бекіту, нақтылау, ойлану және жүйелеудің түрі. Мұғалімнің тарапынан тақырып бойынша қойылған сұраққа жауап беріп жатқан жолдастарын тыңдап, оқушылар оның алдында ғана өздері берген жауаптарын қайталайды. Тексеру неғұрлым жақсы ұйымдастырылса, білімнің бекітілуі де соғұрлым жақсы болады. Мұғалімнің осы орайда мақсаты - материалдың толық игерілуі. Ал ол үшін білімді арнайы әдіс бойынша тексеру керек. Тек сонда ғана білім толық және терең игерілгеніне көзіміз анық жетеді. Ал сыныптың барлық оқушыларының тақырып бойынша деңгейін анықтау өз алдына талдауды қажет ететін жеке сұрақ. Бұл мәселенің шешімі тест сұрақтарын бірнеше нұсқада жасаумен байланысты.

Критериалды бағалау оқу бағдарламаларының мазмұнына, бағалау іс-шараларының түрлеріне, оқушылардың жеке психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар критериалды бағалау формативтік және констативтік бағалаудың біріккен негізінде іске асырылады. Бұл дегеніміз оқушылардың білім жетістіктерін аралық және қорытынды бақылауды өзара байланысты тұтас жүйеде қолдану. Критериалды бағалау сонымен қатар бақылау үрдісін сезіну және осы бағалау технологиясын пайдаланудың тиімділігін педагогикалық болжауды жүргізу іске асырылатын болжау негізінде жүргізіледі. Критериалды бағалау оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін, олардың шығармашылық және зерттеу аясын, жүйелі рефлексияға оқушыны бейімдеу арқылы ғылыми ақпараттың ағынында өз бетінше жұмыс істеуін және бағыт-бағдарын қалыптастыру және дамыту үшін жағдайларды және мүмкіндіктерді жасау мақсатын анықтайды.

Өлшемдік бағалауды ұйымдастырудың психологиялық негіздері. Өлшемдік бағалау оқушылардың психологиялық даму заңдылықтарын ескере отырып құрылады.

Танымдық процестердің дамуы. Бағалау кезінде оқушылардың қабылдау, есте сақтау, ойлау, зейін және қиял сияқты психикалық процестері маңызды рөл атқарады.

• **Жас ерекшелігі** – бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларының ойлау деңгейі әртүрлі, сондықтан бағалау критерийлері осы ерекшеліктерді ескеруі тиіс.

• **Когнитивтік жүктеме** – күрделі бағалау тапсырмалары баланың интеллектуалдық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы керек.

Мотивация және өзін-өзі бағалау: өзіндік рефлексия – оқушылар бағалау критерийлерін түсініп, өз нәтижелерін талдауды үйренеді; ішкі мотивацияны арттыру – әділ және ашық бағалау оқушының оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады.

Эмоционалдық факторлар: Бағалау оқушыларға психологиялық жайлылық беріп, олардың сенімділігін, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруы тиіс.

• **Стресс пен қорқынышты төмендету** – бағалау әдістері оқушыларды қорқыту емес, қолдау көрсетуге бағытталуы қажет.

• **Қателесуге мүмкіндік беру** – оқушылардың қателерінен сабақ алып, дамуына жағдай жасау.

Критериалды бағалауды ұйымдастырудың педагогикалық негіздері. Критериалды бағалау оқыту әдістерімен, бағалау принциптерімен және оқу бағдарламасымен тығыз байланысты. Бағалау оқытудың ажырамас бөлігі. Бағалау тек оқушыны тексеру құралы ғана емес, сонымен бірге оқытуды жақсарту әдісі болуы тиіс:

- **Оқыту үшін бағалау (формативті бағалау)** – оқушылардың даму деңгейін анықтап, оларды жетілдіру үшін қолданылады.

- **Оқытуды бағалау (суммативті бағалау)** – оқу жылы немесе тоқсан соңында қорытынды нәтиже ретінде қолданылады.

Дербес оқытуға бағытталу. Әр оқушының оқу қарқыны мен ерекшеліктері әртүрлі, сондықтан бағалау жүйесі:

- **Дифференциация** (деңгейлік тапсырмалар);

- **Жекелендіру** (әр оқушының қабілетіне қарай бағалау);

- **Кері байланыс** (оқушыға оның қандай бағытта даму керектігін көрсету) сияқты қағидаларға сүйенуі керек.

Критериалды бағалауды ұйымдастыру ерекшеліктері:

1. **Бағалау критерийлерін нақты анықтау** – әр тапсырманың қандай өлшемдер бойынша бағаланатынын анық көрсету.

2. **Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау** – оқушылар өз жетістіктерін талдап, бағалауға үйренеді.

3. **Қалыптастырушы бағалау** – сабақ барысында оқушының білімі үнемі бағаланып, оған кері байланыс беріледі.

4. **Бағалау нәтижелерін саралау** – әр оқушының білім деңгейін анықтап, қосымша қолдау көрсету.

Сонымен, критериалды бағалауды ұйымдастырудың:

- ✓ **Психологиялық негізі** – оқушының танымдық, эмоциялық және мотивациялық ерекшеліктерін ескеру.

- ✓ **Педагогикалық негізі** – бағалаудың оқу процесіне ықпалын анықтау, әділдік пен объективтілікті сақтау.

- ✓ **Тәжірибелік маңызы** – оқушылардың білімін әділ, ашық, жүйелі түрде бағалау арқылы олардың дамуын қамтамасыз ету.

Өзара бағалау оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін-бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол мақсаттар бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

Бағалаудың өзіндік қиындықтары да байқалып жатады. Басында балалар өздеріне жоғары баға береді. Ол жағдайда оқушыларға бағаның шын болу керектігін айта отырып, яғни шын баға өзінің қаншалықты түсіну нәтижесін көрсететінін айтып өткен жөн. Яғни әр оқушы өзіне сын көзбен қарай бастайды.

Топпен бірге жұмыс жасау кезінде қандайда бір істің атқарылуы маңызды емес, оның топпен қалай жасалғаны маңыздырақ. Бұл жағдайда жұмыстың нәтижесі ғана бағаланбайды, сонымен қатар, жұмыс барысы да бағалануы тиіс, өйткені, топта жұмыс істей білу баланы қалыптастырудағы өте маңызды құзыреттілік. Бұл жағдайда формативті бағалау оқу процесінің бір бөлімі болып табылады, себебі, топпен бірге жұмыс істеу арқылы шәкірттер бір-бірімен ақылдасып, сұрақтар қойып өзара байланыс жасайды. Осы арада ұстаздың топтық жұмыс кезінде міндетті түрде бағалау керек еместігін есте ұстағаны жөн. Топтық жұмыс әдісімен мақсаттар жетістіктерін қалай бағалауға болады? Оның бірнеше бағыттары: ұстаздың әрбір топтың белсенділіктерін, белсенді қатысып отырған білім алушыларды және өзін-өзі бағалауы. Топпен бірге жұмыс істеуді ұйымдастырғанда мұғалім алдымен мынадай шарттармен таныстырып өтуі керек: топтық жұмыстың мақсаттарын хабарлау және оның оқытылатын тақырыпты оқыту әдісімен үйлесімділігі, соңында кім бағалайтыны жайлы хабарлап алу. Ұстаздың топтық жұмысты

бағалау кезінде топтағылардың әрқайсысына әртүрлі баға қоюы ұсынылмайды, себебі, ол топтық жұмыстың белсенділігіне кері әсерін тигізеді.

4. Критериалды бағалаудың негізгі ұғымдары: Рубрика-критерий-дескриптор

Критериалды бағалау жүйесі оқу жетістіктерін әділ әрі нақты бағалау үшін бірнеше маңызды ұғымдарға негізделеді: **рубрика, критерий және дескриптор.**

1. Рубрика – бағалау құрылымын сипаттайтын кесте немесе нұсқаулық. Ол белгілі бір оқу тапсырмасы немесе дағды бойынша бағалау деңгейлерін айқындайды және әр деңгейдің нақты сипаттамаларын қамтиды. Оның **мақсаты**: оқушылардың білімін, дағдыларын және құзыреттіліктерін жүйелі түрде бағалау.

2. Критерий – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін белгіленген нақты талаптар. Олар оқыту мақсаттарына сәйкес жасалып, оқушылардың қаншалықты жетістікке жеткенін анықтауға көмектеседі. Оның **мақсаты**: оқушылардың білімін, түсінуін, қолдану деңгейін және ойлау дағдыларын бағалау.

Критерийлердің түрлері:

- **Білімді меңгеру критерийі** (оқушының теориялық білімін тексеру)
- **Түсіну критерийі** (білімді түсініп, оны дұрыс қолдану деңгейін анықтау)
- **Қолдану критерийі** (теориялық білімді тәжірибеде пайдалану)
- **Талдау және бағалау критерийі** (оқушының сыни ойлау және талдау дағдыларын бағалау)

3. Дескриптор – әрбір критерий бойынша оқушының оқу жетістігін сипаттайтын нақты өлшемдер. Олар оқушының қай деңгейде тұрғанын анықтауға көмектеседі. **Мақсаты**: бағалау үдерісін нақтылау және әділ бағалауды қамтамасыз ету.

Рубрика, критерий және дескрипторлар өзара байланысты ұғымдар, олар критериалды бағалаудың әділдігі мен нақтылығын қамтамасыз етеді. **Рубрика** – бағалау құрылымы, **критерий** – бағалау талаптары, ал **дескриптор** – оқушының жетістік деңгейін сипаттайтын нақты өлшемдер. Мысал:

1. Рубрика мысалы (Математика пәнінен тест жұмысы үшін)

Критерий	Дескрипторлар	Балл
Алгебралық өрнектерді түрлендіру	- Өрнекті дұрыс ықшамдайды. - Ережелерді орынды қолданады. - Қате жібермей дұрыс жауап жазады.	3
Теңдеуді шешу	- Теңдеудің шешу жолын дұрыс көрсетеді. - Барлық амалдарды дұрыс орындайды. - Дұрыс жауапты жазады.	3
Геометриялық фигуралардың қасиеттерін білу	- Фигураның қасиеттерін дұрыс сипаттайды. - Берілген шарттарға сәйкес дәлелдейді.	2
Қолдану дағдысы	- Шартқа сәйкес есепті талдайды. - Логикалық дұрыс қорытынды жасайды.	2

2. Критерийге мысал (Математика пәнінен «Теңдеулерді шешу» тақырыбы бойынша). Критерий: Оқушы бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шеше алады.

3. Дескрипторлар мысалы: **Теңдеу берілген:** $2x + 5 = 15$

Дескрипторлар:

- Теңдеудің екі жағына да қажетті амал қолданады (5-ті шегеру).
- Айнымалының коэффициентіне бөлу арқылы түбірді табады.
- Дұрыс жауапты жазады ($x = 5$).

Бағалау:

- Барлық қадамдарды дұрыс орындады – **3 балл**

- Бір қате жіберді, бірақ логикасы дұрыс – **2 балл**
- Бірнеше қате бар, бірақ әдісі дұрыс – **1 балл**
- Мүлде дұрыс емес немесе жауап жоқ – **0 балл**

4. *Геометриядан мысал.* Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы неге тең?

Критерий: Оқушы үшбұрыштың бұрыштарының қосындысын есептей алады.

Дескрипторлар:

- Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы **180°** екенін біледі.
- Үшбұрыштың бұрыштарын есептеуде дұрыс формуланы қолданады.
- Дұрыс жауапты табады.

Есеп: Берілген үшбұрыштың бұрыштары: **50°** және **70°**. Үшінші бұрышты тап.

Дескриптор бойынша бағалау:

- Дұрыс формуланы қолданса – **1 балл**
- Есептеуді қатесіз жүргізсе – **1 балл**
- Дұрыс жауапты жазса (**60°**) – **1 балл**

12-Лекция. Критериалды бағалау технологиясы

Жоспар:

1. Критериалды бағалаудың оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен байланысы
2. Критериалды бағалау моделі: қалыптастырушы бағалау (ҚБ), жиынтық бағалау (ЖБ).
3. Қалыптастырушы бағалау әдістері және кері байланыс.
4. Критериалды бағалау принциптері, кезендері және инструменттері

1. Критериалды бағалаудың оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен байланысы

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны стандарттармен, процестермен, бағалау құралдарымен, нәтижелерімен анықталады. Ол төменде схема түрінде көрсетілген.



1-сурет. Бағалау жүйесінің оқу бағдарламасымен байланысы

Әр оқу бағдарламасы оқушының алдыңғы жылмен салыстырғандағы керекті білімі, түсінуі және пәндер бойынша дағдылары туралы оқу мақсатына жету және дамуын қамтамасыз ететін ақпараттардан тұрады. Әр оқу жоспары бір оқу жылын қамтуға, сыныптар және пәндер бойынша бағдарлама мазмұнын анықтауға, барлық оқу мақсатының және байланысты тақырыптарды блок бойынша біріктіруге және де талаптарды қанағаттандыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді

көрсетеді. Оқу жоспарының орта мерзімді жоспарлау бөлімі оқу мақсатына жету үшін ұсынылған жұмыс түрлерінен тұрады.

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны төмендегідей нормативтік және нұсқаулық-әдістемелік құжаттармен реттеледі:

- Білім беру бағдарламасы;
- Оқу бағдарламасы;
- Оқу жоспары;
- Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережелері;
- Мұғалімдерге арналған критериалды бағалаудың нұсқаулығы;
- Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар.

2. Критериалды бағалау моделі: қалыптастырушы бағалау (ҚБ), жиынтық бағалау (ЖБ)

Оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау.



2-сурет. Критериалды бағалау моделі

Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.

Бағалау тәсілдері критериалды бағалаудың түрлеріне, пән мазмұнына қарай ерекшеленуі мүмкін.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау мұғалім мен оқушылардың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін, оқу жетістігінің дамуына, өсуіне тікелей әсер ететін үдеріс болып табылады. Тиімді оқыту мақсатында оқушылардың оқу үдерісіндегі ілгерілеуін, ағымдағы түсінік деңгейін қадағалау қажет. Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері:

- оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін анықтау, оқушыларға ұсыну;
- оқушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен (коллаборативті) оқытуға арналған орта құру;
- оқушыларды дамытуға жағдай жасайтын сындарлы (конструктивті) кері байланысты қамтамасыз ету;
- оқушыларды бірін-бірі бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру;
- оқушыларға өзінің оқуын «құрушылар/жасаушылар» ретінде жағдай жасау болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болуы тиіс, ол қосымша жаттығу немесе тестілеу жұмысы ретінде қарастырылмайды. Оқу бағдарламасындағы

бөлімнің/ортақ тақырыбының әрқайсысындағы оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды. Сонымен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісі стандартталмайды, яғни әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесі арқылы анықтайды, оның нәтижесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады.

Қалыптастырушы бағалаудың анықтамасы. Натриелло (1987) және Крукстың (1988) ертедегі зерттеулерін толықтыру мақсатында Блэк пен Уильям (1998а) сыныптағы қалыптастырушы бағалаудың ықпалы туралы зерттеуге шолу жасады. Өздерінің шолуларындағы ақпараттың көпшілікке қолжетімді болуын қамтамасыз ету мақсатында олар мұғалімдер мен саясаткерлерге арнап өз зерттеулерінің нәтижелерінің саясат пен тәжірибеге ықпалы туралы мақала әзірледі (Блэк және Уильямс, 1998b). Осы мақалада олар қалыптастырушы бағалауға төмендегідей анықтама берді:

Біз мұғалімдер оқушыларды және оқушылар өздерін бағалау үшін орындайтын барлық шараларды қамту үшін «бағалау» деген жалпы терминді қолданамыз, бұл шаралардың көмегімен оқу мен оқыту үдерістерін түрлендіру мақсатында кері байланыс ретінде қолдануға болатын ақпарат аламыз. Оқушы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытуды икемдеуде осы дәлелдер қолданылса, бұндай бағалау қалыптастырушы бағалауға айналады (140-б.).

Кейбір авторлар термин мағынасын оқытудағы өзгерістерді дереу енгізілетін жағдайларға байланысты шектеуге тырысады:

«Қалыптастырушы бағалау – оқудағы қажеттіліктерді анықтап, сәйкесінше оқыту үдерісін өзгерту мақсатында оқушының алға ілгерілеуі мен материалды игеруін жиі, интербелсенді бағалау» (Луни, 2005, 21-б.).

«Қалыптастырушы бағалау – мұғалімдер оқушылардың өтіліп жатқан тақырыптар мен дағдыларды игеруін бағалау үшін қолданатын құрал. Ол белгілі бір тақырып өтіліп жатқанда ол бойынша оқушының қате түсінігін және түсінбеген мәселелерін анықтаудың «өзегі» болып табылады» (Каль, 2005, 11-б.).

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттарын қамтуы тиіс. Мұғалімдерге көмек ретінде қалыптастырушы бағалаудың тапсырмалар жинағы дайындалған, онда оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлері, дескрипторларымен бірге тапсырмалар үлгілері берілген.

Мұғалім қалыптастырушы бағалау үдерісінің тиімділігін арттыру үшін жинақта берілген тапсырмаларды қолдануына болады. Одан басқа мұғалімдерге қалыптастырушы бағалаудың құралдарын өз бетінше дайындауға мүмкіндік беріледі. Ол үшін жоспарлау кезеңінде мұғалімге:

- оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;
- тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;
- бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;
- әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру ұсынылады.

Мұғалім оқу мәнмәтінің, өз білім алушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады. Оны келесі кесте түрінде көрсетуге болады.

Бөлім	
Бөлімше	
Оқу мақсаты	
Ойлау дағдыларының деңгейі	
Бағалау критерийі	
1-тапсырма	

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Аталған жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары оқу мақсаттарына, бағалау критерийлеріне сәйкес құрастырылады. Жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды өткізудің тапсырмалар үлгілері берілген. Бөлім/ ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әдістері, тапсырмалары анықталады, оны мектептер өз бетінше құрастырады.


Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау бекітілген критериялды бағалауды өткізу тәртібіне сәйкес жүргізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста берілген:

- жаратылыстану-ғылыми пәндер – бөлім бойынша;
- әлеуметтік-гуманитарлық пәндер – ортақ тақырыптар бойынша;
- тілдік пәндер – сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша: тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылым бойынша анықталады.

Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары өтілген бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Бөлім немесе ортақ тақырыптардағы бағалауға жататын оқу мақсаттарының саны пәндерге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде мұғалім жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста көрсетілген үлгілерді қолдануына болады. Одан басқа, мұғалімге келесі алгоритмдерге сәйкес өз бетінше бағалау құралдарын құрастыру ұсынылады:

1. оқу бағдарламасы, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша оқу мақсаттарын меңгеру;
2. жиынтық бағалауда тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;
3. ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін тексерілетін критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын бір немесе бірнеше тапсырмалар дайындау;
4. әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;
5. білім алушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауға рубрикалар құрастыру (бағалау критерийлерінің деңгейлерге сәйкестігін сипаттау).



3-сурет. Жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру алгоритмі

Осылайша мұғалім бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау кезінде оқу мақсаттарының негізгілерін көрсететін, ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес екенін белгілейтін бағалау критерийлерін анықтайды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың кестесі

Бөлім/ Тақырып		
Бөлімшелер:		
Оқу мақсаттары:		
Ойлау дағдыларының деңгейі:		
Бағалау критерийлері:		
Орындау мерзімі	30 минут	
1-тапсырма		
2-тапсырма		
....		
Бағалау критерийлері	Дескриптор	Балл
	Білім алушы	

Барлық балл		

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауда орындалған жұмыстардың нәтижелері білім алушыларға түсінікті болып, одан әрі оқуға ынталандыруы қажет. Кері байланыс білім алушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттардан тұруы керек. Аталған ақпарат төмендегі үлгіде көрсетілген рубрика түрінде беріледі.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың қорытындысы туралы ата-аналарға арналған ақпарат (рубрикалар)

Білім алушының аты-жөні	<i>Асқар Ту</i>	Пән	Сынып	Математика
Тоқсан	<u>3</u>			
«Тендік және теңсіздік. Теңдеу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау				
Бағалау критерийлері	Оқу жетістігінің деңгейі			
	Төмен	Орта	Жоғары	
Тендік, теңсіздік, теңдеуді ажыратады	Тендік, теңсіздік, теңдеулердің айырмашылықтарын ажыратуда қиналады	Тендік, теңсіздік, теңдеулердің айырмашылықтарын ажыратуда қателеседі	✓	
Тура және тура емес теңдіктерді ажыратады	Тура және тура емес теңдіктерді ажыратуда қиналады	Тура теңдіктерді / тура емес теңдіктерді ажыратуда қателеседі	✓	
Берілген мән бар өрнекті ернектің мәнін табады	Өрнекті ернектердің мәнін шығаруда қиналады	Өрнекті ернектердің мәнін шығаруда қателеседі	✓	
Санды және өрнекті ернектерді салыстырады	Санды және өрнекті ернектерді салыстыруда қиналады	Санды және өрнекті ернектерді салыстыруда қателеседі	✓	
Қосындыны және қалдықты табуға берілген есептерді шығарады	Қосындыны және қалдықты табуға берілген есептерді шығаруда қиналады	Есептің қысқаша шартын жазуда / есептің сұрағын анықтауда / есептің шешуін жазуда / жауабын жазуда қателеседі	✓	
Мұғалімнің қосымша пікірлері:	<p><i>Дәлелді орта (15-тен 11 балл, 73%, өзіне Жарайсың, өрнекті ернектермен берілген мағлұматпен жауап орын алғанын, дұрыс есептегенін).</i></p> <p><i>Асқарғым:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - теңсіздіктің не есеіні; - тура емес теңдіктерді қалай анықтауға болатынын; - есептің шартын анықтауда (қысқаша шартын жазу, есептің сұрағын жазу) қайталануы болса. 			

Мұғалімнің аты-жөні: *Деганова Г.Г.*

Тоқсандық жиынтық бағалауды жоспарлауда әуелі оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына шолу жасау керек, себебі бағалау олардың меңгерілуін тексереді.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады:

- тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;
- тоқсандық жиынтық бағалауға шолу: – жиынтық жұмыстардың ұзақтығы; – бағалау құрылымы; – тапсырмалар саны; – тапсырмалар бойынша балдарды бөлу;
- тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша нұсқау;
- тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері;
- тапсырмалардың балл қою кестелері.

Әр мектептің ұсынылған үлгілерді қолдануына немесе өз бетінше тапсырмалар құрастыруына мүмкіндігі бар. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру спецификацияға сәйкес бір параллельдегі барлық сыныптарда бірыңғай талаптар негізінде жүзеге асырылады.

3. Қалыптастырушы бағалау әдістері және кері байланыс

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сұрақтар және т.б.

Қалыптастырушы бағалау әдістері

№	Әдісі	Сипаты
1.	Қолмен белгі беру	Мұғалім түсіндіруін тоқтатып, қолды көтеру арқылы материалды түсініп немесе түсінбей отырғанын айғақтайтындай белгі беруін өтінеді. Белгілер алдын ала келісіледі. Мысалы: – қолдың бас бармағы жоғарыға қарай бағытталған: мен бәрін түсіндім және түсінгенімді айта аламын; – қолдың бас бармағы төменге қарай бағытталған: мен әлі түсінген жоқпын; – қол бұлғау: мен өзіме сенімсізбін; Мұғалімнің білім алушыларға қосымша сұрақтар қоюына болады, мысалы, кім өзіне сенімсіз? кім түсінбеді? кім түсінді?
2.	Бағдаршам	Әр білім алушының қолында бағдаршамның үш түсі көрсетілген парақшалар болады. (барлығы түсінікті – жасыл, сұрағым бар – сары, түсініксіз – қызыл).
3.	Жинақтау парақшасының индексі	Мұғалім білім алушыларға екі жағында да көрсетілген тапсырмалары бар парақтарды жиі таратып отырады: 1-беті: Өткен тақырып бойынша негізгі идеяларды атап шығыңыз (бөлімдер, тақырыптар) және оны қорытып айтыңыз. 2-беті: Өткен тақырыптан тағы нені түсінбегеніңізді анықтаңыз (бөлімдер, тақырыптар) және өз сұрақтарыңызды құрастырыңыз.
4.	Бір минуттық эссе	Білім алушылардың оқу материалын меңгергенін кезең-кезеңмен қадағалау үшін сабақтың кез келген уақытында қолдануға болады. Мұғалім қою мүмкін сұрақтар: - Ең бастысы (бүгін) сіз не білдіңіз? - Есіңізде не қалды? - Қандай сұрақ сіз үшін түсініксіз болды?
5.	Екі жұлдыз, бір тілек	Білім алушылардың шығармашылық жұмыстарын, шығарманы, эссені бағалау кезінде қолданылады. Білім алушыларға екі жағымды тұсын анықтау әрі оны жұлдызшамен белгілеу («екі жұлдыз») және өз ойы бойынша оның қай тұсын толықтырып жазу қажеттігін анықтау тапсырылады («тілек»).
6.	Үш минуттық үзіліс	Мұғалім білім алушыларға сабақты түсінуін, идеясын, өткен тақырыппен байланыстылығын, білімі мен тәжірибесін, сондай-ақ түсініксіз тұстарын анықтау үшін ойлануға мүмкіндік беретін үш минуттық үзіліс береді. Мысалы: ... туралы көп білдім Мен бұған таң қалдым, себебі ... □ Мен сездім. Мен қарадым.
7.	Ауызша бағалау	Білім алушы мен мұғалімнің ауызша кері байланысы сабақтың барлық кезеңінде тиімді.
8.	Температураны өлшеу	білім алушының тапсырманы қаншалықты орындағанын анықтау үшін қолданылады. Ол үшін мұғалім білім алушыларды тоқтатып, сұрақ қояды: Біз не істеп жатырмыз? Білім алушы осы сұраққа жауап береді, тапсырманың орындалу жолы, оны орындау үдерісі туралы ақпаратты ұсынады.

Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін, оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырманы орындау, білім алушыларға кері байланыс

беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады.

Қалыптастырушы бағалаудың ажырамас элементі мұғалім тарапынан және білім алушылар арасында қойылатын сұрақтар (сауал, диалог, әңгімелесу және т.б.) болып табылады. Сондықтан сұрақтарды тиімді құрастыру техникасын меңгеруі, сыныпта диалогті қолдану мәдениетін дамытуы маңызды. Сұрақтардың түрлеріне қарай көптеген топтастырулар бар. Көбінесе қолданылатын сұрақтар тобы: ашық және жабық сұрақтар.

Ашық сұрақтар талдауды және бағалау ақпараттарын талап етеді, қиялдауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандырады.

Жабық сұрақтар қысқа жауапты қажет етеді, мысалы, деректің, оқиғаның кезеңін атау, түсінгенін анықтау және т.б.

Сұрақты дұрыс қойғанда өз ойын айтуға, ақпарат алмасуға, диалогтік оқуды дамытуға, маңызды кезеңдерге назар аудартуға, оқудағы бастамашылдығын қолдауға мүмкіндік беруі, қызықтыруы мүмкін. Осылайша, сұрақ білім алушы қалайтындай, жауап бере алатындай немесе оқуда, жауап іздеуде қызықтыратындай берілуі қажет. Алайда сұрақты қолдану кезінде кейбір пікір білдірілмейтін, толықтырылмайтын, жауап алу ұзаққа созылатын сұрақтар механикалық түрде қайталана берген жағдайда қиындықтар туындауы мүмкін

Қалыптастырушы бағалау әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарда қолдануға болады.

Жеке жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу әрекеттері нәтижелерін ұғынуға бірден-бір мүмкіндік жасайды. Бұл олардың өз оқуын «құрушылар» ретінде жағдай жасауына мүмкіндік береді, алған нәтижелеріне деген жауапкершілігін арттырады.

Жеке жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім білім алушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет. Нәтижелерді тіркеу кезінде білім алушылар жұмысының күшті жағына да, әлсіз тұстарына да назар аударып отырған дұрыс.

Жеке жұмыс нәтижелерін талқылауды тікелей білім алушылармен бірге жүргізуді есте сақтау қажет. Сондай-ақ, білім алушылардың өз ойын айтуына мүмкіндік беру маңызды болып табылады. Жұмысты әрі қарай жоспарлау кезінде білім алушылардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескерген дұрыс.

Жұптық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Жұптық жұмыс қалыптастырушы бағалаудың тиімді формаларының бірі болып табылады. Жұптық жұмыста жалпы мұғалім, жұптар бір-бірін және жұп ішінде бірін-бірі бағалауына болады. Мұндай өзара қарымқатынас кезінде білім алушылардың дайындық деңгейіне қарамастан өзара көмегі, рефлексиясы, өзін-өзі реттеуі белсенді байқала бастайды.

Жұптық жұмыста қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау кезінде білім алушылар тапсырманы орындау, оның нәтижесіне бірдей жауапкершілікпен қарау қажет екенін түсінуі керек. Сондықтан оларды өз әрекетімен келісуге, өзара әрекеттесуге, пікір алмасуға, сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге үйрету маңызды.

Топтық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім белгілі бір дағдыны бағалаудың тиімді тәсілі ретінде қолданып, топтық жұмысты ұйымдастыруына болады. Білім алушылар алдын ала бағалау критерийлерімен таныс болуы тиіс. Топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды, қадағалайды: кейбір білім алушылар оқу мақсатына жетуді бағалау критерийлеріне сәйкес тез көрсете алуы мүмкін.

Әрі қарай мұғалім білім алушыларға қосымша қолдау көрсетуге қажетті сұрақтар қояды, бақылайды, мысалы:

- Бұл туралы сіз не ойлайсыз?

- Сіздің тобыңызда қандай талқылау болғанын айтып бере аласыз ба? Егер білім алушылар тәжірибелік тапсырмалар орындайтын болса, онда осы тапсырмаға қатысты сұрақтар болуы мүмкін, мысалы:

- Сіз қазір не істеп жатырсыз?
- Сіз қалай ойлайсыз, әрі қарай не болады?
- Осы тапсырмада ерекше бір нәрсе байқадыңыз ба?

Топтық жұмыс кезінде мұғалім барлық топтың және әр жеке білім алушының жұмыстарын бақылауы қажет. Топтарды бақылауды тапсырма орындау кезінде қатысып, бірлесе жүргізуге де болады. Бұл жағдайда білім алушыларға:

- жаңа идеяны тұжырымдауды;
- екі (одан да көп) идеяларды салыстыруды;
- идеяларды бағалауды;
- топтық талқылау негізінде пікір білдіруді;
- сұрақтарға жауап беруді ұсынуға болады. Жоғарыда аталған бөлімдер белгілі оқу мақсатына жетудің дәлелін көрсетеді.

Кері байланыс беру.

Оқу қызметін бақылау және бағалау кері байланыс тетігі арқылы іске асырылады. Кері байланыс мұғалімге әр оқушының білім алу сапасы туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Н.Ф.Талызинаның пікірінше, кері байланыс келесі ақпаратты қамтуы керек:

- білім алушы белгіленген әрекетті орындай ма;
- бұл әрекетті дұрыс орындай ма; іс-әрекет формасы меңгерудің осы кезеңіне сәйкес келе ме;
- іс-әрекет автоматтандыру мен жалпылаудың тиісті өлшемімен қалыптаса ма.

Автор бастапқы кезеңдерде мұғалімнің, ал соңғы кезеңдерде оқушының өзі кері байланыс жасайтындығының маңызды заңдылығын атап өтеді. Бұл сыртқы бақылаудың оқушының өзін-өзі бақылауына ауысуын көрсетеді.

П.К.Анохин кері байланыстың екі түрін көрсетеді: *бағыттаушы; нәтижелі*. Бағыттаушы – қателіктерді түзетуге, реттеуге және келесі оқу тапсырмаларын сәтті орындауға мүмкіндік беретін аралық әрекеттерді орындау туралы кезең-кезеңмен кері байланыс. Нәтижелі (түпкілікті) – тақырыпты, бөлімді немесе оқу пәнін зерделеу аяқталғаннан кейін меңгерілген материалдың сапасы туралы ақпарат алуды көздейтін іс-қимылдардың түпкілікті орындалуы туралы кері байланыс.

Кері байланыс сабақтың әр кезеңінде қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауға мүмкіндік береді. Кері байланыс беру кезінде мұғалімдерге:

- білім алушылардың жақсы жақтарын ескеру;
- тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбау;
- білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беру;
- кері әсер ететін сөздерді, білім алушыларды кекету, келемеждеуге қатысты, мысалы, «орынсыз жауап», «осыны ойлауға қалай ақылың жетті» деген сияқты сөздерді мүлдем қолданбау ұсынылады.

Кері байланыс беру кезінде мұғалімге де, білім алушыға да төмендегі кестеде ұсынылған сұрақтарды негізге алған дұрыс. Аталған сұрақтарға толық жауап беру кері байланыстың тиімділігін көрсетеді.

Мұғалім	Оқушы
- Білім алушы оқытудың қай сатысында?	- Мен оқытудың қай сатысында тұрмын?
- Олар білім алуда неге талпынады?	- Нәтижеге қалай қол жеткіземін?
- Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу керек?	- Кемшіліктерімді жою үшін не істеуім қажет?

Тиімді кері байланыс ұсыну

1-мысал

Оқу мақсаты: әңгімені жүйелеп айтады	Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма: Мәтіннің бөліктерін әңгіменің жүйелілігін сақтай отырып, рет-ретімен орналастырып қағазға жапсырыңыз
Дескрипторлар: әңгіменің сюжеттік желісіне сай етіп мәтін бөліктерін орналастырады	
Кері байланыс: Мұғалім тапсырмаға қатысты кері байланысты «өте жақсы», «жарайсың» деген мақтау сөздері арқылы береді.	
Тиімді кері байланыс ұсыныңыз:	

2-мысал

Оқу мақсаты: әңгіме құрастыру	Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма: «Менің жанұям» тақырбына әңгіме құрастырыңыз.
Дескрипторлар: Тақырыпқа қатысты жазады; Әңгіме құрастыруды композициялық ерекшеліктерді біледі; Түрлі сөздік қорды пайдаланады.	
Кері байланыс: Жазба жұмысты тексеру барысында мұғалім қателерін түзейді.	
Тиімді кері байланыс ұсыныңыз:	

4. Критериалды бағалау принциптері, кезеңдері және инструменттері

1. Критериалды бағалаудың принциптері

- ✓ **Әділдік және объективтілік**
 - Бағалау нақты критерийлер бойынша жүргізіледі.
 - Барлық оқушылар бірдей өлшемдерге сүйеніп бағаланады.
- ✓ **Ашықтық және қолжетімділік**
 - Бағалау талаптары мен критерийлері алдын ала белгілі болады.
 - Оқушылар мен ата-аналар бағалау нәтижелері туралы толық ақпарат алады.
- ✓ **Даму мен жетілдіру**
 - Бағалау оқушылардың білімін жетілдіруге бағытталған.
 - Мұғалімдер мен оқушылар кері байланыс арқылы нәтижелерін жақсартып алады.
- ✓ **Үздіксіздік**
 - Бағалау оқу жылының басынан бастап тұрақты түрде жүргізіледі.
 - Қалыптастырушы және жиынтық бағалау арқылы оқушының даму деңгейі бақыланады.

2. Критериалды бағалау кезеңдері

- ✓ Бағалау критерийлерін анықтау:
 - Оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлері жасалады.
 - Критерийлер оқу бағдарламасына және күтілетін нәтижелерге негізделеді.
- ✓ Дескрипторлар құру:
 - Әр критерий бойынша оқушылардың білім деңгейін сипаттайтын дескрипторлар жасалады.
 - Дескрипторлар оқушының қай деңгейде білім алғанын анықтауға көмектеседі.
 - ✓ Қалыптастырушы бағалау (Формативті бағалау):

- Оқу процесі барысында оқушылардың күнделікті жетістіктерін бағалау.
- Мұғалімнің кері байланысы арқылы оқушылардың қателерін түзетуіне мүмкіндік беру.
- ✓ Жиынтық бағалау (Суммативті бағалау):
- Белгілі бір оқу кезеңінің (тоқсан, жыл) соңында оқушылардың нәтижелерін бағалау.
- Тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады.
- ✓ Кері байланыс және жетілдіру:
- Оқушылар мен ата-аналарға нәтижелер туралы толық ақпарат беру.
- Кемшіліктерді анықтап, білім беру процесін жақсарту бойынша ұсыныстар жасау.

3. Критериалды бағалаудың инструменттері (құралдары)

- ✓ Қалыптастырушы бағалау құралдары:
- Тесттер мен сұрақ-жауаптар (Google Forms, Kahoot, Quizizz)
- Өзін-өзі және өзара бағалау (рефлексия, пікір алмасу)
- Жобалық жұмыстар және шығармашылық тапсырмалар
- Графикалық ұйымдастырушылар (Mind Maps, кестелер, диаграммалар)
- ✓ Жиынтық бағалау құралдары:
- Тоқсандық бақылау жұмыстары
- Практикалық және зертханалық жұмыстар
- Эссе және жазбаша есептер
- Кешенді тесттер және стандартталған бағалау:
- ✓ Бағалау нәтижелерін талдау және мониторинг жүргізу құралдары
- Электрондық журналдар (Kundelik.kz, BilimLand, Platonus)
- Білім талдауы жүйелері (Learning Analytics, Moodle, Canvas)
- Оқушылардың даму динамикасын бақылау жүйелері

13-Лекция. Критериалды бағалау жүйесінде оқушылардың нәтижелерін тіркеу. Баға қою механизмі.

Жоспар:

- 1. Оқушылардың оқу жетістігінің деңгейлері**
- 2. Оқушылардың нәтижелерін тіркеу.**
- 3. Баға қою механизмі.**
- 4. Жиынтық бағалау модерациясы**

1. Оқушылардың оқу жетістігінің деңгейлері

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) аяқталғанда мұғалімдерге, оқушылар мен ата-аналарға оқушының ілгерілеуі туралы ақпаратты ұсыну үшін өткізіледі. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді. Тіркеу үдерісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес оқушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау - бұл белгілі бір материалды меңгеруді аяқтаған кездегі оқу жетістігін бағалау. Аталған бағалауды сабақ үстінде 15-20 минут уақытты алатындай мерзімде ұйымдастыру ұсынылады. Мұғалімге бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелеріне талдау жүргізу ұсынылады. Аталған талдау оқушыларға кері байланыс беруге, сыныптың оқу жетістігі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Оқушылардың оқу жетістігі деңгейлерінің жалпы сипаты 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Оқушылардың оқу жетістігі деңгейлерінің сипаты

Деңгейлер	Сипаты
Төмен деңгей	<ul style="list-style-type: none"> • пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша қарапайым білімін және түсінігін көрсетеді; • жай тапсырмаларды орындайды және тікелей нұсқаулықтарға сай орындау рәсімдеріне ілеседі; • ақпаратты ұсынудың әр түрлі формаларының (кестелер, графиктер және диаграммалар) негізінде жай қорытынды қалыптастырады; • жай тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады.
Орта деңгей	<ul style="list-style-type: none"> • пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша жеткілікті білімін және түсінігін көрсетеді; • әдеттегі тапсырмаларды орындайды, таныс және кейбір таныс емес жағдайларда білімін сәтті түрде қолданады; • ақпаратты жалпылайды және ішінара негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты аргументтерді келтіре алады; • әдеттегі тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің стандартты жолдарын ұсынады және қолданады; • тапсырмалардың бекітілген жиынын шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді.
Жоғары деңгей	<ul style="list-style-type: none"> • пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша терең білімін және түсінігін көрсетеді; • қиын тапсырмаларды орындайды және кең өрістегі жағдайларда білімін сәтті түрде қолданады; • әр түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты жалпылайды және толық негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты логикалық бірізді аргументтерді келтіре алады; • қиын тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің баламалы және стандартты емес жолдарын ұсынады және қолданады; • тапсырмалардың кең өрісін шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді, әр түрлі стратегияларды қолданады, алынған нәтижелердің маңыздылығын және негізділігін бағалайды.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауда орындалған жұмыстардың нәтижелері оқушыларға түсінікті болып, одан әрі оқуға ынталандыруы қажет. Кері байланыс оқушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттардан тұруы керек. Аталған ақпарат рубрика түрінде беріледі.

2. Оқушылардың нәтижелерін тіркеу

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері электрондық нәтижелерді тіркеу журналында тіркеледі. Барлық балдар, бағалардың есебі электрондық журналда автоматты түрде жүзеге асырылады. Оқушылардың бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін қою электрондық журналда оқыту тәжірибесін жетілдіру, талдау үшін қолданылатын балдар, бағалар туралы ақпараттарды көрсетеді. Жиынтық бағалаудың нәтижелері оқушыларға, ата-аналарға тоқсан барысында, тоқсанның соңында беріледі (2-кесте).

2-кесте. Нәтижелерді тіркеу

Оқушыларға қойылады	Сипаты
Әр бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың балы	Жинақталған балдар саны мен оқу жетістігі деңгейлері (жоғары, орта, төмен)
Тоқсандық жиынтық бағалаудың балы	Тоқсандық жиынтық бағалауға сәйкес жинақталған балдар саны
Тоқсандық баға	Балды бағаға ауыстыру шәкіліне сәйкес белгілі пайыздық арақатынастағы барлық тоқсандық жиынтық бағалаудың балл саны. Оқушылар тоқсандық бағаны 50% бөлім/ортақ тақырыптардың қорытындысы бойынша, 50% тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы бойынша жинайды
Жылдық баға	Жақын бүтін санға дөңгелектенген тоқсандық бағалар сомасының орташа арифметикалық мәні.
Қорытынды баға	Оқу кезеңіндегі тоқсандық бағалардың орташа арифметикалық мәні және сыртқы жиынтық бағалауды (бес балдық шкала бойынша) тиісінше 70% - дан 30% - ға пайыздық арақатынаста бағаланады. Қорытынды баға бүтін санға дейін айналдырылады.

Тоқсан, оқу жылы соңында бағалаудың барлық нәтижелері «1»-ден «5»-ке дейінгі бірыңғай балды бағаға ауыстыру шәкілі негізінде есептеледі, бұл бағалаудың ашықтығын, салыстырымдылығын, білім беру үдерісіне қатысушылардың бірдей түсінігін қамтамасыз етеді (2-кесте).

3-кесте. Балды бағаға ауыстыру шәкілі

Жиынтық бағалау балдарының арақатынасы	Бағалаудың көрсеткіші	Баға
0%–39%	Қанағатсыз	«2»
40%–64%	Қанағаттанарлық	«3»
65%–84%	Жақсы	«4»
85%–100%	Үздік	«5»

3. Баға қою механизмі

Баға қою механизмі келесі кезеңдерден тұрады:

1. Бағалау критерийлерін анықтау

Әр пән бойынша оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлері белгіленеді. Мысалы, математика пәнінде мынадай критерийлер болуы мүмкін:

- Теориялық білімін көрсету
- Есептеу дағдылары
- Қолдану дағдылары
- Талдау және қорытынды жасау

Әр критерий үшін дескрипторлар (нақты бағалау көрсеткіштері) жасалады.

2. Дескрипторлар құру

Дескрипторлар – оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер. Олар оқушының қандай нәтижеге қол жеткізгенін анықтауға көмектеседі.

Мысалы, математикалық есепті шешу критерийі бойынша дескрипторлар:

- 3 балл – есеп толық және дұрыс шығарылған, шешім негізделген
- 2 балл – есептің шешімі бар, бірақ қате жіберілген

- 1 балл – есептің шешімі бар, бірақ дұрыс емес әдіс қолданылған
- 0 балл – тапсырма орындалмаған немесе қатемен орындалған

3. Балл қою және жиынтық баға шығару

Әр тапсырма белгілі бір максималды балмен бағаланады. Оқушының жинаған балдары шкала бойынша қорытынды бағаға айналдырылады.

Үлгі ретінде Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі критериялды бағалау бойынша баға қою механизмін қарастырайық.

Оқу бағдарламасының бөлім/ортақ тақырыптары бойынша балл қою.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімінің қорытындысы негізінде оқушылар оқу жетістігі деңгейіне сәйкес максималды жинақталған балл саны түріндегі қорытынды нәтижеге қол жеткізеді. Өз кезегінде оқу жетістігінің деңгейі болашақ тоқсандық бағаны болжаудың көрсеткіші қызметін атқаруы да мүмкін.

Оқу жетістігі деңгейлері	Балдың пайыздық мазмұны
Жоғары	85%–100%
Орта	40%–64%
Төмен	0%–39%

Төменде «Математика» пәні бойынша 7-сынып оқушыларының 1 тоқсандағы бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелері мысал түрінде берілген.

№	Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау (ЖБ)	Оқушылардың балы	Максималды балл	Оқу жетістігі деңгейі
1	1-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша ЖБ	8	12	Орта (66%)
2	2-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша ЖБ	5	10	Орта (50%)
3	3-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша ЖБ	10	12	Жоғары (92%)

Тоқсандық баға қою

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мазмұнындағы білім, дағды және түсінуге қатысты дәлелдеулерді ұсынады, тоқсандағы оқу барысының ілгерілеуін өлшейді. Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсан соңында өткізіледі, онда тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады. Тоқсандық жиынтық бағалауда бақылау-тексеру жұмыстарын әр түрлі өткізу қарастырылады. Жиынтық бағалау жұмыстарын құрастыру кезінде ойлау дағдыларының деңгейлерін, жетістігін көрсетуін, ойлау деңгейлерінің талдау, синтез және бағалау сияқты жоғарғы сатыларымен қоса әр түрлі тапсырмалардан тұруын есепке алу қажет.

Тоқсандық бағалар бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы арқылы жинақталады. Тоқсандық бағаны қою үшін бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысының белгілі пайыздық арақатынасы пайдаланылады: - тоқсандық бағаның 50% бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау қорытындысы арқылы қалыптасады; - тоқсандық бағаның 50% тоқсандық жиынтық бағалаудың қорытындысы бойынша қалыптасады.

Жиынтық бағалау (ЖБ)	Үлес салмағы
Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша ЖБ	50%
Тоқсандық ЖБ	50%
Тоқсандық баға:	100%

Тоқсандық бағаны есептеу үлгісі

№	Жиынтық бағалау (ЖБ)	Оқушылар балы	Максималды балл	Оқу жетістігі деңгейі	Болжам баға	Арақатынасы, %	Балдың пайыздық мазмұны
1	1-бөлім/ортақ тақырыптар	8	12	Орта (66%)	3-4	50%	33,8%
2	2-бөлім/ортақ тақырыпта бойынша ЖБ	5	10	Орта (50%)	3-4		
3	3-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша ЖБ	10	12	Жоғары (83%)	5		
4	Тоқсандық ЖБ	15	20	-	-	50%	37,5%
Барлығы							71,3

Тоқсандық бағаның есебі төмендегі формула бойынша шығарылады:

$$\text{Тоқсандық баға} = \left(\frac{\text{Бөлім бойынша ЖБ нақты балл жиынтығы}}{\text{Бөлім бойынша ЖБ максималды балл жиынтығы}} * 50\% \right) + \left(\frac{\text{Тоқсандық ЖБ нақты балы}}{\text{Тоқсандық ЖБ макс. балы}} * 50\% \right)$$

Тоқсандық бағаны есептеу үшін бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалаудағы балдың пайыздық мазмұны жинақталады.

$$33,8\% + 37,5\% = 71,3\%$$

$$\text{Жинақталған пайыз} = 71\%$$

Балды бағаға ауыстыру шәкіліне сәйкес оқушының тоқсандық бағасы анықталады. Шәкіл бойынша 71 % «4» бағасына сәйкес.

«Математика» пәні бойынша оқушының 1-тоқсандағы бағасы – «4».

Сыртқы жиынтық бағалау өткізілетін пәндерден тоқсандық баға 1, 2, 3 тоқсандарда бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің қосындысынан тұрады, 4-тоқсанда оқу бағдарламасының бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінен шығарылады.

Жиынтық бағалау (ЖБ)	Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау	Тоқсандық жиынтық бағалау
1-3 тоқсандардағы тоқсандық баға	50%	50%
4-тоқсанындағы тоқсандық баға	100%	-

Төменде «Математика» пәні бойынша 5-сынып оқушыларының 4-тоқсан бағаларының есебі мысал түрінде берілген.

№	Жиынтық бағалау (ЖБ)	Оқушылар балы	Максималды балл	Оқу жетістігі деңгейі	Болжам баға	Арақатынасы, %	Балдың пайыздық мазмұны
1	1-бөлім/ортақ тақырыптар	8	12	Орта (66%)	3-4	100%	67,6%
2	2-бөлім/ортақ бөлімдер бойынша ЖБ	5	10	Орта (50%)	3-4		
3	3-бөлім/ортақ бөлімдер бойынша ЖБ	10	12	Жоғары (83%)	5		
Барлығы							67,6

Тоқсандық бағаның есебі төмендегі формула бойынша шығарылады:

$$\text{Тоқсандық бағасы} = \left(\frac{\text{Бөлім бойынша ЖБ нақты балл жиынтығы}}{\text{Бөлім бойынша ЖБ максималды балл жиынтығы}} * 100\% \right)$$

Тоқсандық бағаны есептеу үшін бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудағы балдың пайыздық мазмұны жинақталады. 67,6%

Жинақталған пайыз = 68%. Балды бағаға ауыстыру шәкіліне сәйкес оқушының тоқсандық бағасы анықталады. Көрсетілген шәкілге сәйкес 68 % «4» бағасына сәйкес. «5» «Математика» пәні бойынша 5-сынып оқушысының 4-тоқсандағы бағасы – «4».

Жылдық баға қою

Оқушының жылдық бағасы ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектелген тоқсандық бағалардың қосындысының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады.

Жылдық бағаларды есептеуде пайыздар келесідей:

1 тоқсандық баға - 25%;

2 тоқсандық баға - 25%;

3 тоқсандық баға - 25%;

4 тоқсандық баға - 25%;

Төменде жылдық бағаны есептеудің мысалы келтірілген:

Жылдық бағаны есептеудің формуласы:

$(1 \text{ тоқсандық баға} * 0.25 + 2 \text{ тоқсандық баға} * 0.25 + 3 \text{ тоқсандық баға} * 0.25 + 4 \text{ тоқсандық баға} * 0.25) = \text{Жылдық баға}$

Оқушының тоқсандық бағасы: 5, 4, 3, 2

Есептеу = $5 * 0,25 + 4 * 0,25 + 3 * 0,25 + 2 * 0,25 = 1,25 + 1 + 0,75 + 0,5 = 3,5$

Жылдық баға бүтін санға дейін дөңгелектенеді. Жылдық баға = 4.

Сыртқы жиынтық бағалау есебімен қорытынды бағаның қойылуы

Пән бойынша қорытынды баға оқу жылындағы тоқсандық бағалардың арифметикалық орташа мәні мен сыртқы жиынтық бағалаудың бағасына (бұдан әрі-СБ) (бес балдық шкала бойынша) 70% - дан 30% - ға пайыздық қатынас 26 негізінде қойылады. Қорытынды баға ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

Қорытынды бағалар бойынша пайыздық көрсеткіш келесідей:

1 тоқсандағы балл - 17,5%;

2 тоқсандағы балл - 17,5%;

3 -тоқсандағы балл - 17,5%;

4 тоқсандағы балл - 17,5%; С

ыртқы жиынтық бағалау - 30%.

Төменде сыртқы жиынтық бағалауды ескере отырып, қорытынды бағаны есептеудің мысалы келтірілген.

Қорытынды бағаларды есептеу формуласы:

$(1 \text{ -тоқсан} * 0.175 + 2 \text{ -тоқсан} * 0.175 + 3 \text{ -тоқсан} * 0.175 + 4 \text{ -тоқсан} * 0.175) + (СД * 0.3) = \text{Қорытынды баға}$

Осы есеппен тоқсандағы бағаның үлесі:

Тоқсандық баға	Есеп (17,5%)	Үлесі
5	$5 * 0,175$	0,875
4	$4 * 0,175$	0,7
3	$3 * 0,175$	0,525
2	$2 * 0,175$	0,35

Бұл есепте сыртқы жиынтық бағалауға (СБ) қойылатын бағаның үлесі:

СБ баға	Есеп (30%)	Үлесі
5	$5 * 0,3$	1,5
4	$4 * 0,3$	1,2
3	$3 * 0,3$	0,9
2	$2 * 0,3$	0,6

Мысал:

Оқушының тоқсандық бағасы: 5, 4, 3, 2

СБ ұпайы: 4

Есептеу = $5 * 0.175 + 4 * 0.175 + 3 * 0.175 + 2 * 0.175 + 4 * 0.3 = 0.875 + 0.7 + 0.525 + 0.35 + 1.2 = 3.65$

Қорытынды баға бүтін санға дейін дөңгелектенеді. Қорытынды баға = 4

4. Жиынтық бағалау модерациясы

Жиынтық бағалау модерациясы – бұл бағалау нәтижелерінің объективтілігін, сенімділігін және әділдігін қамтамасыз ету үшін өткізілетін сараптау үдерісі. Ол мұғалімдердің бағалау кезінде бірыңғай стандарттарды сақтауын қадағалап, бағалау сапасын арттыруға бағытталған. **Мақсаты:** бағалау үдерісінің әділдігін және бірізділігін қамтамасыз ету; мұғалімдердің бағалау критерийлерін дұрыс қолдануын бақылау; оқушылардың жетістіктерін объективті бағалау; мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу және бағалау дағдыларын дамыту; бағалау нәтижелері негізінде оқыту сапасын жақсарту.

Жиынтық бағалау модерациясының түрлері:

1. Ішкі модерация. Ол мектеп деңгейінде өткізіледі және келесі кезеңдерді қамтиды:

- **Мұғалімдер арасында бағалау сәйкестігін тексеру** – бір тапсырма бойынша бірнеше мұғалім бағалауды жүзеге асырып, нәтижелерді салыстырады.

- **Әдістемелік бірлестіктерде талқылау** – мектептің әдістемелік бірлестіктері бағалау үдерісін қарастырып, критерийлердің дұрыс қолданылуын бақылайды.

- **Баға қоюдың дәлдігін тексеру** – бағалау парақтары мен дескрипторлар негізінде мұғалімдер қойған бағалардың дұрыстығы қарастырылады.

2. Сыртқы модерация. Сыртқы модерация білім беру ұйымдары деңгейінде немесе білім басқармасы тарапынан өткізіледі. Бұл үдеріс келесідей жүзеге асырылады:

- Белгілі бір мектептердің бағалау нәтижелері тандалып алынып, сараптама жүргізіледі.

- Білім басқармасы немесе арнайы комиссия модерацияға қатысып, бағалау стандарттарының орындалуын тексереді.

- Мұғалімдерге бағалау сапасын арттыру бойынша әдістемелік қолдау көрсетіледі.

Жиынтық бағалау модерациясының кезеңдері

1. Дайындық кезеңі

- Бағалау критерийлері мен дескрипторлар қайта қарастырылады.

- Мұғалімдер бағалау үдерісі бойынша әдістемелік нұсқаулықтармен танысады.

• Бағалау материалдары (тапсырмалар, рубрикалар, дескрипторлар) алдын ала бекітіледі.

2. Бағалау кезеңі

- Мұғалімдер оқушылардың жұмыстарын бағалайды.
- Бағалар алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкес қойылады.
- Мұғалімдер өздерінің бағалау нәтижелерін әріптестерімен салыстырып, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді.

3. Талдау және қорытынды шығару

- Мұғалімдер бағалау нәтижелерін әдістемелік бірлестікте талқылайды.
- Қателіктер мен сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, оларды түзету шаралары қарастырылады.

• Сыртқы модерация жағдайында тәуелсіз сарапшылар қорытынды есеп дайындайды.

Жиынтық бағалау модерациясы – білім беру үдерісінің маңызды бөлігі. Ол мұғалімдердің бағалау тәжірибесін жақсартуға, бағалау сапасын арттыруға және оқушылардың оқу жетістіктерін әділ бағалауға ықпал етеді. Сондықтан бұл үдеріс әр мектепте жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Токсандық жиынтық бағалау 2 тапсырма бойынша ұйымдастырылды.

1-тапсырма. Өрнектің мәнін табыңыз: $73 + 25 - (46 - 27)$

(4 балл)

Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Қосымша нұсқаулар
1	Дұрыс амалдар ретін таңдайды	1	Бірінші қосу амалын орындау
	Қосу нәтижесін алады 98	1	
	Азайту нәтижесін алады 19	1	
	Азайту нәтижесін алады 79	1	?

2-тапсырма. Әсеттің қадамының ұзындығы 7дм, ал Әнуардың қадам ұзындығы 20см-ге кем. Әнуардың қадамының ұзындығын табыңыз. Жауабыңызды сантиметрмен жазыңыз.

(2 балл)

Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Қосымша нұсқаулар
2	Өлшем бірліктерін түрлендіреді	1	
	7 дм = 70 см	1	

Бағалау нәтижелері:

В оқушы

1. Өрнектің мәнін табыңыз:

$$73 + 25 - (46 - 27) = 69$$

$$\begin{array}{r}
 73 \\
 + 25 \\
 \hline
 98 \\
 - 46 \\
 \hline
 52 \\
 - 27 \\
 \hline
 25
 \end{array}$$

2. $70 \text{ см} - 20 \text{ см} = 50 \text{ см}$

Жауабы: 50 см

Сен бағалау амалдарын таңдау өрнегіне, алмағда екі тапсырма салғандықтан оңдықтан алмағда екі тапсырма кезінде мүлдем тапсырма қатты.

14-Лекция. Бағалауда ойын технологияларын қолдану – геймификация, квиздер

Жоспар:

1. Бағалаудың ойын технологиясының мәні
2. Геймификация және оның бағалаудағы рөлі.
3. Квиздер және оның бағалаудағы рөлі.

1. Бағалаудың ойын технологиясының мәні

Педагогикалық тәжірибеде ойын технологиясын қолдану ежелгі заманнан белгілі. Еңбекпен, оқумен қатар ойын да адамның негізгі іс-әрекеттерінің бірі болып табылады, өйткені адамның жаратылысынан ойынға деген бейімділік бар. Сол себепті, ойын технологиялары педагогикалық технологиялардың ажырамас бөлігі болып табылады. Педагогикалық теория мен практикада білім беру процесінде ойын технологияларын қолдану мәселесі жаңа емес, ол білім беру мен тәрбие процесінің зерттеу объектісіне айналғаны белгілі.

Технология басты назарда болатын қазіргі әлемде де білім беру процесінде ойын элементтерін қолдану барған сайын танымал бола бастады.

Дамыта оқыту теориясының «жақын арадағы даму аймағы» мәселесімен айналысқан психолог-ғалым Л.С. Выготскийдің балалар ойыны туралы «бала ойын барысында кішкентай болса да, оның ойлауы, іс-әрекеті көбіне ересек болып көрінеді» деген пікірінен және В. В. Давыдовтың дұрыс ұйымдастырылған ойын балаға өмірге қажетті көп нәрселерді үйрететінін және баланың жаңа психологиялық жағдайы ойын мазмұнына қарай көрінетіні жайлы айтқан пікірінен ойынның бала дамуындағы маңызын байқауға болады.

Сонымен қатар қазақ зиялылары мен ғалым-педагогтары Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, және т.б. баланың жан-жақты дамуындағы ойынның рөлін анықтап, ойын өсіп келе жатқан адамның ойлауына, сезіміне, еркіне, мінез-құлқына, санасына өзіндік әсерін тигізетінін, сондықтан оны оқу әрекетінде орынды қолдану қажеттігін көрсетті. Мысалы, М. Жұмабаевтың ойын туралы пікірлерін келтірейік: «Баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады», «Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе» .

Сондықтан да білім берудің жаңа парадигмасына, цифрлық білім жүйесіне көшу білім беру қызметіндегі ойындардың, соның ішінде компьютерлік ойындардың рөліне жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр етеді.

Шындығында, қазіргі балалар "Интернет" желісі ұсынатын мүмкіндіктерге өте құмар: цифрлық технологияларға елеулі тәуелділік бар, онлайн-байланыс басым. Цифрлық ортада гаджеттердің мультимедия, интерактивтілік, ұсынылған ақпараттың қолжетімділігі сияқты элементтері оқушылардың назарын аударады. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімдердің виртуалды ортаға деген қызығушылығын қалыптастыруда әртүрлі ойындар мен ойын қосымшаларының ерекше рөлі бар.

2. Геймификация және оның бағалаудағы рөлі

Қазіргі уақытта оқушылардың шығармашылық нәтижелеріне айтарлықтай әсер ететін іргелі пәндерді оқыту саласында геймификация технологиясын қолдану толыққанды жүзеге асырылмаған. Бұл мәселе бойынша отандық жарияланымдар мен әдістемелік материалдар жоқтың қасы. Негізгі қиындық – ойынның механикасы мен динамикасын дамытудағы тәжірибе бар болғанымен, оны жүзеге асыру үшін тақырыптық контентті эзірлеу. Оны тек осы саланың маманы, біздің жағдайда, математик-мұғалім жасай алады немесе дұрыс таңдай алады. Өйткені, ойынға арналған тапсырмаларды таңдау да, ойыншының білімін тексеру үшін оларды шешу де маңызды компоненттер болып табылады.

Бүгінгі оқушылардың қажеттіліктері мен мүдделерін ескеруге және соның негізінде

олардың танымдық мотивациясын дамытуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі – геймификация.

Геймификация (gamification) терминін алғаш рет 2002 жылы американдық программист Ник Пиллинг (Nick Pelling) қолданған болатын, ол термин 2010 жылға қарай танымал болды.

Геймификация – бұл бизнестен бастап білім мен денсаулық сақтауға дейінгі әр түрлі салаларда кеңінен қолданылатын тұжырымдама. Бұл қатысушыларды ынталандыру және тарту мақсатында ойын элементтерін ойын емес контексттерде қолданудан тұрады.

Геймификация – бұл мотивацияны арттыруға және алға қойған мақсаттарға жетуге ықпал ететін құрал. Ол адамдарды әртүрлі іс-шараларға тарту үшін тартымдылықты, бәсекелестікті, ынтымақтастықты және жетістікке қанағаттануды пайдаланады. Ойын элементтерін ойыннан тыс пайдалану осы принциптерді келесі деңгейге көтеріп, әдеттегі тапсырмаларды қызықты оқиғаларға айналдырады. Нәтижесінде, геймификация қазіргі әлемде барған сайын танымал және тиімді техникаға айналуда.

Геймификацияны басқа ойын әдістерімен салыстыра отырып, туыстас, бірақ құбылыстары ұқсамайтын геймификация мен ойын тәжірибесінің басқа да түрлері арасындағы шекараларды айқынырақ анықтау үшін 1-кестені қарастырайық.

1-кесте – Геймификация мен ойындардың басқа түрлерін салыстыру

<i>Салыстыру параметрі</i>	<i>Дәстүрлі ойындар</i>	<i>Рөлдік ойындар</i>	<i>Іскерлік ойындар</i>	<i>Симуляторлар</i>	<i>Геймификация</i>
<i>Стихиялық (күтпеген жағдай)</i>	жоқ	ия	жоқ	жоқ	жоқ
<i>Ережелердің болуы</i>	ия	жоқ	ия	ия	ия
<i>Мақсаттың болуы</i>	ия	жоқ	ия	ия	ия
<i>Құрылым</i>	ия	жоқ	ия	ия	ия
<i>Шынайы өмір</i>	жоқ	жоқ	ия/жоқ	ия/жоқ	ия
<i>Жүйелілік</i>	жоқ	жоқ	жоқ	ия/жоқ	ия

Сонымен, геймификация – бұл ойын элементтері мен механиканы білім беру процесінде қолдануға мүмкіндік беретін стратегия. Ол мектептерде, университеттерде немесе кәсіби тренингтерде болсын, әртүрлі оқу салаларында белсенді қолданылады. Геймификация оқуға эмоционалды және мотивациялық аспектілерді енгізеді, бұл оны қызықты, тартымды және тиімді етеді.

Оқудағы геймификацияның маңызды рөлдерінің бірі – оқушылардың мотивациясын арттыру. Студентке бір қарағанда жалықтыратын және қызықсыз бірқатар тапсырмаларды орындауға немесе күрделі мәселелерді шешуге шақырылатын жағдайды елестетіп көріңіз. Геймификация іске кіріскенде тапсырмалар деңгейлерге немесе кезеңдерге бөлінеді, сәтті орындағаны үшін марапаттар, рейтингтер мен жетістіктер жүйесі қосылады. Мұның бәрі максималды нәтижеге қол жеткізуге ұмтылатын оқушылардың қатысуы мен ынтасын арттыра отырып, оқытудың ойын компонентін береді.

Сонымен қатар, оқытудағы геймификация кері байланыстың әртүрлі формалары мен механизмдерін қолдануға мүмкіндік береді, бұл оның маңызды функцияларының бірі болып табылады. Лидербордтар (көшбасшылар тақтасы) немесе құрмет тақталары сияқты ойын элементтері оқушыларға олардың үлгерімі мен жетістіктерін бағалауға мүмкіндік

береді. Өз нәтижелерін басқалармен салыстыру мүмкіндігі білім алушыларды өз дағдыларын жетілдіруге және одан да жақсы нәтижелерге ұмтылуға ынталандырады. Бұл тәсіл оқушылардың әртүрлі құзыреттіліктерін, соның ішінде сыни тұрғыдан ойлауды, мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасты және командада жұмыс істей білуді тиімдірек дамытуға мүмкіндік береді. Ойын элементтері сонымен қатар оқуға деген тұрақты мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді, өйткені жаңа деңгейлерге жету және сыйақы алу оқушыларды өз нәтижелерін үнемі дамытуға және жақсартуға ұмтылуға итермелейді.

Геймификацияның оқытуда интерактивтілік құрудағы рөлі. Ойын элементтері қатысушыларды бір-бірімен және мұғаліммен белсенді қарым-қатынасқа қосуға мүмкіндік береді. Көптеген білім беру ойындары немесе платформалары оқушылар командаларда жұмыс істей алатын, қарым-қатынас жасай алатын, тәжірибе алмасатын және оқу процесінде бір-біріне көмектесетін көп ойыншы мүмкіндігін ұсынады. Бұл ынтымақтастықтың қолайлы атмосферасын қалыптастырады және топтық жұмыс дағдыларын қалыптастырады, ал ол оқуда да, өмірде де сәттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Жалпы, оқытудағы геймификация оқу процесінің тиімділігін арттыруға айтарлықтай үлес қосады. Бұл оқушылардың белсенділігін арттыруға, мотивацияны арттыруға, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі көрсетуге ықпал етеді. Геймификация сонымен қатар тиімді кері байланыс пен прогресті бағалауға ықпал етеді. Мұның бәрі оқуды қызықты және сайып келгенде сәтті етеді.

Ғылыми еңбектерде математика сабақтарында геймификацияның келесідей педагогикалық әлеуеті аталады:

1) оқу процесінің мотивациясы (ойын барысында қызығушылық пен бәсекелестік сезімі есебінен);

2) оқытудың жаңашылдығы жоғарылайды (әдетте, математикадан "тақта, бор және мата" оқудың бір ғана әдісі қолданылады);

3) функционалдылық жоғарылайды (ойынға деген мотивация).

4) оқу қызықты болады (оқушылар жұмсалған күш-жігер мен қол жеткізілген нәтижелерге қанағаттанады);

5) бағалау кезінде эмоционалдық күйзеліс жойылады.

Білім беруде геймификацияны қолдануға арналған қызметтердің мысалдары:

- Motion Math Games – математикадан мобильді ойындар (оқуды көңілді және қызықты етеді);

- Mathletics – мектептерге арналған бағдарлама, балаларды математикаға ойындар мен челленджер арқылы тартуға бағытталған платформа;

- Khanacademy – әр түрлі пәндер бойынша тегін бейне курстар;

- Spongelab – дербестендірілген ғылыми білім беру платформасы;

- Foldit – ғылыми мәселелерді пазл түрінде шешу;

- Classcraft – жақсы мінез-құлықты ынталандыру және ынтымақтастық дағдыларын игеру, баланың сабаққа қатысу деңгейін арттыру платформасы және т.б.

Қазіргі таңда геймификацияны оқу процесінде қолдану үшін оның веб-квестерін әзірлеуге арналған «Joyteka» компьютерлік қосымшасының мүмкіндігі жоғары. Негізінен, «Joyteka» программасы Веб-квест құрастыруға арналған құрал. Ол викториналар, терминдермен ойындар, "бөлмеден шығу" білім беру квесттерін құруға мүмкіндік береді. Тегін нұсқада 15 түрлі орын-бөлмелердің таңдауы бар. Веб-квесттерді үй тапсырмасы ретінде беруге, оқушылармен тікелей сабақта жүргізуге болады. Мұндағы квест бөлмелерін (1-сурет) өзіңіз қалауыңызша пайдалана аласыз, оған шектеулер жоқ. Мұндай квесттерде балалар әртүрлі заттарды пайдаланып, анықтамаларды тауып, логикалық есептерді шеше отырып, бөлмеден шығу міндетін қояды. Кеңестер (тапсырмалар) квест сюжеті бойынша алға жылжу үшін шешімдер, жауаптар болуы мүмкін. Кеңестерді табу үшін балаларға болжау мүмкіндігі бар жағдайларды қарастыру керек: бір жерде шкафты жылжытыңыз, бір жерде

сейфті ашыңыз, сағаттардағы сандардан кодты енгізіңіз, гүлдерді суарыңыз, телефонды зарядтаңыз және т.б. Жолдың соңында балалар марапатқа ие болады, өйткені геймификация ойындардағы марапаттарды, ұпайларды, мәртебелерді білдіреді, бірақ ішкі "марапаттарға", яғни жағымды эмоцияларға, өзін-өзі оқытуға, ішкі жетістіктерді құрдастарының мойындауына, қызығушылыққа көбірек көңіл бөлінгені дұрыс.



1-сурет. Саяхатшының бөлмесі



Мектеп спортзалы

Веб-квесттермен жұмыс істеуге кез-келген заманауи гаджет пен интернет қолайлы. Веб-квесттерді қолдану барысында оқушылардың зейіні артып, математикаға қызығушылық танытады және материалды жақсы есте сақтайды. Мұндай қосымшаларды пайдалану үшін арнайы білім немесе дағдылар қажет емес, егер сіз таңдалған тақырып бойынша қажетті есептерді алдын-ала дайындасаңыз, веб-квестті құрастыруға 2-ден 10 минутқа дейін уақыт кетуі мүмкін.

Мектеп математикасын оқытуда геймификация элементтерін пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, үйрену процесін тиімді ете алады. Мұндай элементтер оқушылардың назарын аударып, өздерінің білімдерін дамытуда мотивация береді. Төменде мектеп математикасын оқытуға арналған бірнеше тапсырмалар келтірілген, оларда геймификация элементтері қолданылады.

1. **"Қазына іздеу" ойыны:** Оқушыларға математикалық есептер шешімінің нұсқаулары арқылы "қазынаға" жету керек. Әр дұрыс шешім оларды келесі нұсқауға жетелейді. Ойын мектептің ішінде немесе сыртқы алаңда өткізілуі мүмкін. Бастауыш сыныптарда қарапайым қосу және азайту есептерінен бастап, орта және жоғары сыныптарда геометрия, алгебра, және статистика сияқты күрделі тақырыптарды қамтуға дейін қолданылады. "Қазына іздеу" ойынының басты мақсаты - оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту және олардың назарын сабаққа аудару. Бұл ойын арқылы оқушылар есеп шешудің әр түрлі әдістерін қолданып, өз білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік алады. Ойын барысында оқушылар өзара бәсекелесіп, командалық жұмыс дағдыларын дамытады, бұл олардың өзара қарым-қатынасын жақсартып, сыныптағы ахуалды жақсартады. Ойынды ұйымдастыру үшін мұғалім алдын ала есептер мен нұсқаулар жасақтайды. Әр нұсқауда есептің шешімі келесі нұсқауға қалай жетуге болатынын көрсететін кілт болады. Мысалы, бірінші есептің шешімі екінші нұсқаудың орналасқан жерін көрсетуі мүмкін, ал екінші есептің шешімі - келесі нұсқауға қалай жетуге болатыны туралы кеңес береді. Ойын өткізілетін аймақтың өзгешеліктеріне байланысты есептердің мазмұны мен күрделілігі өзгертілуі мүмкін. Мысалы, сыртқы алаңда ойын өткізгенде, есептердің шешімі оқушыларды алаңның әр түрлі бөліктеріне жетелей алады, бұл олардың физикалық белсенділігін арттырады. Ал мектептің ішінде өткізілгенде, есептер мектептің әр түкпіріндегі білім беру материалдарымен

байланыстырылуы мүмкін, мұнда оқушылар мектеп кітапханасын, зертхананы немесе компьютер сыныптарын пайдалануы мүмкін.

2. **"Математикалық дуэль" ойыны:** Оқушылар екі топқа бөлінеді және әр топ өз кезегінде математикалық сұраққа жауап беруі керек. Дұрыс жауап берген топ ұпай алады. Ең көп ұпай жинаған топ жеңімпаз болып табылады. Кез келген сынып деңгейіне және тақырыпқа бейімделеді. Бәсекелестік элементі оқушылардың ынтасын арттырады. Ойынның қызықты әрі тартымды болуы үшін әр түрлі стратегиялар мен қосымша ережелер енгізуге болады. Мысалы, "жылдамдық кезеңі" енгізіледі, онда әр топ белгілі бір уақыт аралығында мүмкіндігінше көп сұраққа жауап беруге тырысады. Бұл кезеңде ұпайлардың қосындысы екі есе артады, бұл оқушылардың жылдам ойлануын және топтық жұмыс дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, "сын тұрғысынан ойлау кезеңі" болады, мұнда оқушыларға күрделі математикалық мәселелер ұсынылады, оларды шешу үшін топтық ынтымақтастық пен шығармашылық қажет. Бұл кезеңде дұрыс жауап үшін ұпайлар саны одан да көп болады, бұл әр оқушының өз білімін барынша пайдалануына мүмкіндік береді. Ойынды әртараптандыру үшін "жабайы карта" элементін енгізуге болады. Мұнда кез келген топ белгілі бір сұраққа жауап бермес бұрын жабайы картаны пайдаланып, қарсылас тобынан кез келген мүшені жауап беруге мәжбүр етуі мүмкін. Бұл тактикалық ойлауды және стратегияны дамытады. "Математикалық дуэль" ойынының соңында ең көп ұпай жинаған топты марапаттау үшін арнайы сыйлықтар немесе мақтау қағаздары берілуі мүмкін. Бұл ойын оқушыларға математикалық дағдыларын жетілдіруде қызығушылықты арттырып, білім беру процесін қызықты және тартымды етеді.

3. **"Математикалық квест" ойыны:** Оқушылар бірнеше станциялар арқылы өтеді, әр станцияда оларды математикалық қиындықтар күтеді. Әр станциядан өту үшін оқушылар топтық жұмыс жасауы керек. Кез келген жас ерекшелігіне және математикалық білім деңгейіне сай келеді. Топтық жұмыс дағдыларын дамытады. "Математикалық квест" ойынының келесі кезеңдерінде оқушылар логикалық ойлау, аналитикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру үшін жұмбақтар мен шешуін табу қажет математикалық проблемаларға тап болады. Станциялар арасындағы тапсырмалар қарапайым есептеулерден бастап, геометриялық фигураларды тану, үлестірмелерді шешу, және статистикалық мәліметтерді талдау сияқты күрделі тапсырмаларға дейін әртүрлі болуы мүмкін. Бұл процесс оқушылардың сыни ойлау және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Ойынның қызықты тұсы - әр станцияның соңында оқушыларды күтіп тұрған сюрприздер мен бонустар. Мысалы, егер олар белгілі бір тапсырманы аса тез аяқтаса немесе аса шығармашылық шешім тапса, қосымша ұпайлар ала алады. Бұл оқушылардың ынтасын арттырады және олардың өз білімдерін сынап көруге деген құмарлығын қолдайды. Ойын соңында қатысушылар өздерінің жетістіктерін бір-бірімен бөлісе алады және мадақталады. Бұл ретте, барлық оқушылар үшін ынталандыру жүйесі қарастырылған, себебі "Математикалық квест" ойынының басты мақсаты - білім алу процесін қызықты және тартымды ету.

4. **"Математикалық марафон" ойыны:** Оқушылар белгілі бір уақыт ішінде мүмкіндігінше көп есеп шешуі керек. Ең көп есеп шешкен оқушы немесе топ жеңімпаз атанады. Уақыт басқару және стресске төзімділік дағдыларын дамытады. Барлық сынып деңгейлеріне қолданыла алады. "Математикалық марафон" ойынында қатысушылардың алдында түрлі тақырыптар мен қиындық деңгейлерін қамтитын есептер топтамасы ұсынылады. Ойын барысында, оқушылар неғұрлым күрделі есептерді шешсе, соғұрлым көп ұпай жинақтай алады, бұл стратегиялық ойлауға итермелейді. Оларға бір мезгілде бірнеше есептерді шешу ұсынылуы мүмкін, бұл топтық жұмыс пен уақытты тиімді бөлу маңыздылығын көрсетеді. Ойынның қосымша элементі ретінде, оқушыларды қызықтыратын және олардың мотивациясын арттыратын аралық сыйлықтар мен марапаттар енгізілуі мүмкін. Мысалы, "Ең жылдам шешім" немесе "Ең шығармашылық жауап" сияқты аталымдар қосылуы мүмкін. Бұл аралық марапаттар оқушыларды тек

жеңімпаз болуға ғана емес, сонымен қатар белсенді қатысуға және өздерінің жеке дағдыларын дамытуға шабыттандырады. "Математикалық марафон" соңында ұйымдастырушылар жеңімпаздарды марапаттайды және барлық қатысушылардың жетістіктерін атап өтеді. Әр оқушының жеке жетістіктері мен прогресі ерекше назарға алынады, бұл олардың өзін-өзі бағалау сезімін нығайтады. Осылайша, "Математикалық марафон" ойыны оқушылардың математикалық білімдерін шыңдаумен қатар, уақыт басқару, стресске төзімділік сияқты маңызды жеке қасиеттерін дамытуға көмектеседі.

5. "Лабиринт" ойыны, ойынның сипаты келесідей:

1. Ойынның мақсаты – лабиринттен өтіп, соңғы тапсырманы шешу.
2. Лабиринтте кодталған құлыптары бар есіктер бар, олар арқылы өту үшін оның шешілуі керек; егер ойыншы есік кодында жасырылған тапсырманы шешпесе, жол бұдан әрі мүмкін емес.

3. Кодты шешкен кезде есік ашылады және ашық қалуы мүмкін, бірақ ойыншы қарсыластарына есіктерден өтуді қиындата алады: егер олар тапсырманы шешсе, оны жабуы мүмкін.

4. Ойыншы есіктен өте алмаса, жолды өзгерте алады. Бұл кезде ол кодтары шешілген немесе ашық есіктерден өте алады; әйтпесе, қайтар жолда сол есікке орнатылған кодты шешу қажет болады.

5. Мәселені шешкеннен кейін команда өз жауабын жүргізушіге хабарлайды және дұрыс жауап болған жағдайда өз жолын жалғастырады; әйтпесе-тапсырманы шешуді жалғастырады немесе басқа жолмен жүруді шешеді;

6. Ойыншылар бір есікте кездескен жағдайда, олардың әрқайсысы есепті шешеді, және есіктен бірінші өткені оны жауып немесе ашық қалдыруы мүмкін, ал басқа ойыншы есепті шешпей-ақ шешушінің артынан өтуі мүмкін.

7. Соңғы тапсырманы шешкен команда жеңеді.

Ойын келесі элементтерді қамтиды:

Динамика: шектеулер; эмоциялар; хронология (әңгіме); прогрессия;

Механика: жағдай; кооперация; кері байланыс; жеңіс жағдайы;

Компоненттер: жетістік; квесттер.

3. Квиздер және оның бағалаудағы рөлі

Квиз (Quiz) – білім алушылардың білімін тексерудің интерактивті, қысқа әрі тиімді тәсілі. Бұл әдіс тест, викторина, сұрақ-жауап форматында өтуі мүмкін және көбіне сандық технологиялар арқылы жүзеге асады.

Квиздің түрлері:

1. Жабық сұрақтармен квиз – Бірнеше нұсқадан дұрыс жауапты таңдау керек.

Мысал. Сұрақ: Мен бір сан ойладым. Оны 3-ке көбейтіп, 6-ға арттырдым. Нәтижесінде 21 шықты. Мен қандай сан ойладым?

A) 4

B) 5

C) 6

D) 7

2. Ашық сұрақтармен квиз – Жауапты еркін жазу қажет.

Мысал. Сұрақ: Егер екі санның қосындысы 100-ге тең болса және олардың айырмасы 40 болса, онда бұл қандай сандар? **Жауап:**

3. Уақытпен шектелген квиз – Белгілі бір уақыт ішінде жауап беру керек. Бұл квизде әр сұраққа жауап беру үшін шектеулі уақыт беріледі (мысалы, 30 секунд немесе 1 минут). Мұндай формат жылдам ойлау дағдыларын дамытып, математикалық есептеулерді тез орындауға көмектеседі. Мысалы. **Уақыт есебі (30 секунд)**

Сұрақ: Егер пойыз сағат 15:40-та жолға шықса және жолға 3 сағат 25 минут кетсе, ол қай уақытта межелі станцияға жетеді?

4. Кейстік квиздер – Нақты жағдайларға байланысты шешім қабылдау қажет.

Мысал. Жағдай: Еркіннің отбасы ай сайын 600 000 теңге табады. Олардың негізгі шығындары:

- Тұрғын үйге – 200 000 теңге
- Азық-түлікке – 150 000 теңге
- Көлік шығындарына – 50 000 теңге
- Қосымша шығындарға – 100 000 теңге

Сұрақтар:

1. Еркіннің отбасы ай сайын қанша ақша үнемдей алады?
2. Егер олар 6 ай бойы осылай үнемдесе, қанша қаражат жинайды?

5. Интерактивті квиздер – Геймификация элементтерімен жүргізілетін қызықты тесттер. Интерактивті квиздер – оқушылардың қызығушылығын арттырып, белсенді қатысуға ынталандыратын ойын түріндегі сұрақтар. Мұндай квиздер онлайн платформаларда (Kahoot, Quizizz, Google Forms, Mentimeter) немесе сынып ішінде ойын форматында ұйымдастырылады.

Мысал. Ереже: Оқушылар жасырын санды табу үшін сұрақтар қояды.

Мен бір сан ойладым. Ол 2-ге бөлінеді, бірақ 3-ке бөлінбейді. Ол 50-ден кіші. Бұл қандай сан?

Мақсат: Математикалық логиканы дамыту.

Квиздің бағалаудағы рөлі:

✓ Жедел кері байланыс береді – Оқушылар мен мұғалімдер үшін нәтижені тез бағалауға мүмкіндік береді.

✓ Мотивацияны арттырады – Интерактивті әрі қызықты формат білім алушыларды белсенді қатысуға ынталандырады.

✓ Білім деңгейін анықтайды – Оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергенін көруге мүмкіндік береді.

✓ Оқытудың тиімділігін арттырады – Тесттер мен викториналар арқылы материалды қайталауға және есте сақтауға көмектеседі.

Уақытты үнемдейді – Дәстүрлі емтиханға қарағанда жылдам және оңай тексеріледі.

Квиздер – білімді бағалаудың заманауи, тиімді әдістерінің бірі. Оларды дұрыс қолдану оқушылардың үлгерімін жақсартуға және білім беру процесін қызықты етуге көмектеседі.

15-Лекция. Мемлекеттік аттестациялауды жүргізу және оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау

Жоспар:

1. Мемлекеттік бітіру емтиханы және оны ұйымдастыру.
2. Оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау.
3. Ұлттық біріңғай тестілеу.

1. Мемлекеттік бітіру емтиханы және оны ұйымдастыру

Мемлекеттік бітіру емтиханы (МБЕ) – білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтайтын қорытынды аттестаттау нысаны. Бұл емтихан оқушылардың алған білімдерін бағалап, олардың оқу орнын аяқтау құқығын растауға бағытталған.

МБЕ-ны ұйымдастыру тәртібі:

1. Емтихан пәндері мен форматы:

9-сынып оқушылары төрт пән бойынша емтихан тапсырады:

- Оқыту тілі бойынша жазбаша емтихан (эссе түрінде);
- Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан;
- Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан;

- Таңдау пәні бойынша емтихан.
- 11-сынып оқушылары** бес пәннен емтихан тапсырады:
- Оқыту тілі бойынша жазбаша емтихан (эссе түрінде);
- Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан;
- Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан;
- Қазақ тілі (орыс тілінде оқытатын мектептер үшін) немесе орыс тілі (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін) бойынша тестілеу;

- Таңдау пәні бойынша емтихан.

2. Емтихан материалдарын әзірлеу:

Емтихан материалдарын білім беру ұйымдары дербес әзірлейді.

3. Емтихан өткізу уақыты:

Жазбаша емтихандар жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 9:00-де басталады.

4. Бағалау тәртібі:

- Әр пән бойынша емтиханнан кейін емтихан комиссиясы білім алушыға емтихан бағасын және қорытынды бағасын қояды.

- Қорытынды баға жылдық және емтихан бағаларының негізінде анықталады.

- Емтихан бағасы қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, оң қорытынды баға қойылмайды.

5. Қайта аттестаттау:

Қайта аттестаттауды өткізу мерзімін білім басқармалары белгілейді.

Қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдері жыл сайын арнайы бұйрықпен бекітіледі:

Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 11 шілдеде № 34720 болып тіркелді.

Бұйрық:

1. *Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:*

2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. *Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:*

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) өзбек/ұйғыр/тәжік/орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым.

Мемлекеттік бітіру емтиханы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың маңызды кезеңі болып табылады және олардың әрі қарайғы білім алу немесе кәсіби қызметке дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Мысал үшін 9-сыныптың математика пәні бойынша қорытынды емтихан тапсырмалары оқушылардың алгебралық және геометриялық тақырыптарды меңгеру деңгейін бағалауға бағытталған. Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады:

1. **А бөлімі:** Бес ұсынылған жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 10 тапсырма. Әр тапсырма 1 баллмен бағаланады.

2. **В бөлімі:** Қысқа немесе толық жауапты қажет ететін 8-10 тапсырма. Тапсырмалар 2-8 балл аралығында бағаланады.

Мысал тапсырмалар:

А бөлімі:

1. Квадрат теңдеуді шешіңіз: $x^2 - 5x + 6 = 0$

A) $x=2$ немесе $x=3$

B) $x=-2$ немесе $x=-3$

C) $x=1$ немесе $x=6$

D) $x=-1$ немесе $x=-6$

E) $x=0$ немесе $x=5$

2. Тригонометриялық теңдеуді шешіңіз: $\sin x = 1/2$

A) $x = \pi/6 + 2\pi k$

B) $x = \pi/6 + \pi k$

C) $x = \pi/3 + 2\pi k$

D) $x = \pi/3 + \pi k$

E) $x = \pi/2 + 2\pi k$

В бөлімі:

1. Келесі жүйені шешіңіз: $\{2x+y=5, x-y=1$
2. Параллелограммның бір қабырғасы 8 см, ал оған іргелес бұрышы 60° . Параллелограммның ауданын есептеңіз.

Дайындық үшін қосымша ресурстар:

Емтиханға дайындалу барысында келесі бейнематериалдар пайдалы болуы мүмкін:

- 9-сынып. Алгебрадан қорытынды аттестаттау тапсырмалары:
- 9-сынып. Емтихан есептері:

Бұл бейнематериалдар емтихан тапсырмаларының құрылымын түсінуге және есептерді шешу әдістерін меңгеруге көмектеседі.

2. Оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау

Оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) – білім беру ұйымдарындағы білім сапасын мемлекеттік бақылаудың бір түрі. ОЖСБ-ның мақсаты – білім беру жүйесінің тиімділігін бағалау және оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау.

ОЖСБ өткізу тәртібі:

1. Өткізу деңгейлері:

- Бастауыш мектепте – оқу жетістіктерін мониторингтеу мақсатында іріктеліп жүргізіледі.
- Негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында – оқу жетістіктерін сырттай бағалау міндетті түрде өткізіледі.

2. Бағалау пәндері:

- Негізгі орта білім беру деңгейінде – төрт пән бойынша: үш міндетті (оқыту тілі, математика, Қазақстан тарихы) және бір таңдау пәні.
- Жалпы орта білім беру деңгейінде – бес пән бойынша: төрт міндетті (оқыту тілі, математика, Қазақстан тарихы, шет тілі) және бір таңдау пәні.

3. Тестілеу форматы:

- Әр пән бойынша тест тапсырмаларының саны – 25.
- Тестілеу уақыты – 2 сағат 10 минут (130 минут).
- Тапсырмалар жабық түрдегі тест сұрақтарынан тұрады, яғни бірнеше жауап нұсқаларының ішінен дұрыс жауапты таңдау қажет.

4. Нәтижелерді пайдалану: ОЖСБ нәтижелері білім беру ұйымдарының жұмыс сапасын бағалау, оқу процесін жетілдіру және білім беру бағдарламаларын түзету үшін қолданылады.

Алайда, 2019 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ОЖСБ-ны қолданыстан алып тастау туралы шешім қабылдады. Министрдің мәлімдеуінше, бұрынғы ОЖСБ функционалдық сауаттылықты емес, тек пәндік білімді өлшеуге бағытталған болатын.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа әдістері мен құралдары енгізілуде, олардың ішінде критериалды бағалау жүйесі ерекше орын алады. Бұл жүйе оқушылардың білімін нақты критерийлер бойынша бағалауға мүмкіндік береді және оқу процесінің сапасын арттыруға бағытталған.

Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінде **жиынтық бағалау** маңызды рөл атқарады. Жиынтық бағалау оқушылардың белгілі бір оқу кезеңіндегі (тоқсан, триместр, оқу жылы) білімін қорытындылауға бағытталған және олардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтауға көмектеседі.

Жиынтық бағалаудың түрлері:

1. Ішкі жиынтық бағалау (ІЖБ): Бұл бағалау түрі оқу мекемесінің ішінде өткізіледі және мұғалімдер тарапынан жүзеге асырылады. ІЖБ оқу бағдарламасының белгілі бір бөлімін немесе тоқсанды аяқтаған кезде өткізіледі.

2. **Сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ):** Бұл бағалау түрі тәуелсіз ұйымдар немесе білім беру саласындағы уәкілетті органдар тарапынан өткізіледі. СЖБ оқушылардың білім сапасын ұлттық немесе халықаралық деңгейде салыстыруға мүмкіндік береді.

Сыртқы жиынтық бағалаудың мақсаты:

- Білім беру сапасын мониторингтеу және талдау;
- Оқушылардың білім деңгейін стандарттармен салыстыру;
- Білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Сыртқы жиынтық бағалаудың мысалдары:

• **Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ):** Қазақстанда мектеп түлектерінің білімін бағалау және жоғары оқу орындарына түсу үшін қолданылады.

• **TIMSS, PISA халықаралық зерттеулері:** Оқушылардың математика, жаратылыстану және оқу сауаттылығын халықаралық деңгейде салыстыруға бағытталған зерттеулер.

Сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру, оқу бағдарламаларын жетілдіру және оқыту әдістемелерін дамыту үшін маңызды ақпарат көзі болып табылады.

3. Ұлттық бірінғай тестілеу

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) — Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бірі. ҰБТ нәтижелері білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу және жоғары оқу орындарына ақылы негізде қабылдау үшін пайдаланылады.

ҰБТ-ның негізгі кезеңдері:

1. Тіркелу:

Талапкерлер ҰБТ-ға тіркелу үшін app.testcenter.kz сайтында немесе "ҰТО" мобильді қосымшасы арқылы өтініш береді. Тіркелу мерзімдері жыл сайын өзгеруі мүмкін, сондықтан ресми ақпарат көздерін қадағалау маңызды.

2. Тестілеу:

ҰБТ жылына бірнеше рет өткізіледі, оның ішінде негізгі және қосымша кезеңдер бар. Тестілеу уақыты мен форматы туралы ақпаратты [Ұлттық тестілеу орталығының](#) ресми парақшаларынан білуге болады.

3. Нәтижелер және апелляция:

Тестілеу нәтижелері жарияланғаннан кейін, талапкерлер өз нәтижелерімен келіспеген жағдайда, белгіленген мерзім ішінде апелляцияға өтініш бере алады. Апелляция тәртібі мен мерзімдері туралы ақпаратты Univision.kz сайтынан табуға болады.

ҰБТ-ға дайындық бойынша кеңестер:

• **Материалдарды жүйелеу:** Әр пән бойынша негізгі тақырыптарды қайталап, түсініксіз мәселелерді анықтаңыз.

• **Тәжірибелік тестілеу:** ҰБТ форматындағы сынақ тестілерін тапсырып, уақытты басқару дағдыларын дамытыңыз.

• **Демалыс пен тамақтану:** Дұрыс ұйқы режимі мен теңгерімді тамақтану ми қызметін жақсартады.

• **Психологиялық дайындық:** Стресті басқару техникаларын үйреніп, өзіңізге сенімділікті арттырыңыз.

ҰБТ-ға дайындық барысында білім алушы ресми ақпарат көздерінен жаңалықтарды қадағалап, өз уақытын тиімді жоспарлағаны дұрыс.

ҰБТ балдарын бағаға ауыстыру шкаласы

№ п/п	пән	ТАПСЫРМА САНЫ	2 (қанағаттанарлық ыз)	3 (қанағаттанарл ық)	4 (жақсы)	5 (өге жақсы)
1	МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ	20	0 – 9	10 – 13	14 – 16	17 – 20
2	ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ	20	0 – 9	10 – 13	14 – 16	17 – 20
3	ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	20	0 – 9	10 – 13	14 – 16	17 – 20
4	МАТЕМАТИКА	30	0 – 19	20 - 26	27 - 32	33 - 40
5	ФИЗИКА	30	0 – 19	20 - 26	27 - 32	33 - 40
6	ХИМИЯ	30	0 – 19	20 - 26	27 - 32	33 - 40
7	БИОЛОГИЯ	30	0 – 19	20 - 26	27 - 32	33 - 40
8	ГЕОГРАФИЯ	30	0 – 19	20 - 26	27 - 32	33 - 40
9	ТАРИХ	30	0 – 19	20 - 26	27 - 32	33 - 40
10	АДАМ. ҚОҒАМ. ҚҰҚЫҚ	30	0 – 19	20 - 26	27 - 32	33 - 40
11	ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ	30	0 – 19	20 - 26	27 - 32	33 - 40
12	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	30	0 – 19	20 - 26	27 - 32	33 - 40
13	ФРАНЦУЗ ТІЛІ	30	0-14	15-19	20-24	25-30
14	НЕМІС ТІЛІ	30	0-14	15-19	20-24	25-30

5 жауаптың 1 дұрыс болса - шектік 1 балл

8 жауаптың 1,2 немесе 3 дұрыс болса - шектік 2 балл

Ескерту. ҰБТ форматы: 5 пән (3 міндетті + 2 бейіндік).

Математикалық сауаттылық – 10 тапсырма, шекті балл – 3;

Оқу сауатталығы – 10 тапсырма, шекті балл – 3;

Қазақстан тарихы – 20 тапсырма, шекті балл – 5;

1 бейіндік пән – 40 тапсырма, 50 балл, шекті балл – 5;

2 бейіндік пән – 40 тапсырма, 50 балл, шекті балл – 5.